

Қоғам & Дәуір



Қазақстан Республикасы
Президенті жанындағы
Қазақстанның стратегиялық
зерттеулер институты

2004 жылдан бастап
әр тоқсан сайын жарық көреді

Бас редактор
Алмас Арзықұлов,
ҚР Президенті жанындағы
ҚСЗИ-дің жетекші
ғылыми қызметкері

Редакция мекенжайы:
Қазақстан Республикасы,
010000, Астана қаласы,
Бейбітшілік көшесі, 4
ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ

Телефон (7172) 75-20-20
Факс (7172) 75-20-21
E-mail: office@kisi.kz
www.kisi.kz
www.journal-kogam.kisi.kz

Журнал Қазақстан Республикасының
Мәдениет, ақпарат және қоғамдық
келісім министрлігінде 2003 ж.
19 желтоқсанда тіркеліп, тіркеу туралы
№ 4526-Ж куәлік берілген.

ISSN 2414-5696 (print)
ISSN 2788-5860 (online)

doi.org/10.52536/2788-5860

Индекс 74007

Журнал саяси ғылымдар саласы бойынша
ғылыми еңбектің негізгі нәтижелерін
жариялау үшін Қазақстан Республикасы Білім
және ғылым министрлігі білім және ғылым
саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті
ұсынатын ғылыми басылымдар тізбесіне енеді.

Қоғам &
Дәуір

ҒЫЛЫМИ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ

МАЗМҰНЫ

Риззат Тасым, Ардақ Қапышев, Анна Свиначук
Орталықсыздандыру кезіндегі этникалық инклюзивтілік
факторлары (Солтүстік Қазақстан облысының мысалында) 6

Аяулым Сағынбаева, Талғат Қалиев, Дана Әшімханова
Қазақстандағы ұлт құрылысы мен азаматтық бірегейлік
мәселелеріндегі көші-қон процестерінің рөлі 22

Саманта Нұрлан, Тенгеш Қаленова, Хасан Йазыджы
Қазақстан мен Қытай арасындағы жастардың трансұлттық
көші-қоны және оның саяси салдары 33

Қанат Еңсенев, Нұрбек Пусырманов, Асем Кульбаева
Жамбыл облысының өңірлік дамуы және шетелдермен
әріптестік байланыстары тарихы (1991-2021 жж.) 45

Елдос Жұмағұлов, Бибигуль Бюлегенова
Ауылдық аумақтардағы жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытуға
ықпал ететін факторлар 56

**Майра Дюсембекова, Нұрислам Исаев,
Салтанат Жалмағамбетова, Алма Касымова**
Қазақстандағы білім беру саласын цифрландыру жағдайына
саясаттанулық талдау 65

Еркін Тұқымов
Модернизациялық үдерістер мен құндылықтардың
өзгеруінің өзара әсер ету факторлары: шетелдік
және қазақстандық тәжірибесін талдау 76

**Айгерим Амирова, Бауржан Бокаев,
Жұлдыз Давлетбаева**
Мемлекеттік қызметтегі жобалық басқару: Еуразиялық одақ
елдерінің тәжірибесі 92

**Шолпан Жаманбалаева, Шырын Тленчиева,
Айжан Молдағалиева**
Қазақстандағы жасөспірімдер арасындағы
субъективті әл-ауқат және интернетке деген көзқарас 102

Меруерт Түлебаева
Ауыл жастарын бейімдеу мен интеграциялауда білім,
саясат, әскер және діннің маңызы 115

СОДЕРЖАНИЕ

Риззат Тасым, Ардақ Капышев, Анна Свиначук
Факторы этнической инклюзивности при децентрализации
(на примере Северо-Казахстанской области) 6

Аяулым Сағынбаева, Талғат Қалиев, Дана Ашимханова
Роль миграционных процессов в вопросах нациестроительства
и гражданской идентичности в Казахстане 22

Саманта Нурлан, Тенгеш Каленова, Хасан Йазыджы
Транснациональная миграция молодежи между Казахстаном
и Китаем и ее политические последствия 33

Қанат Енсенев, Нұрбек Пусырманов, Асем Кульбаева
История регионального развития Жамбылской области
и сотрудничества с зарубежными странами (1991-2021 гг.) 45

Елдос Жумағұлов, Бибигуль Бюлегенова
Факторы влияющие на развитие местного самоуправления
в сельской местности. 56

Қоғам &
Дәуір

ҒЫЛЫМИ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ

Қоғам & Дәуір



Қазақстан Республикасы
Президенті жанындағы
Қазақстанның стратегиялық
зерттеулер институты

**Майра Дюсембекова, Нурислам Исаев,
Салтанат Жалмағамбетова, Алма Касымова**
Политический анализ цифровизации образования в Казахстане . . . 65

Еркин Түкумов
Факторы взаимовлияния модернизационных процессов и трансформации ценностей: анализ зарубежного опыта и Казахстана 76

Айгерим Амирова, Бауржан Бокаев, Жұлдыз Давлетбаева
Проектное управление в государственной службе: опыт стран Евразийского союза 92

**Шолпан Джаманбалаева, Шырын Тленчиева,
Айжан Молдағалиева**
Қазақстандағы жасөспірімдер арасындағы субъективті әл-ауқат және интернетке деген көзқарас 102

Меруерт Түлебаева
Значение образования, политики, армии и религии в адаптации и интеграции сельской молодежи 115

CONTENTS

Rizzat Tasym, Ardak Kapyshev, Anna Svinarchuk
Factors of Ethnic Inclusivity in Decentralization
(On the Example of the North-Kazakhstan Region) 6

Ayaulym Sagynbaeva, Talgat Kaliev, Dana Ashimkhanova
The Role of Migration Processes in Issues of Nation-building and Civic Identity in Kazakhstan 22

Samanta Nurlan, Tengesh Kalenova, Hasan Yazici
Transnational Migration of Youth Between Kazakhstan and China and its Political Consequences 33

Kanat Yensenov, Nurbek Pussyrmanov, Asem Kulbayeva
The History of Regional Development of Zhambyl Region and Collaboration with Foreign Countries (1991-2021). 45

Eldos Zhumagulov, Bibigul Byulegenova
Factors Influencing the Development of Local Self-government in Rural Areas. 56

**Maira Dyussebekova, Nurislam Issaev,
Saltanat Zhalmagambetova, Alma Kassymova**
Political Analysis of Digitalization of Education in Kazakhstan 65

Yerkin Tukumov
Factors of Mutual Influence of Modernization Processes and Transformation of Values: Analysis of Foreign Experience and Kazakhstan 76

Aigerim Amirova, Baurzhan Bokayev, Zhuldyz Davletbayeva
Project Management in Civil Service: Experiences from Eurasian Union Countries 192

**Sholpan Jamanbalayeva, Shyrin Tlenchiyeva,
Aizhan Moldagaliyeva**
Subjective Well-being and Attitude Towards the Internet of Adolescents in Kazakhstan 102

Meruyert Tulebayeva
Importance of Education, Politics, Military and Religion in Education and Integration of Rural Youth 115

Редакциялық кеңес

- Ерлан ҚАРИН** – редакция алқасының төрағасы, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісі, саяси ғылымдарының кандидаты
- Уямо ТОМОХИКО** – Хоккайдо университеті жанындағы Славян зерттеулер орталығының профессоры (Жапония), Ph.D
- Уильям ФИЕРМАН** – Индиана университетінің профессоры (АҚШ), Ph.D
- Сон ЮНХУН** – Ханкук университетінің профессоры (Оңтүстік Корея), Ph.D
- Нұрлан СЕЙДІН** – ҚР БҒМ ҒК «Ғылым ордасы» РМК бас директорының ғылыми жұмыстар және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі орынбасары, тарих ғылымдарының кандидаты
- Ғани ҚАРАСАЕВ** – ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының бөлім басшысы – бас ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының докторы
- Ботагөз РАҚЫШЕВА** – «Қоғамдық пікір» зерттеу институтының директоры, әлеуметтану ғылымдарының кандидаты
- Айгүл САДУАҚАСОВА** – Қолданбалы этносаяси зерттеулер институты директорының орынбасары, әлеуметтану ғылымдарының докторы

Редакциялық ұжым

- Алмас АРЗЫҚҰЛОВ** – Бас редактор, ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының жетекші ғылыми қызметкері, тарих магистр
- Алуа ЖОЛДЫБАЛИНА** – ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты директорының орынбасары, Ph.D
- Салтанат ЕРМАХАНОВА** – Қоғамдық пікірді зерттеу бөлімінің басшысы, әлеуметтанулар ғылымының кандидаты
- Айдар ҚҰРМАШЕВ** – Азиялық зерттеулер бөлімінің басшысы, «Халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша Ph.D
- Жанар САНХАЕВА** – Саяси зерттеулер бөлімінің басшысы, саясаттану ғылымдарының магистрі

Редакционный совет

- Ерлан КАРИН** – Председатель Редакционного совета, Государственный советник Республики Казахстан, кандидат политических наук
- Уямо ТОМОХИКО** – Профессор Центра славянских исследований Университета Хоккайдо, Ph.D (Япония)
- Уильям ФИЕРМАН** – Профессор университета Индиана, Ph.D (США)
- Сон ЮНХУН** – Профессор Ханкукского университета, Ph.D (Южная Корея)
- Нурлан СЕЙДИН** – Заместитель генерального директора по научным инновациям и международным связям РГП «Ғылым ордасы» КН МОН РК, кандидат исторических наук
- Гани КАРАСАЕВ** – Главный научный сотрудник–начальник отдела Института истории государства КН МОН РК, доктор исторических наук
- Ботагоз РАКИШЕВА** – Директор Исследовательского института «Общественное мнение», кандидат социологических наук
- Айгуль САДВОКАСОВА** – Заместитель директора ТОО «Институт прикладных этнополитических исследований», доктор социологических наук

Редакционная коллегия

- Алмас АРЗИКУЛОВ** – Шеф-редактор, заместитель руководителя отдела медиапроектов Казахстанского института стратегических исследований при Президенте Республики Казахстан
- Алуа ЖОЛДЫБАЛИНА** – Заместитель директора Казахстанского института стратегических исследований при Президенте РК, Ph.D
- Салтанат ЕРМАХАНОВА** – Руководитель Отдела мониторинга общественного мнения, кандидат социологических наук
- Айдар КУРМАШЕВ** – Руководитель Отдела азиатских исследований, PhD по специальности «Международные отношения»
- Жанар САНХАЕВА** – Руководитель Отдела политических исследований, магистр социальных наук по специальности «политология»

The Editorial board

- Yerlan KARIN** – Chairman of Editorial Board, The State Counsellor of the Republic of Kazakhstan, Candidate of Political Sciences
- Uyamo TOMOHIKO** – Slavic-Eurasian Research Center, University of Hokkaido (Japan), PhD, Professor
- William FIERMAN** – Department of Central Eurasian Studies, Indiana University Bloomington (USA), Ph.D. Professor
- Song YONGHONG** – Professor at the University of Hankuk, Ph.D (South Korea)
- Nurlan SEYDIN** – Deputy General Director for Scientific Innovation and International Relations of RSE "Gylym Ordasy" CS MES RK, Candidate of Historical Sciences
- Gani KARASSAEV** – Chief Researcher - Head of the Department of the Institute of State History of the KN of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan, Doctor of Historical Sciences
- Botagoz RAKISHEVA** – Director of "Public opinion" Research Institute, Candidate of Sociology
- Aygul SADVOKASSOVA** – Deputy Director of LLP "Institute of Applied Ethnopolitical Research", Doctor of Sociology

Editorial team

- Almas ARZIKULOV** – Chief Editor, Deputy head of the Deputy Head of Media Projects Department, Master of History
- Alua ZHOLDYBALINA** – Deputy Director, Doctor of Philosophy (Ph.D) in «Political science»
- Saltanat ERMAKHANOVA** – Head of the Public Opinion Monitoring Department, Candidate of Sociological Sciences
- Aidar KURMASHEV** – Head of the Department of Asian Studies, PhD in International Relations
- Zhanar SANKHAEVA** – Head of the Department of Political Studies, Master of Social Sciences, Master of political science

Риззат Тасым¹, Ардақ Қапышев², Анна Свиначук³

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
Саясаттану кафедрасының докторанты
(Астана, Қазақстан)
e-mail: rizz_e@mail.ru

²Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің проректоры,
тарих ғылымдарының кандидаты
(Көкшетау, Қазақстан)
e-mail: ardak.kapyshev@mail.ru

³Абай Мырзахметова атындағы Көкшетау
университетінің аға оқытушысы,
педагогика ғылымдарының магистрі
(Көкшетау, Қазақстан)
e-mail: anna.svinarchuk.78@mail.ru

ОРТАЛЫҚСЫЗДАНДЫРУ КЕЗІНДЕГІ ЭТНИКАЛЫҚ ИНКЛЮЗИВТІЛІК ФАКТОРЛАРЫ (СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ МЫСАЛЫНДА)

Аңдатпа. Бұл мақала Солтүстік Қазақстан облысында жүргізілген әлеуметтанулық зерттеу нәтижесі бойынша аймақтағы этносаралық қатынастардың дамуына әсер етуші негізгі факторларды анықтау мақсатында жазылды. Зерттеудің ерекшелігі – этносаралық қатынастардың орталықсыздандыру процесінің призмасы арқылы қарастырылуы. Бүгінгі таңда назар аударатын мәселе басқа елдерде дамыған орталықсыздандыру модельдерін қарапайым көшіруді көздейтін және қоғамда қалыптасқан құндылықтар мен мәдени-тарихи ерекшеліктерді ескермейтін технократизм идеологиясы болуы мүмкін. Осыған байланысты орталықсыздандыру процесінің күшеюінен этникалық инклюзивтілік факторларының ескерілуі маңызды.

Түйін сөздер: Солтүстік Қазақстан, этносаралық процестер, өңірлік саясат, орталықсыздандыру, өңірлік басқару, этникалық инклюзивтілік.

Риззат Тасым, Ардақ Қапышев, Анна Свиначук ФАКТОРЫ ЭТНИЧЕСКОЙ ИНКЛЮЗИВНОСТИ ПРИ ДЕЦЕНТРАЛИЗАЦИИ (НА ПРИМЕРЕ СЕВЕРО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ)

Аннотация. Данная статья написана по результатам проведенного социологического исследования в Северо-Казахстанской области с целью выявления основных факторов и определения их влияния на развитие межэтнических отношений в регионе. Особенность исследования заключается в рассмотрении межэтнических отношений через призму

децентрализации. На сегодняшний момент наибольшую проблему может составлять идеология технократизма, предполагающая простое копирование моделей децентрализации, выработанных в других странах и пренебрегающая сложившимися в обществе ценностями и культурно-историческими особенностями. Исходя из этого при усилении процесса децентрализации факторы этнической инклюзивности преобретают первостепенное значение.

Ключевые слова: *Северный Казахстан, межэтнические процессы, региональная политика, децентрализация, региональное управление, этническая инклюзивность.*

Rizzat Tasym, Ardak Kapyshev, Anna Svinarchuk
FACTORS OF ETHNIC INCLUSIVITY IN DECENTRALIZATION
(ON THE EXAMPLE OF THE NORTH-KAZAKHSTAN REGION)

Abstract. This article is based on the results of a sociological study conducted in the North Kazakhstan region in order to identify the main factors and determine their impact on the development of interethnic relations in the region. The peculiarity of the study is to consider interethnic relations through the prism of decentralization. At the moment, the greatest problem may be the ideology of technocratism, which involves simply copying the models of decentralization developed in other countries and neglecting the values and cultural and historical features that have developed in society. Based on this, with the strengthening of the decentralization process, the factors of ethnic inclusivity become of paramount importance.

Key words: *Northern Kazakhstan, interethnic processes, regional policy, decentralization, regional management, ethnic inclusiveness/inclusivity.*

Кіріспе

Әртүрлі кезеңдерде ішкі кеңістіктің бірігуін қамтамасыз ету мәселесіне барлық мемлекеттер тап болады. Мемлекет басшысы Қ. Тоқаевтың жүргізіп жатқан саяси реформалары Қазақстанда саяси және әкімшілік орталықсыздандыру моделін таңдау мәселесін қайта жандандырды [1].

Қазақстан экономикалық өзгерістермен қатар орталықсыздандыру процестеріне қатысты аумақтық-әкімшілік және саяси құрылымның трансформациясы кезеңіне аяқ басты [2].

Осы орайда, ең алдымен «орталықсыздандыру» ұғымының анықтамасын түсіндірудің кең спектрі бар екенін атап өту қажет. Егер оңтайландыру үшін біз орталықсыздандыру ұғымын қарастырудың әртүрлі тәсілдерін пайдаланып, оны негізгі екі шартты үлгіге дейін қысқартсақ, саяси орталықсыздандыру мен әкімшілік орталықсыздандыруды ажыратып аламыз. Сәйкесінше, біріншісі аймақтық билік саясаттың кез келген саласында (*этносаралық, тілдік, әлеуметтік-экономикалық және т.с.с.*) жеке-дара билікке ие және орталықтың еркіне қарамастан аймақта қалыптасады (*мысалы, сайлау қорытындысы немесе аймақтық*

элиталардың күресі негізінде). Екіншісі экономикалық саясатты аймақтық билік органдары жүзеге асырады (және елдің өзге аймақтары үшін түрленуі мүмкін), бірақ шешімді орталық шығарады [3].

Орталықсыздандыру азшылық топтарға саяси шеңберде өз құқықтары мен мүдделерін қорғауға мүмкіндік беретін этникалық әртүрлілікті есепке алу механизмі ретінде қызмет етеді [4]. Алайда, орталықсыздандыру мен этникалық саясат арасындағы байланыс өте күрделі, яғни орталықсыздандыру міндетті түрде этникалық алауыздықты күшейтеді деген сөз емес, керісінше ол этникалық әртүрлілік жағдайында ең өміршен нұсқа болуы мүмкін [5].

Оған қоса, азаматтардың орталықсыздандыруға деген көзқарасы этникалық ерекшеліктеріне байланысты айтарлықтай өзгермелі [6], әртекті топтар көбіне орталықсыздандыру туралы риторикаға жоғары сезімталдық танытып, жергілікті контекстіні ескерудің маңыздылығын арттыруда. Әрине, орталықсыздандырудың этникалық топтардың құқығы мен мүмкіндіктерін кеңейте алатынына қарамастан, оның тиімділігі билікті бөлу мен саяси ерік-жігерге байланысты.

Бүгінде әлеуметтік шиеліністердің артуына байланысты орталықсыздандырудың күшеюіне көбіне көпұлтты федерациялар тап болуда, өйткені субұлттық қауымдастықтар өзін-өзі басқаруға ұмтылып, аймақтық басқаруға қатысты саясатты өзгертуде [7].

Ал, біртұтас мемлекеттердегі мемлекет құру мәселесі тұрғысынан орталық пен аймақтар арасында өкілеттіктерді қайта бөлу жайлы, басқаруды ұйымдастыру элементтері арасындағы байланысты нығайту мен аймақтық және жергілікті өзін-өзі басқару рөлінің артуы туралы айтуға болады [8]. Орталықсыздандырудың тиімді моделін таңдау мәселесі, ең алдымен, орталықсыздандырудың қандай да бір түрінің мүмкіндіктерін терең бағалаумен байланысты болуы керек және ол мемлекеттің этноәлеуметтік жағдайының әралуандылығына сәйкес келуі тиіс [9].

Осыған байланысты мақала аясында орталықсыздандырудың әртүрлі модификацияларын ілгерілету кезінде ескерілуі қажет этникалық инклюзивтілік факторларын айқындау міндеті қойылады.

Шетелдік зерттеулерде көпұлтты мемлекеттердегі этникалық фактор ұлт пен этностардың ұлттық жаңғырудың дербес конфигурациясы ретінде ғана емес [10], сонымен қатар титулды ұлттың этникалық азшылықтарға патерналистік көзқарасын орнатуға ықпал ететін фактор ретінде қарастырылады [11]. Бұл тұрғыда этносаралық өзара қатынастың қазақстандық моделі - қазақстандық бірегейлікті қалыптастырушы және жалпыұлттық патриотизм үшін негіз болып отырған әлеуметтік-экономикалық тұрақтылық пен этносаралық келісімді білдіреді [12].

«Этносаяси сөздікке» сәйкес қазақстандық этносаясат, қоғамдық келісім мен этносаралық толеранттылық тәжірибесінің терминдері мен ұғымында этносаралық қатынастар ретінде, этностардың өзара қарым-қатынастары барысында, сондай-ақ көпэтносты мемлекет ішінде, этностар өкілдерінің арасында, жеке адамдық деңгейде қалыптасатын қоғамдық (әлеуметтік) қатынастар болып саналады [13].

Бұл анықтама қазақ қоғамындағы этносаралық қатынастар мәселесінің бүгінгі жағдайын зерделеуді өзектендіреді және қазіргі геосаяси жағдаймен тығыз байланысын көрсетеді. Этносаясатқа қатысты зерттеулердің кең ауқымы соның айғағы [14], [15], әсіресе тікелей Солтүстік Қазақстандағы аймақтық ерекшеліктерді назарға алған еңбектер ерекше маңызға ие [16], [17], [18].

Осы әлеуметтік зерттеудің географиясы Солтүстік Қазақстан облысын қамтыды. Этносаралық қатынастарды егжей-тегжейлі қарастыру үшін алдымен олардың қалыптасуы мен дамуын анықтайтын факторларды зерттеу қажет. Жаппай сауалнама барысында мынадай міндеттер шешілді: 1) бірегейлік, патриотизм, толеранттылық және жанжалға бейілділік көрсеткіштері талданды; 2) этносаралық қатынастар мен этносаясаттың жай-күйі бағаланды; 3) этникалық қатынастардың құқықтық аспектісі және көші-қон жағдайы зерделенді; 4) этномәдени бірлестіктердің танымалдылық деңгейі анықталды; 5) тіл мәселесі мен этносаралық саладағы ақпараттық өріс жағдайы қаралды; 6) этносаралық қатынастардың әл-ауқаты, нығайту және әлсіреу факторлары анықталды.

Солтүстік Қазақстан облысында этносаралық қатынастардың басты факторларын зерттеу ғылыми негізделген этносаралық мемлекеттік саясатты жүргізуге қатысты қоғамдық келісімді нығайтуға бағытталған, зерттелетін аймақтың көпэтносты келбетінің ерекшеліктерін анықтау қажеттілігінен туындады.

Зерттеу әдістемесі

Солтүстік Қазақстан облысындағы этносаралық қатынастардың негізгі факторларын саралау әлеуметтанулық зерттеу - сауалнама арқылы жүргізілді.

Эмпирикалық деректерді жинау әдісі. Зерттеудің мақсаты мен міндетіне сәйкес респонденттердің тұрғылықты жеріне қатысты іріктемелі жиынтық бойынша Солтүстік Қазақстан облысының тұрғындарынан face-to-face әдісі арқылы формалды сұхбат алынды.

Зерттеудің іріктемесі – репрезентативті. Солтүстік Қазақстан облысындағы іріктемелі жиынтықтың көлемі 800 респондентті құрады. Респонденттер жынысы, жасы, этникалық белгісі және тұрғылықты жері бойынша бөлінді. Жалпы массив бойынша статистикалық қателік $\pm 5\%$.

Әлеуметтік зерттеуді жүргізу кезеңі: 2023 жылдың наурыз-қазан айлары.

Зерттеу нәтижелері және талқылау

Этносаралық қатынастардың негізгі факторлары: респонденттердің пікірлері

Бұл зерттеуді әзірлеу барысында авторлар этносаралық қатынастарда шешуші рөл атқаратын бірқатар факторларды анықтады. Олар – этникалық бірегейлік пен патриотизм, толеранттылық, этносаралық қатынастар мен этносаясаттың жай-күйі, жанжалға бейілділік деңгейі, этникалық қатынастардың құқықтық аспектісі, этномәдени бірлестіктер, тіл мәселесі, этносаралық саланың ақпараттық өрісінің жай-күйі және көші-қон жағдайы

[19]. Жоғарыда айтылғандай, осы факторларды орталықсыздандыру үрдісімен ұштастыра қарастыру маңызды. Респонденттердің негізгі факторлардың рөлі мен маңызы туралы пікірі - ашық, жабық және жартылай жабық сұрақтарға жауаптар түрінде беріледі.

1-кесте. Солтүстік Қазақстан облысы бойынша квоталық іріктеме (іріктемені қалыптастыру критерийлері: аймағы, жынысы, этносы, жас ерекшелігі)

Қала/аудан	аймақ		жынысы		этносы							жас ерекшелігі		
	% тұрғындар	респонденттердің саны	ер	әйел	қазақтар	орыстар	украиндар	немістер	поляктар	тағарлар	басқалары	18 жастан 35 жасқа дейін	36 жастан 60 жасқа дейін	61 және одан жоғары
Петропавл	41	326	147	179	102	190	7	6	2	10	10	96	145	85
Айыртау	7	52	26	26	21	24	2	2	1	1	1	15	22	15
Ақжар	3	22	11	11	14	3	1	1	1	1	1	7	9	6
М. Жұмабаев	5	42	21	21	12	23	2	2	1	1	1	14	18	10
Есіл	4	31	15	16	11	15	1	1	1	1	1	10	12	9
Жамбыл	3	26	13	13	11	10	1	1	1	1	1	8	12	6
Қызылжар	8	66	33	33	21	37	2	2	1	1	2	22	27	17
Мамлют	3	25	13	12	6	14	1	1	1	1	1	8	10	7
Шал ақын	3	26	13	13	10	10	1	1	1	1	2	8	13	5
Аққайың	3	27	13	14	9	11	2	2	1	1	1	8	12	7
Тайынша	8	61	30	31	17	15	7	6	12	1	3	16	30	15
Тимирязев	2	15	8	7	5	5	1	1	1	1	1	5	7	3
Уәлиханов	3	23	12	11	20	1	-	-	-	-	2	9	9	5
Ғ. Мүсірепов	7	58	28	30	19	25	5	3	1	1	4	19	24	15
Барлығы	100	800	383	417	277	383	33	29	25	22	31	245	350	205
Жалпы			800		800							800		

Сондай-ақ, сауалнама барысында респонденттерге этносаралық қатынастардың әл-ауқаты, нығаю және әлсіреу факторларын дербес анықтау ұсынылды. Далалық жұмыстар барысында алынған нәтижелер төменде эмпирикалық мәліметтерді сипаттау және талдау түрінде берілген, соның негізінде қорытындылар мен ұсыныстар жасалады.

Бірегейлік

Этносаралық қатынастардың факторы ретінде бірегейлік анықтаушы рөлге ие, мұнда жеке тұлға өзінің этникалық ерекшелігін этникалық белгілері бойынша белгілі бір топқа қосылу ретінде көрсетеді. Өзін-өзі анықтау кезінде жеке тұлғаның рөлдік-статустық жиынтығында бір немесе бірнеше негізгі сипаттамалар басым болуы мүмкін. Тұлғаны бір этностың топтастырушы белгілері арқылы біріктіру мәселесінде көпэтносты қазақ қоғамында пайда болатын эмоционалдық фонның да маңызы бар.

Осыған байланысты, бірегейлікті этносаралық қатынастардың факторы ретінде қарастыра отырып, респонденттерге өздерінің этникалық ерекшеліктерін көрсету үшін ашық сұрақ ұсынылды. Жартылай жабық сұрақтарда респондент өзінің этникалық тобына жататын жеке басының белгілері мен сипаттамаларын біріктіре отырып, өз рөлдерінің ішіндегі басымдылықты анықтады. Жабық сұрақта Солтүстік Қазақстан облысының респонденттері көпэтносты қоғамға қатыстылықтың эмоционалдық бейімділігі мен өзін-өзі бағалаудың деңгейін таңдады.

Жеке тұлғаның статустық-рөлдік жиынтығындағы басым бір немесе бірнеше негізгі белгілерді анықтау кезінде мынадай мәліметтер алынды: сауалнамаға қатысқандардың 55,8%-ы, ең алдымен, өздерін Қазақстанның біртұтас халқының өкілі, қазақстандықпын деп, 27,9%-ы – өз қаласының, ауданның, ауылдың тұрғыны, 12,8% - өз ұлтының өкілі ретінде санайды. Респонденттердің 1,6%-ы «басқасы» («Қазақстанның титулды ұлтының өкілі», «ҚР азаматы», «әлем азаматы», «адам», «мен нағыз патриотпын», «әлем адамы», «барлық қазақтар бір») деп көрсетсе, 1,8%-ы жауап беруге қиналған.

2-кесте. Сіз бірінші кезекте өзіңізді кіммін деп санайсыз?

Жауап нұсқасы	Пайыз
Жауап бермегендер	0,3%
Қазақстандық, біртұтас Қазақстан халқының өкілі	55,8%
Өз этносының өкілі	12,8%
Өз қаласының, ауданының, ауылының тұрғыны	27,9%
Басқасы	1,6%
Жауап беруге қиналғандар	1,8%
Барлығы	100,0%

1-кестеде ұсынылған «Жас ерекшелігі» мен 2-кестедегі «Сіз бірінші кезекте өзіңізді кіммін деп санайсыз?» айнымалысын түйіндестіргенде жас респонденттер (64,1%) 36-60 жас (54,4%) пен 61 жастан асқан (46,5%) жас топтағыларға қарағанда, өздерін «Қазақстандық, біртұтас Қазақстан халқының өкілі» деп көбірек есептейді. Ал егде жастағы топтардың респонденттері жас ұрпаққа қарағанда өздерін көбінесе өз қаласының, ауданының, ауылының тұрғыны ретінде сәйкестендіретінін аңғаруға болады.

Сауалнамаға қатысқан Солтүстік Қазақстан облысының тұрғындарының пікірі бойынша бірегейлік көрсеткіштерін талдау дәстүрлі емес сәйкестендіру белгілерімен қатар, 20 этникалық топ өкілдерінің кең ауқымымен ұсынылған. Олардың басым көпшілігі (55,8%) өздерін «Қазақстандық, біртұтас Қазақстан халқының өкілі» ретінде сәйкестендіреді.

Респонденттердің басым көпшілігі этникалық бірігу сипаты ретінде этникалық мәдениетті, дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды (49,7%), сондай-ақ этнос өкілдігінің барынша маңыздылығы (30,6%) өз елі мен халқын құрметтеу деп көрсетті. Біртұтас Қазақстан халқына деген жанашырлық пен мақтаныш сезімін анықтауда мажоритарлық көрсеткіш (71,9%) оң ұстанымды көрсетеді.

Патриотизм

Көпэтносты қоғамдағы патриотизм – этносаралық қатынастардың маңызды факторы. Азаматтардың өз еліне деген патриоттық сезімін және олар үшін отансүйгіштіктің не екенін білдіретін көрсеткіштер мемлекеттік этносаясат позициясынан оң ұстанымды қалыптастыруға ықпал ете алады.

Респонденттердің ең аз саны (3,1%) патриот емес екенін айтса, басым бөлігі (89,0%) өздерін елдің патриоты деп таниды. Зерттеуге қатысқандардың 6,5%-ы үшін өздерін патриот ретінде тану қиынға соқса, 1,4%-ы «Сіз өзіңізді еліңіздің патриотымын деп санайсыз ба?» деген сұраққа жауап бермеген.

«Патриотизмнің көрсеткіші неде?» деген жартылай жабық сұраққа жауап берген Солтүстік Қазақстан облысының зерттеуге қатысушы тұрғындарының пікірлері келесідей статистикалық мәндерді көрсетті: «Өз отанының игілігі үшін еңбек етіп, одан әрі дамыту» жауап нұсқасын респонденттердің 23,9%-ы, «Өз елінің лайықты болашақ ұрпағын тәрбиелеу» – 23,5%, «Өз елінің тарихын, салт-дәстүрлері мен мәдениетін білу» – 18,9%, «Өз еліңе қызмет ету» – 19,2%, «Өз отаныңның мемлекеттік рәміздерін қастерлеу» – 10,0%-ы таңдаған. Басқасы 0,7% «Жоғарыда айтылғандардың бәрі», «Менің тарихи тамырым осында», «Туған жерге, халыққа деген сүйіспеншілік пен құрмет» деген жауаптарды қамтыды. Сауалнамаға 0,6%-ы жауап бермесе, 3,2%-ы жауап беруге қиналған.

Жалпы, респонденттер арасындағы патриотизм деңгейі өте жоғары, сауалнамаға қатысқандардың басым бөлігі (89,0%) өздерін патриотпыз деп есептейді. Оған қоса, бұл көрсеткіш барлық категорияларда шамамен біркелкі дәрежені ерлер де (89,9%), әйелдер де (88,2%), жастар да (90,8%), орта жас өкілдері де (86,7%), қарттар да (90,8%) құрайды. Патриотизм көрсеткіштерінің ішінде отан игілігі үшін еңбек етіп, одан әрі дамыту (23,9%) аз ғана айырмашылықпен көш бастап тұр, ал өз елінің лайықты болашақ ұрпағын тәрбиелеу (23,5%) жоғарыда айтылғандармен сәйкес.

Толеранттылық

Толеранттылық мәдени плюрализм қағидасы ретінде әрекет етеді және этносаралық қатынастардың қалыптасуы мен дамуында маңызды орын алады. Адамның этникалық ерекшелігіне назар аудару, әртүрлі этникалық топ өкілдерімен қарым-қатынас жасау және этносаралық некелерге

қатысты көзқарас, әралуан ұлттардың дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарына деген қызығушылық деңгейі қоғамдық пікірде этносаралық толеранттылық деңгейін сипаттайды.

Сауалнамаға қатысқандар арасында толеранттылық көрсеткіштері мынадай ең жоғары мәндерді көрсетті: респонденттердің басым бөлігі (60,4%) этникалық тиістілікке мән бермейді және Қазақстанда тұратын басқа этностардың өкілдеріне (78,4%) оң көзқараспен қарайды. Сауалнамаға жауап берушілердің көпшілігі әралуан ұлттардың дәстүрлері мен әдет - ғұрыптарына әр түрлі дәрежеде қызығушылық танытады (52,3%) және этносаралық некеге біржақты оң көзқараста (52,9%) екен.

Этносаралық қатынастар мен этносаясаттың жай-күйін бағалау

Респонденттердің пікірінше, этносаралық қатынастар - дамудың оң және теріс күйлерін айқын сипаттайтын әлеуметтік құбылыс. Сауалнамаға қатысушылардың тұрғылықты жерінде немесе мемлекетте орын алған ұлтаралық қатынастардың қаншалықты шешілгені немесе шиеленіскені, қандай бағытта өзгергенінің барлығы аймақтағы жағдайдың маңызды көрсеткіштері болады. Респонденттер Қазақстандағы этносаралық қатынастар саласының мемлекеттік саясатты бағалауы оның жетістіктерінің де, этносаясаттағы ықтимал әлсіз буындардың да көрсеткіші деп біледі.

Сауалнама қатысушыларының қала, аудан, ауылдағы этносаралық қатынастарды бағалауы дала жұмыстары кезінде алынған келесі эмпирикалық деректермен берілген.

3-кесте. Қалаңыздағы, ауданыңыздағы, ауылыңыздағы этностар арасындағы қатынасты қалай бағалайсыз?

Жауап нұсқасы	Пайыз
Жауап бермегендер	0,3%
Қарым-қатынас қалыпты, тыныш	86,8%
Шиеленіс сезіледі	7,2%
Қақтығыстар орын алады	3,9%
Жауап беруге қиналғандар	1,9%
Барлығы	100,0%
Барлығы	100,0%

Респонденттердің айтарлықтай бөлігі – 86,8%-ы тұрғылықты жеріндегі ұлтаралық қатынастарды қалыпты, тыныш деп бағаласа, 7,2%-ы шиеленісті сезетінін, 3,9%-ы қақтығыстардың орын алатынын атап өтті.

Этносаралық қатынастардың өзгеру тенденциясы «Сіздің ойыңызша, соңғы жылда қалаңызда, ауданыңызда, ауылыңызда түрлі этнос өкілдері арасындағы қарым-қатынас өзгерді ме?» деген сұрақ арқылы анықталды. Нәтижесінде, респонденттердің 24,8%-ы қарым-қатынас жақсарды деп

есептесе, 64,8%-ы өзгеріссіз қалды деген ойда, ал 5,5%-ы нашарлады десе, 4,6%-ы жауап беруге қиналған. Зерттеуге қатысқандардың 0,4%-ы бұл сұраққа жауап беруден бас тартқан.

Қазақстандағы этносаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясатты бағалау респонденттер пікірінің эмпирикалық деректер жиынтығымен ұсынылады. Сауалнамаға қатысқандардың 48,5%-ы саясат дұрыс, барлық этностар мен олардың арасындағы достық қарым-қатынас сақталып отыр деп есептесе, 23,4%-ы саясат дұрыс, бірақ толық көлемде орындалмауда деп бағалаған. Статистикалық тұрғыдан алғанда респонденттердің 5,3%-ы саясат тек белгілі бір этностарды қолдауға бағытталғанын, ал 5,3%-ы жүргізіліп жатқан саясат дұрыс емес және этносаралық қатынастардың шиеленісуіне әкеліп соғатынын айтса, 16,3%-ы бағалауға қиналды. Сауалнамаға қатысқандардың 0,8%-ы «басқасы» бағанында өздерінің жауап нұсқаларын көрсетіп, *«маған ешқандай айырмашылық жоқ», «саясат формалды, жанды емес, КСРО мұрасы ретінде тұрақталып қалды», «білмеймін»* деген екі ұшты пікірлер ұсынса, респонденттердің 0,6%-ы жауап бермеді.

Солтүстік Қазақстан облысы тұрғындарының көпшілігі (45,9%) этносаралық қатынастар мен этносаясаттың жай-күйін жағымды, ал тұрғылықты жері бойынша этносаралық қатынастарды қалыпты, тыныш (86,8%) деп бағалап, этносаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясатқа оң баға беріп отыр. Осы тұста, облыстың кейбір аудандары бойынша көрсеткіш ерекшеліктері бар екенін ескеру қажет. Сондықтан алдағы уақытта этносаралық қатынастардың аса жақсы көрсеткіштері анықталған аудандардың (*Аққайың, Уәлиханов, Ақжар және Тимирязев*) тәжірибесі терең қарастырылуы тиіс.

Жанжалға бейілділік

Зерттеу процесінде белгілі бір жағдайларда қақтығысқа әкелетін этносаралық шиеленістің себептері, болжалды әрекеттер және оның ықтимал көздері этносаралық шиеленістердің жиынтығы ретінде қарастырылды.

Респонденттердің 13,3%-ы *«жаңадан келгендердің жергілікті қауымдастықтармен біте қайнаруды қаламайтынын»*, 14,5%-ы *«экономикалық жағдайдың нашарлауын»*, 23,1%-ы *«белгілі бір күштердің этностар арасындағы араздықты қоздыратынын»* атап өтті. 31,0%-ы *«Біздің қалада, ауданда, ауылда этносаралық шиеленістің болуы мүмкін емес»* десе, *«басқа»* жауап нұсқасын 1,9% респондент тандап, *«Аға буын бар кезде алауыздық болмайды», «тіл мен тарихты білмеу», «мұндай себеп жоқ»* деп жазды. Ал 15,5% респондентке жауап беру қиын болса, қалған 0,6% жауап беруден бас тартты.

Респонденттердің тұрғылықты жерінде этносаралық қақтығыстың болу мүмкіндігінің бірқатар себептері ашық сұрақ арқылы анықталды. Нәтижелер келесі көрсеткіштерге жіктелді: респонденттердің 88,7%-ы мұндай себептерді атай алмаған, ал 1,3%-ы мұндай себептің бар екенін жоққа шығарды (*«Біздің ауылда ұлттар арасында қақтығыс болуы мүмкін емес. Болмайды да!!!» «Бәрі жақсы», «Қақтығыс туындамайды», «Ол*

мүмкін емес», «Ешқандай себеп жоқ», «Шиеленіс болған емес»). Сыртқы саяси себептер ретінде респонденттердің 0,9%-ы «Сыртқы әсер», «Әлемдегі жағдай», «Тек сырттан араласу», - деп өз ойларын тұжырымдаса, 0,3%-ы ішкі саяси себептер ретінде «Елдегі тыныш жағдайдың тұрақсыздануы», «Егер де ауыл әкімдері өз жұмысын тоқтатса», «Биліктің кесірі» деген жауап қалдырған.

Жеке себептерді респонденттердің 1,3%-ы атап өтті. Олар: «Адамдар арасындағы бөліну», «біз» және «олар» болып бөліну», «түсінбеушілік салдары», «сыйластық танытпау», «адамдар бір-бірін құрметтемейді», «Айнала зұлымдыққа толы», «бір-бірін сыйламау», «адамдар арасындағы әлсіз қарым-қатынас», «бір-біріне деген жаман көзқарас», «жеке тұлғалардың дауы».

Жанжалға бейілділік ықтималдылығын талдау респонденттердің 31,0%-ы тұрғылықты жерінде этносаралық шиеленістің орын алмайтынына сенімді екенін көрсетеді. Дегенмен, ықтимал себептердің болуы 50,9%-ды құрайды. Оларға белгілі бір күштердің ұлтаралық араздықты қоздыру ықтималдылығы (23,1%), экономикалық жағдайдың нашарлауы (14,5%), келген адамдардың жергілікті қоғамдастыққа сіңісуге құлықсыздық танытуы (13,3%) жатады. Жалпы, респонденттердің пікірінше, этносаралық қақтығыстың орын алу ықтималдылығы төмен.

Этникалық қатынастардың құқықтық аспектісі

Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық құжаттарында этникалық теңдік заңнамалық тұрғыда бекітілген және этносаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырудың маңызды қағидаттарының бірі саналады. Осы қағиданы сақтау әр түрлі этникалық топ өкілдерінің мүдделеріне нұқсан келтірудің жолын кесуді және этникалық негізде құқық бұзушылықты болдырмауды білдіреді. Сәйкесінше түрлі этностардың мүдделерінің шектелуі «Сіз өз этносыңыздың өкілдерінің мүддесіне қол сұғады деп ойлайсыз ба?» деген сұраққа жауап беру арқылы анықталды. Бұл тұрғыда респонденттердің 3,8%-ы «Иә» деп көрсетсе, 5,4%-ы «Жоқтан гөрі иә», 15,9%-ы «Иә дегеннен гөрі жоқ», 68,8%-ы «Жоқ» десе, ал 5,0%-ы жауап беруге қиналды. 1,3% жауап беруден бас тартты.

Этномәдени бірлестіктердің мәртебесі

Этномәдени бірлестіктердің қызметі этносаралық қатынастарды нығайтудың, сондай-ақ Қазақстанда тұратын этностардың салт-дәстүрлері мен тілдерін сақтаудың маңызды функциясын орындайды.

Респонденттердің 1,7%-ы тұрғылықты жері бойынша этномәдени орталықтардың нақты санын көрсетті («7 орталық», «ауданда 15-тен астам этно-мәдени орталық бар», «20-дан астам орыс, татар, армян және т.б.», «19 этномәдени бірлестік», «Солтүстік Қазақстан ҚХА-да 20-дан астам этномәдени бірлестіктер біріккен»). Ал сауалнамаға қатысқандардың 12,4%-ы этномәдени орталықтарды этникалық белгілері бойынша көрсетті («әзірбайжан», «армян», «беларусь», «грузин», «еврей», «ингуш», «қазақ», «кәріс», «күрд», «молдаван», «неміс», «поляк», «орыс», «татар-баиқұрт», «украин», «сыган», «шешен» және т. б.). Респонденттердің тұрғылықты жері бойынша жұмыс істейтін нақты этномәдени орталықтарды 7,4%-ы

атады (Аталғандар: «Атамұра», «Кәрістер қауымдастығы», «Орыс, славян және казак ұйымдарының бірлестігі», «Барбанг», «Бірлік», «Белая Русь», «Болашақ», «Сібір қазақтарының бауырластығы», «Вайнах», «Вервите», «Видергебург», «Возрождение», «Лад», «Полония» және т.б.). 3,8%-ы семантикалық белгілері бойынша жақын, бірақ дұрыс емес жауаптарды көрсеткен («Қазақстан халқы Ассамблеясы», «ҚХА», «Достық үйі», «ҚХА-дағы барлық орталық» - 1,2%, «Еріктілер клубы», «Қызығушылық бойынша клубтар», «Көркемөнерпаздар үйірмелері» - 0,3%, «Мәдениет үйі», «Саябақ», «Жастар сарайы», «Орыс драма театры» - 2,3%).

Респонденттердің 0,2%-ы казак бірлестіктерін сипаттауға қатысты екіұшты жауаптар беріп отыр («Қазақ мәдениетін насихаттайтын бейресми бірлестіктер», «Орыс әлемін» және орыс халқының байырғы жерлерін ашық насихаттайтын казактардың қоғамдық бірлестігі»). Сауалнама қатысушыларының 1,3%-ы «мешіт», «гибадатхана», «мұражай», «наурыз мейрамы», «жаңа жыл», «8 наурыз», «рождество», «пасха» деп мағыналық қателіктер жасады. Этномәдени бірлестіктер туралы хабардар емес екенін респонденттердің 10,9%-ы белгілеген (Мәдени ұйымдар бар, бірақ мені қызықтырмайды, сондықтан білмеймін», «Ауылдық жерде мәдени ошақтар кездеспейді», «Бізде мүлде жоқ», «Мәдени бірлестіктер болмаған», «Ешқайсысы танымал емес», «Бізде бірлестіктер жоқ»). Жалпы, респонденттердің 59,3%-ы ашық сұраққа жауап бермесе, 1,7%-ы жауап беруге қиналған екен.

Тіл мәселесі

Тіл – қарым-қатынастың маңызды құралы және этникалық топтардың негізгі сипаттамасының бірі. Қазақстанда тұратын көпэтносты қоғамда қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесіне ие, сонымен қатар елімізде бірқатар нормативтік-құқықтық құжаттар тілдік алуандықты қамтамасыз етеді. Сондай-ақ қазақ тілді кеңістікке ағылшын тілі де белсенді енуде. Зерттеуді жүргізу барысында Солтүстік Қазақстан облысы тұрғындарының тілді меңгеру деңгейі, күнделікті өмірде қолдануы және мемлекеттік тілді дамытуды бағалау көрсеткіштері нақтыланды. Жалпы, сауалнамаға қатысқандардың 42%-ы ағылшын тілін, 25,4%-ы қазақ тілін, 8,4%-ы өз этносының тілін, 1,1%-ы орыс тілін игермегені анықталды.

Этносаралық саладағы ақпараттық өрістің жағдайы

Бұқаралық ақпарат құралдары кез келген қоғамдық мәселеге, этносаралық қатынастар саласына үлкен әсер етеді. Этносаралық қарым-қатынастағы оқиғаларға қызығушылық деңгейі, пайдаланатын ақпарат көздері және Қазақстандағы этносаралық қатынастарды нығайтуда БАҚ-тың рөлі этносаралық саланың ақпараттық өрісін сипаттайды.

Сауалнама көрсеткендей, респонденттердің 22,6%-ы этносаралық қатынастар мәселесіне қатысты оқиғаларды БАҚ-тан үнемі қадағалап, талқылайды. Жауап бергендердің 29,4%-ы маңызды мәселе туындаса ғана қызығушылық танытса, 29,5%-ы сирек, ал 13,2%-ы мүлде қызықпайды екен.

Еліміздегі этносаралық саладағы оқиғалар мен іс-шаралар туралы ақпарат алу көздері: респонденттердің 21,6%-ы этносаралық саладағы

оқиғалар туралы ақпаратты әлеуметтік желілерден, 38,9%-ы интернет арқылы қол жеткізіп отырғандарын көрсеткен. Қазақстандық мерзімді басылымдарды (газет, журнал) 7,0%, қазақстандық радионы 2,7% және қазақстандық телевизияны 20, 5% респонденттер көрсетсе, 4,7%-ы басқа елдің БАҚ-тарынан хабар алып отыр.

Көші-қон жағдайы

Сауалнамаға қатысқан Солтүстік Қазақстан облысының тұрғындары өздерінің көші-қон жағдайына сәйкес көшудің бағыты мен негізгі себептерін көрсетіп, басқа елге тұрақты көшу туралы ойларымен бөлісті.

Сонымен тұрғындардың көші-қон жағдайын және оның этносаралық қатынастарға өзара ықпалын анықтау үшін респонденттерге: *«Сіз немесе сіздің жақындарыңыз басқа елге тұрақты тұру үшін кетейін деп жүр ме?»* деген сұрақ қойылды. Жауаптар көрсеткендей, сауалнамаға қатысқандардың 3,8%-ы көшуді жоспарлап отыр, 2,9%-ы көшкісі келеді, бірақ мүмкіндігі жоқ, 11,6%-ы әлі шешім қабылдамағанын айтты. Көбі, яғни 77,8%-ы өздерінің кеткілері келмейтіндігін айтып отыр. Бұған сыртқы геосаяси ахуал да қатты әсер етуі мүмкін.

Қоныс аударуды жоспарлап отырған респонденттер Германия (0,2%), Польша (0,4%) және Ресей (1,1%) елдерін негізгі бағыт ретінде көрсеткен. Көшу себептері – *«тарихи отанға оралу», «жоспарларын іске асыру», «отбасын біріктіру», «мақсат үшін», «ата-ананың арманы», «өмір деңгейін жақсарту», «балалардың денсаулығы», «туыстарына, этносқа жақындау», «аз жалақы», «білім», «көшу», «отбасылық жағдайлар».* Сауалнамаға қатысқандардың 1,7%-ы қайда және қандай себеппен көшетіні жайлы тіс жармады.

Этносаралық қатынастардың әл-ауқаты, нығаю және әлсіреу факторлары

Этносаралық қатынастардың нығаю, әлсіреу факторлары этносаралық саланың өмір сүруінің қажетті шарты және оның жай-күйінің сипаттамалары, динамика немесе статика, даму немесе тоқырау, өзгерістердің оң немесе теріс бағыттарын, қазақстандық қоғамға енетін көпэтностың сапалық жай-күйін сипаттайды және айқындайды.

Солтүстік Қазақстан облысындағы этносаралық қатынастардың негізгі факторларын анықтау үшін респонденттерге бірқатар ашық және жартылай жабық сұрақтар қойылды. *«Сіздің қалаңыздағы, ауданыңыздағы, ауылыңыздағы этносаралық қатынастардың жақсы болуы неге байланысты деп ойлайсыз?»* деген сауалға респонденттердің берген жауаптарын бірнеше семантикалық топтарға жіктеуге болады. Әл-ауқат факторы ретінде респонденттердің 12,0%-ы адамның жеке жағымды қасиеттерін көрсетті (*«өзара түсіну», «сыйластық», «көзқарас», «қолдау», «достық», «достық пен бірлік», «бейбітшілік пен келісімде өмір сүру», «тәрбие», «толеранттылық» және т. б.*).

Этносаралық қатынастардың әл-ауқат факторының экономикалық аспектісін респонденттердің 5,8%-ы (*«Экономика», «елдегі экономикалық жағдайдан», «экономикалық қатынастардан», «төмен баға және тауардың қолжетімділігі», «ырыс-береке», «зейнетақы мөлшерінен» және*

т.б.) десе, қалған 4,8%-ы саяси аспектілерді («биліктен», «мемлекеттің нақты саясатынан», «шенеуніктерден», «Үкіметтен», «Президенттен», «барлық халықтарды, дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды қолдайтын елдің саясатынан», «ауыл мен аудан басшысынан», «әкімдердің жұмысынан» және т. б.) атап өтті.

Қазақстандағы ұлтаралық қатынастардың әлсіреу факторлары ретінде саяси-экономикалық, әлеуметтік-құқықтық, әскери-ақпараттық және тілдік категориялар аталды.

Жалпы, тұрғындардың жауабын саралау кезінде арандатушылық іс-әрекеттерге, әртүрлі ақпарат көздері арқылы тарап жатқан деструктивті мәліметтерге төтеп беруге жергілікті қауымдастық толық жұмылдырылмағаны байқалды. Сауалнама қорытындысы көрсеткендей татулықты сақтау үшін жергілікті қауымдастықтар күш-жігерін салуға, алдын алу шаралар легін ұйымдастыруға атсалысуға дайын екенін көрсетті.

Қорытынды

Аймақтық саясатта, әсіресе орталықсыздандыруды ілгерілету кезінде этникалық инклюзивтілік факторларын ескеру міндетті. Осы мақалада келтірілген эмпирикалық деректерге сүйене отырып айқындалған негізгі факторларды ескеріп, Солтүстік Қазақстан облысындағы этносаралық қатынастар саласын реттеу бойынша келесі ұсынымдар ұсынылады.

Этносаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясаттың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес қажетті бірегейлік деңгейін қалыптастыру үшін ұсынылады:

- өңірлерде, әсіресе жастардың қатысуымен қазақстандық этносаясатпен айқындалған бірегейлік деңгейін қалыптастыруға ықпал ететін сапалы дөңгелек үстелдер, конференциялар, байқаулар және т.б. іс-шараларды өткізу;

- жергілікті ақпараттық кеңістікте телебағдарламалар, БАҚ, желілік қауымдастықтар, әлеуметтік желілер, билбордтар және т.б. арқылы ортақ бірегейлікті қалыптастыру механизмдерін қайта қарастыру.

Жоғарыда көрсетілген патриотизм көрсеткіштерінің әрқайсысы қоғамның дамуына оң әсер етеді. Осыған байланысты Солтүстік Қазақстан облысының тұрғындары арасында патриотизмнің жеткілікті жоғары деңгейін сақтау және оны Қазақстан Республикасының этносаралық келісім үлгісінде жүзеге асырылатын негізгі идеямен байланыстыру қажет.

Этносаралық қатынастарды жақсарту мәселелерінде мыналар ұсынылады:

- Аққайың, Уәлиханов, Ақжар және Тимирязев аудандарының этносаралық қатынастар саласындағы ішкі саясат бөлімдерінің, қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдардың жұмыс тәжірибесін зерделеу, онда респонденттер әртүрлі этностар арасындағы қарым-қатынастардың нашарлауын байқамаған;

- Орталықсыздандыру үрдісі кезінде ішкі саясат бөлімдерінің жүктемесінің артуына байланысты өңірлерде этносаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырумен айналысатын ішкі саясат басқармалары мен бөлімдеріндегі штат бірліктерінің санын ұлғайтуды қарастыру.

Этносаралық қақтығыстың себеп-салдарлық байланысы бойынша жоғарыда сипатталған эмпирикалық деректер негізінде ұсынылады:

- белгілі бір күштер тарапынан этносаралық алауыздықты қоздырудың ықтимал көріністерін мұқият қадағалау, осы іс-әрекеттің жолын кесу және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен ол үшін жауапкершілік шарасын тағайындау, сондай-ақ БАҚ-та мұндай мысалдарды жариялау;

- этносаралық қақтығысты қоздыруға бағытталған ақпараттық өрісті бақылау және шетелден бұрыс ақпарат таратудың жолдарын бұғаттау.

Әртүрлі этникалық топтар өкілдерінің мүдделеріне нұқсан келтірудің және этникалық негізде құқықбұзушылықтың алдын алу үшін ұсынылады:

- этникалық белгілері бойынша құқықбұзушылықтың алдын алу іс-шараларын жүргізу.

Этномәдени бірлестіктердің қызметі арқылы Солтүстік Қазақстан облысындағы этносаралық қатынастарды жақсарту үшін:

- Солтүстік Қазақстан облысында жұмыс істейтін этномәдени бірлестіктердің қызметіне жаңа мүшелерді тартып, олардың қызметі туралы халық арасында таныстыру жұмыстарын жүргізу.

Баяндалған эмпирикалық деректерді, сондай-ақ респонденттер тарапынан ұсыныстарды ескеріп, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысының коммуникативтік өрісін теңестіру үшін ұсынылады:

- мемлекеттік тілді және Қазақстан халқы тілдерін оқыту үшін тіл орталықтарын ашу, сондай-ақ оқытудың қазіргі заманғы әдістерін пайдалананып, сауатты және дайындалған педагогтерді қамтыған жұмыс істеп тұрған тіл орталықтарын жетілдіруге жәрдемдесу;

- мемлекеттік тілді оқыту бойынша волонтерлік қызметті қолдау;

- жастар аудиториясына түсінікті және жаңа заманауи трендтерді ескеріп, жастар арасында қазақ тілін насихаттау.

Этносаралық саланың ақпараттық өрісінің жай-күйін реттеу мақсатында алынған эмпирикалық деректер негізінде ұсынылады:

- этносаралық саладағы оқиғалар туралы ақпаратты тарату үшін әлеуметтік желілерді, интернет пен қазақстандық теледидарды неғұрлым танымал ақпараттық көздер ретінде пайдалану;

- орталықсыздандыру үрдісі кезінде аймақтағы этносаралық қатынастармен айналысатын жергілікті мемлекеттік органдардың өкілеттіктерін кеңейте отырып, толық орталықсыздандыруға жол бермеу қажет;

- өңірде этносаралық қатынастардың сараланған ғылыми-негізделген саясатын іске асыру мақсатында ғылыми-сараптамалық әлеуетті белсенді пайдалану.

Қорытындылай келе, жақын және ұзақ мерзімді перспективада Солтүстік Қазақстан облысындағы этносаралық қатынастар саласындағы динамиканы айқындау үшін эмпирикалық деректерді бір-бірімен салыстырып, осындай зерттеулердің легін ұйымдастыру және өрбіп жатқан аймақтық саясаттағы тенденциялармен қатынасын үздіксіз зерттеу маңызды.

Қаржыландыру: Мақала *ҒЖБМ гранттық қаржыландыру бағдарламасы (2022-2024 жж.)* бойынша ЖТН АР14871057 «Солтүстік Қазақстандағы этносаралық қатынастардың аймақтық ерекшеліктері» ғылыми жобасы шеңберінде дайындалды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Тасым Р., Габдулина Б. (2023). Жаңа Қазақстан: аймақтық саясат трансформациясы. Қоғам және дәуір, 80 (4). <https://doi.org/10.52536/2788-5860.2023-4.02>
2. Чеботарев А.Е. (2023). «Қазақстандағы жергілікті өзін-өзі басқаруды реформалаудың ерекшелігі мен перспективасы» тақырыбындағы талдау баяндамасы. Астана: «Қазақстандық қоғамдық даму институты» КеАҚ. 75-97 бет.
3. Treisman D (2007). The Architecture of Government: Rethinking Political Decentralization. Cambridge: Cambridge University Press.
4. Yusoff, M. A., Sarjoon, A., & Hassan, M. A. (2016). Decentralization as a tool for ethnic diversity accommodation: A conceptual analysis. J. Pol. & L., 9, 55. <https://doi.org/10.5539/jpl.v9n1p55>
5. Lublin, D. (2012). Dispersing authority or deepening divisions? Decentralization and ethnoregional party success. The Journal of Politics, 74(4), 1079-1093. <https://doi.org/10.1017/S0022381612000667>
6. Szabo, S. R. (2017). The impact of ethnic heterogeneity on decentralization perceptions in Romania. Transylvanian Review of Administrative Sciences, 13(52), 110-127. <https://doi.org/10.24193/tras.52E.7>
7. Wallner, J. M. (2009). Does Diversity Always Lead to Decentralization and Difference?. In APSA 2009 Toronto Meeting Paper.
8. Tierney Stephen (2010). Constitutional Law and National Pluralism. Oxford Academic. <https://doi.org/10.1093/acprof:oso/9780199298617.001.0001>
9. Андерсон, Бенедикт. (2016). Воображаемые сообщества. Размышления об истоках и распространении национализма. Москва: Кучково поле. С. 300-380.
10. Varany, Z., & Moser, R. (2005). Ethnic Politics after Communism. Ithaca, NY: Cornell University Press. <https://doi.org/10.7591/9781501720840>
11. Parekh, B. (2001). Rethinking multiculturalism: Cultural diversity and political theory. Ethnicities, 1(1), 109-115. <https://doi.org/10.1177/1468796801001001>
12. Mendikulova, G.M. (2010). Theoretical-Methodological Aspects of Polyethnism, Migration and the National Idea of the Republic of Kazakhstan. Thesis of the Third Congress of the Turkic World Sociologists «Globalization and Turkic World», September 21-24, Bishkek, Kyrgyzstan. P. 119-120.
13. Калашникова Н., Садуақасова А., Калмыков В. және т.б. (2020). Этносаяси сөздік: Қазақстан этносаясаты мен тәжірибесінің терминдері мен ұғымдары. Нұр-Сұлтан, 180-193 бет.
14. Иеренов Г., Акишев А. (2013). Этнополитика Казахстана на современном этапе. Караганда: ТОО «Литера». С.160-256.
15. Козыбаева М. и др. (2016). Основы этнополитики и формирование казахстанской идентичности. Астана: Школа политического менеджмента. С. 110-115.
16. Мухамбетов Б. и др. (2016). Актуальные проблемы межэтнических отношений: современное состояние и перспективы (по материалам Костанайской области). Караганда: Кар УПП ОО «Казахское общество слепых». С. 198- 210.
17. Артыкбаева Г., Ильясова С. (2015). Межэтнические отношения в Павлодарской области на современном этапе (на примере социологического опроса). Павлодар: «Парасат». С. 70-82.
18. Айтмағамбетов Д., Балаев А., Егембердиев Е. (2009). Этносы Акмолинского Приишимья: история и современность. Астана: Нұрғожа Ораз қоры. С. 112-125.
19. Капышев А., Свиначук А., Тасым Р. и др. (2023). Аналитический отчет «Основные факторы межэтнических отношений в Северном Казахстане» (по итогам социологического исследования в Северо-Казахстанской области). Кокшетау: «Мир печати». С. 15-75.

REFERENCES:

1. Tasym R., Gabdulina B. (2023). Zhana Qazaqstan: aimaqtyq sayasat transformatsiyasy [«New Kazakhstan»: transformation of regional policy]. Qogam zhane daur, 80 (4). <https://doi.org/10.52536/2788-5860.2023-4.02>
2. Chebotarev A. (2023). «Qazaqstandagy zhergilikti ozin-ozı basqarudy reformalaudyn erekshelegi men perspektivasy» taqyrybyndagy taldau bayandamasy [Analytical report on the topic "Peculiarities and prospects of local self-government reform in Kazakhstan]. Astana: "Kazakhstan Institute of Public Development" JSC. – C7 75-97.
3. Treisman D (2007). The Architecture of Government: Rethinking Political Decentralization. Cambridge: Cambridge University Press.
4. Yusoff, M. A., Sarjoon, A., & Hassan, M. A. (2016). Decentralization as a tool for ethnic diversity accommodation: A conceptual analysis. J. Pol. & L., 9, 55. <https://doi.org/10.5539/jpl.v9n1p55>
5. Lublin, D. (2012). Dispersing authority or deepening divisions? Decentralization and ethnoregional party success. The Journal of Politics, 74(4), 1079-1093. <https://doi.org/10.1017/S0022381612000667>
6. Szabo, S. R. (2017). The impact of ethnic heterogeneity on decentralization perceptions in Romania. Transylvanian Review of Administrative Sciences, 13(52), 110-127. <https://doi.org/10.24193/tras.52E.7>
7. Wallner, J. M. (2009). Does Diversity Always Lead to Decentralization and Difference?. In APSA 2009 Toronto Meeting Paper.

-
8. Tierney Stephen (2010). Constitutional Law and National Pluralism. Oxford Academic. <https://doi.org/10.1093/acprof:oso/9780199298617.001.0001>
 9. Anderson, Benedikt. (2016). Voobrazhaemye soobshchestva. Razmyshleniya ob istokakh i rasprostraneniі natsionalizma [Imagined Communities. Reflections on the Origins and Spread of Nationalism]. Moscow: Kuchkovo Pole. - PP.300-380.
 10. Barany, Z., & Moser, R. (2005). Ethnic Politics after Communism. Ithaca, NY: Cornell University Press. <https://doi.org/10.7591/9781501720840>
 11. Parekh, B. (2001). Rethinking multiculturalism: Cultural diversity and political theory. Ethnicities, 1(1), 109-115. <https://doi.org/10.1177/1468796801001001>
 12. Mendikulova, G.M. (2010). Theoretical-Methodological Aspects of Polyethnism, Migration and the National Idea of the Republic of Kazakhstan. Thesis of the Third Congress of the Turkic World Sociologists «Globalization and Turkic World», September 21-24, Bishkek, Kyrgyzstan, 119-120.
 13. Kalashnikova N., Saduaqasova A., Kalmykov V. etc. (2020). Etnosayasi sozdkik: Qazaqstan etnosayasaty men tazhiribesinin terminderi men ugymdary [Ethnopolitical Dictionary: Terms and Concepts of Ethnopolitics and Practice of Kazakhstan]. Nur-Sultan. – С. 180-193.
 14. Irenov G., Akishev A. (2013). Etnopolitika Kazakhstana na sovremennom etape [Ethnopolitics of Kazakhstan at the present stage]. Karaganda: Litera LLP. P. 160-256.
 15. Kozybaeva M. etc. (2016). Osnovy etnopolitiki i formirovanie kazakhstanskoi identichnosti [The basis of ethnopolitics and the formation of Kazakh identity]. Astana: School of Political Management. P. 110-115.
 16. Muhambetov B. etc. (2016). Aktual'nye problemy mezhetnicheskikh otnoshenii: sovremennoe sostoyanie i perspektivy (po materialam Kostanaiskoi oblasti) [Actual problems of interethnic relations: current state and prospects (based on materials from the Kostanay region)]. Karaganda: Kar UPP OO "Kazakhskoe obshchestvo slepykh". P. 198-210
 17. Artykbaeva G., Il'yasova S. (2015). Mezhetnicheskіe otnosheniya v Pavlodarskoi oblasti na sovremennom etape (na primere sotsiologicheskogo oprosa) [Interethnic relations in the Pavlodar region at the present stage (on the example of a sociological survey)]. Pavlodar: "Parasat". P. 70-82.
 18. Aitmagambetov D., Balaev A., Egemberdiev E. (2009). Etnosy Akmolinskogo Priishim'ya: istoriya i sovremennost' [Ethnic group of Akmola Priishimya: history and modernity]. Astana: Nurgozha Oraz Fund. P. 112-125.
 19. Kapyshv A., Svinarchuk A., Tasym R. etc. (2023). Analiticheskii otchet «Osnovnye faktory mezhetnicheskikh otnoshenii v Severnom Kazakhstane» (po itogam sotsiologicheskogo issledovaniya v Severo-Kazakhstanskoi oblasti) [Analytical report "The main factors of interethnic relations in Northern Kazakhstan" (based on sociological research in the Northern Kazakhstan region)]. Kokshetau: "Mir Pechita". P. 15-75.

Аяулым Сағынбаева¹, Талғат Қалиев², Дана Әшімханова³

*¹Карлов Университеті докторанты (Чехия),
ҚР Мәдениет министрлігі Қолданбалы этносаяси
зерттеулер институтының Ксенофобия мәселелерін
зерттеу орталығының директоры
e-mail: ayaulym.zarlykan@gmail.com*

*²ҚР Мәдениет министрлігі Қолданбалы этносаяси зерттеулер
институтының директоры, саяси ғылымдарының кандидаты
e-mail: talgat.kaliyev@gmail.com*

*³ҚР Мәдениет министрлігі Қолданбалы этносаяси
зерттеулер институты директорының орынбасары, PhD
(Астана, Қазақстан)
e-mail: d.ashimkhanova@gmail.com*

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТ ҚҰРЫЛЫСЫ МЕН АЗАМАТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІНДЕГІ КӨШІ-ҚОН ПРОЦЕСТЕРІНІҢ РӨЛІ

Аңдатпа. Мақала ұлт құрылысы және азаматтық бірегейлікті дамыту контекстіндегі 2009-2021 жылдардағы санақаралық кезеңдегі Қазақстан аумағындағы көші-қон процестері мәселелеріне арналған. Мақалада халықтың ішкі және сыртқы көші-қонындағы негізгі тенденциялар сипатталған. Халықтың көші-қон себептерін анықтау және оның ұлт құрылысы процесіне әсері ҚР ҒЖБМ ҒК қаржыландыратын BR18574231 «Қазақстандағы ұлт құрылысының ғылыми-әдіснамалық негіздері: көпэтносты қоғамның дамуының қазіргі жағдайларын, үрдістерін және проекциялық/бағалау модельдерін бағалау» зерттеуі шеңберінде жүргізілген социологиялық зерттеудің қорытындыларына негізделеді.

Осы мақаланы дайындауда ұлттық санақ және әлеуметтанулық зерттеу қорытындыларының деректерін талдаудың статистикалық әдісі (сандық әдіс) және салыстырмалы (компоративті) талдау қолданылды. Үшінші ұлттық халық санағының қорытындысы бойынша өңірлер ескі әкімшілік-аумақтық шекараларда қалады, өйткені әкімшілік-аумақтық қайта құрулар 2022 жылы халық санағы жүргізілгеннен кейін жасалды.

Сандық әлеуметтанулық зерттеу-жаппай сауалнама еліміздің 20 өңірінде (Астана, Алматы және Шымкент республикалық маңызы бар қалалары және 17 облыс) жүргізілді.

Сондай-ақ, мақалада ұлт құру процесінде біріктіруші факторлар мен мигранттардың консолидациялық әлеуеті мәселелері қарастырылады.

Түйін сөздер: халықтың көші-қоны, ұлт құрастыру, ұлт, азаматтық бірегейлік, иммигрант, эмигрант, ішкі мигрант, қоныс аударушы, көші-қон саясаты, Қазақстан.

Аяулым Сагынбаева, Талгат Калиев, Дана Ашимханова
РОЛЬ МИГРАЦИОННЫХ ПРОЦЕССОВ В ВОПРОСАХ
НАЦИЕСТРОИТЕЛЬСТВА И ГРАЖДАНСКОЙ ИДЕНТИЧНОСТИ В
КАЗАХСТАНЕ

Аннотация. Данная статья посвящена вопросам миграционных процессов на территории Казахстана за межпереписной период 2009-2021 гг. в контексте нациестроительства и развития гражданской идентичности. В статье описываются основные тенденции во внутренней и внешней миграции населения. Выявление причин миграции населения и ее влияние на процесс нациестроительства основываются на итогах социологического исследования, проводившегося в рамках исследования BR18574231 «Научно-методологические основы нациестроительства в Казахстане: оценка современных условий, тенденций и проекционных/оценочных моделей развития полиэтничного общества», финансируемого КН МНВО РК.

В подготовке данной статьи были использованы статистический метод анализа данных итогов Национальной переписи населения и социологического исследования (количественный метод) и сравнительный (компаративный) анализ. По итогам третьей Национальной переписи населения регионы остаются в старых административно-территориальных границах, так как административно-территориальные преобразования были сделаны после проведения переписи населения в 2022 году.

Количественное социологическое исследование – массовый опрос проводился в 20 регионах страны (города республиканского значения Астана, Алматы и Шымкент и 17 областей).

В статье также рассматриваются вопросы объединяющих факторов в процессе нациестроительства и консолидирующего потенциала мигрантов.

Ключевые слова: миграция населения, нациестроительство, нация, гражданская идентичность, иммигрант, эмигрант, внутренний мигрант, переселенец, миграционная политика, Казахстан.

Ayaulym Sagynbaeva, Talgat Kaliev, Dana Ashimkhanova
THE ROLE OF MIGRATION PROCESSES IN ISSUES OF NATION-
BUILDING AND CIVIC IDENTITY IN KAZAKHSTAN

Abstract. This article is devoted to the issues of migration processes on the territory of Kazakhstan for the intercensus period 2009-2021 in the context of nation-building and the development of civic identity. The article describes the main trends in internal and external migration of the population. Identification of the causes of population migration and its impact on the process of nation-building is based on the results of a sociological study conducted within the framework of the study BR18574231 «Scientific and methodological foundations of nation-building in Kazakhstan: assessment of modern conditions, trends and projection/evaluative models of the development of a multi-ethnic society», funded by Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan.

In preparing this article, the statistical method of analyzing data from the results of the National Population Census and sociological research (quantitative method) and comparative analysis were used. According to the results of the third National Population Census, the regions remain within the old administrative-territorial boundaries, since administrative-territorial transformations were made after the population census in 2022.

Quantitative sociological research - a mass survey was conducted in 20 regions of the country (cities of republican significance Astana, Almaty and Shymkent and 17 regions).

The article also examines the issues of unifying factors in the process of nation-building and the consolidating potential of migrants.

Key words: *population migration, nation-building, nation, civic identity, immigrant, emigrant, internal migrant, trans migrator (migrant), migration policy, Kazakhstan.*

Кіріспе

Халықтың көші-қон процестері өзінің қарқындылығы мен көлеміне байланысты келу орындарының жалпы санына ғана емес, кем дегенде оның жыныстық жасына, этникалық және кәсіби құрамына тікелей әсер етеді. Мигранттар қоныстану орындарының әлеуметтік-мәдени келбетін де өзгертеді. Нәтижесінде ұлт құрылысының қазіргі моделі мигранттар әкелген белгілі бір өзгерістердің әсерінен болады. Бұл жағдайда ұлт құрылысының әр моделіне біржақты бағдар – дәстүрлі (этномәдени), модернистік (азаматтық), постмодерндік (көпмәдениетті) – азаматтық қоғамдастықтың ыдырауы мен мемлекеттің егемендігін бұзудың стратегиялық тәуекелдерінің артуын тудырады. Алайда, іс жүзінде ұлт құру процесінде ұлттың этномәдени және азаматтық-саяси модальділіктерінің арақатынасының әртүрлі модельдерін жүзеге асыруда ұлттық-мемлекеттік сәйкестікті сақтауға мүмкіндік беретін әртүрлі компенсаторлық механизмдер қолданылады. Бұл тұрғыда халықтың көші-қоны қоғамдық жүйенің тұрақсыздығына әсер етудің негізгі тетігі бола алады және азаматтық қоғам мен сәйкестікті құру процесін мүлдем басқа деструктивті бағытқа енгізе алады. Сонымен қатар, мигранттар, егер олар қоғамды жаңа құндылықтар мен құбылыстарға біріктіру процестерінің катализаторы бола алса және жаңа мағыналарды қалыптастыра алса, оң әсер ете алады.

А. В. Лубский және О.Ю. Посухова ұлт құрылысы модельдерінің бес идеалды түрін ажыратады: «біріншіден, бұл этникалық тегінің, тілінің, дінінің, экономикалық мүдделері мен саяси жүйесінің ортақтығына негізделген моноэтникалық ұлттың немесе ұлт-мемлекеттің қалыптасуы. Екіншіден, бұл ұлттық (мемлекеттік) мүдделер мен саяси құндылықтардың ортақтығы негізінде полиэтникалық саяси ұлттың қалыптасуы. Үшіншіден, бұл ортақ азаматтық құндылықтарға негізделген полиэтникалық азаматтық ұлттың қалыптасуы. Төртіншіден, бұл этникалық идеологиялық ұлттың қалыптасуы, оның негізі мемлекеттік мүдделер мен идеологиялық

құндылықтардың ортақтығы болып табылады. Бесіншіден, бұл өркениеттік құндылықтар мен өмірдің мәдени кодтарының ортақтығына негізделген трансэтникалық ұлт-өркениеттің қалыптасуы» [1].

Басқа жағынан қарайтын болсақ, ұлттың өзі мемлекет пен азаматтық қоғамның арасындағы екіжақты қарым-қатынас арқылы көрсетеді [2].

Қазақстанда бүгінгі таңда біз ұлт құрылысының қандай да бір дәстүрлі / әмбебап моделін атап өтуге болмайды, керісінше бұл аралас немесе микс үлгісіне негізделген, қалыптасу сатысында тұрған бірегей қазақстандық модель. Ол жалпы азаматтық және жалпы өркениеттік құндылықтар мен азаматтық бірегейлікке негізделеді, сондай-ақ қазақтар мен этникалық топтардың ағымдағы мүдделерін ескереді. Қазақстандық қоғамдағы бұл процесс табиғи түрде төменнен де, яғни қоғамнан да, жоғарыдан да (билік) жүреді. Бұл ретте мемлекеттік идеологиялық саясат қоғамның ағымдағы сұраныстарын ескеруге тырысады.

Осы тұрғыдан алғанда халықтың көші-қоны ұлт құрылысы үрдісінде негізгі катализатор ретінде қарастырылуы мүмкін. Халықтың көші-қоны - адамдардың белгілі бір елге немесе елдерге (иммиграция) немесе одан тысқары (эмиграция) барлық қозғалысын білдіреді [3]. Жеке елдерге келгенде бұл ұлттық қауіпсіздік пен көші-қон саясаты мен демографиялық саясат негізінде жүзеге асырылады.

Бірінші кезекте этникалық қазақтарды репатриациялауға және халықты еңбек күші артық оңтүстік өңірлерден елдің солтүстік-шығыс бөлігіне көшіруге бағытталған Қазақстанның көші-қон саясаты да ұлт құрылысы процесін дамытуға өз үлесін қосады. Бұл, ең алдымен, көші-қон халықтың белгілі бір этникалық құрылымын қалыптастыру процесінде өте жоғары рөл атқаратындығына байланысты.

Ішкі ағындар бойынша көші-қон айналымы сыртқы ағындардан жүздеген есе көп және аймақтардың демографиялық ғана емес, этнодемографиялық көрінісін де өзгертеді, әсіресе олардың рөлі урбанизация процестерінде айқын көрінеді. Бұл санақ Халықтың көші-қон қозғалыстарының көлемінен бастап, мигранттардың азаматтығына дейінгі әртүрлі сипаттамалары бойынша толық көрінісін береді. Себебі ол, ең алдымен, ағымдағы статистикалық есепте де-юре емес, де-факто статистикалық көрсеткіштерімен анықталады. Қазақстанда халық санағы салыстырмалы түрде жақында өткенін (2021 жылы) және оның қорытындылары тек 2023 жылы жарияланғанын ескерсек, қазіргі уақытта 2021 жылғы халық санағының қорытындылары, әсіресе көші-қон процестерін бағалау кезінде өзекті көрсеткіштері бар деректердің бірегей көзі болып табылады.

Сонымен бірге ұлт құрастыру мәселелерін қарастырғанда ұлтты саяси және азаматтық қауымдастық ретінде қарастыратын француз дәстүрі, ал оның этнос ретінде түсінуімен байланысты неміс дәстүрінің болуы және Америка Құрама Штаттарындағы иммигранттық мемлекет ретіндегі ұлт құру тәжірибесімен байланысты болатын көптеген тұжырымдамалардың әр мемлекеттің кейсіне келгендегі әмбебап болмауымен қиындатылады. Америка қоғамының саяси мәдениетінің өзегін құрайтын құндылықтардың өзгешелігін де атап өтуіміз керек [4, 300-312 бб.].

Осыған байланысты көші-қон компонентін немесе оның азаматтық қоғам мен бірегейлікті дамыту үдерісіндегі, сондай-ақ ұлт құрылысы үдерісіндегі рөлін бағалау қажеттілігі артып келеді.

Зерттеу әдістері

Осы мақаланы дайындауда ұлттық санақ және әлеуметтанулық зерттеу қорытындыларының деректерін талдаудың статистикалық әдісі (сандық әдіс) және салыстырмалы (компоративті) талдау қолданылды.

Үшінші ұлттық халық санағының қорытындысы бойынша өңірлер ескі әкімшілік-аумақтық шекаралар бойынша қарастырылды. Себебі, әкімшілік-аумақтық қайта құрулар 2022 жылы халық санағы жүргізілгеннен кейін жасалынған. Сәйкесінше Санақ қорытындылары жаңа әкімшілік-аумақты бөліністе мәліметтерді бере алмайды. Көші-қон бойынша негізгі деректер осы 2021 жылғы халық санағының қорытындысына негізделген [5].

Сандық әлеуметтанулық зерттеу-жаппай сауалнама еліміздің 20 өңірінде (Астана, Алматы және Шымкент республикалық маңызы бар қалалары және 17 облыс) жүргізілді. Іріктемелі жиынтық көлемі - 18 жастан асқан 4000 респондент. Республикалық іріктеме 2023 жылдың басына ҚР АӘКД Ұлттық статистика бюросының халық саны бойынша (өңірлік, жыныстық-жас бөліністерінде) ресми деректеріне сәйкес есептелген.

Әлеуметтанулық зерттеулерде респонденттердің жауаптары Қазақстан аумағында туғаннан бастап өмір сүретіндер де, одан тысқары жерде туылғандар да қаралды, бірақ сауалнама жүргізу кезінде Қазақстан Республикасының аумағында тұрды. Ұлт құрылысы мен азаматтық бірегейлік процесінде мигранттардың рөлін бағалау үшін қоғамды шоғырландырудың біріктіруші факторларына, әлеуметтік бірігу мен тиесілілікке және басқа да мәселелерге қатысты мәселелер қаралды.

2021 жылғы Ұлттық халық санағының қорытындысы бойынша халықтың көші-қон қозғалысы.

2021 жылғы Ұлттық халық санағының қорытындысы бойынша 2 798 122 адам өзінің тұрақты тұрғылықты жерін ауыстырды, онда 92,0% ел шегіндегі көші-қонға (ішкі көші-қон) тиесілі. Санақ жүргізу кезінде елде 19,2 миллион адам өмір сүрді, оның 28,2% (5,4 миллион адам) туғаннан емес, яғни олар іс жүзінде мигранттар және 71,8% (13,8 миллион адам) туғаннан бастап өмір сүрді. Қазақстан аумағында туғаннан бері тұрмаған 5,4 млн адамның 51,7% немесе 2,8 млн-ы 2009-2021 жылдар ішінде келді, оның 92,0% ел шегінде қоныс аударды, қалғандары ТМД елдерінен және басқа елдерден келді.

Көші-қон көлемі әсіресе Қазақстанның үш мегаполисі-Астана, Алматы және Шымкент қалаларында жоғары, онда халықтың 38,1% (470,0 мың адам), 33,9% (688,0 мың адам) және 29,6% (329,2 мың адам) туғаннан бері тұрмайды, бірақ келушілер болып табылады.

Ақмола, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Алматы облыстары халқының $\frac{1}{4}$ бөлігінен астамы мигранттар болып табылады. Туғаннан емес 5,4 млн тұрғынның ең көп үлесі Қазақстанның мынадай өңірлерінде қоныстанған: Алматы қ. (12,7%), Алматы облысы (11,0%) және Астана қ. (7,9%) (1-кесте).

**1-кесте. Халықтың көші-қонының жалпы қорытындылары,
барлығы, адам**

Өңір	Барлық халық	олардың ішінде тұрақты тұрғылықты жерінде үздіксіз тұратындар:	
		туғанынан	туғанынан емес
Қазақстан Республикасы	19 186 015	13 774 538	5 411 477
Ақмола	782 995	516 493	266 502
Ақтөбе	906 220	613 380	292 840
Алматы	2 146 576	1 553 789	592 787
Атырау	673 601	534 394	139 207
Батыс Қазақстан	675 655	460 483	215 172
Жамбыл	1 199 259	937 905	261 354
Қарағанды	1 348 468	921 884	426 584
Қостанай	833 643	565 738	267 905
Қызылорда	814 931	657 462	157 469
Маңғыстау	735 008	536 144	198 864
Павлодар	756 755	530 555	226 200
Солтүстік Қазақстан	540 786	368 787	171 999
Түркістан	2 054 021	1 704 456	349 565
Шығыс Қазақстан	1 341 292	982 983	358 309
Нұр-Сұлтан қ. (Астана қ.)	1 234 042	764 137	469 905
Алматы қ.	2 030 285	1 342 687	687 598
Шымкент қ.	1 112 478	783 261	329 217

Дереккөз: www.stat.gov.kz. Қазақстан Республикасы халқының көші-қоны / қазақ және орыс тілдерінде / 170 бет. – Астана қ., 2023ж.

Этностар бөлінісінде 2009-2021 жылдардағы санақаралық кезеңде Қазақстан шегінде 19,7 млн қазақ немесе барлық қоныс аударғандардың 76,8% - ы (25,7 млн адам) қоныс аударды, шетелден 154,1 мың қазақ келді, олар барлық көшіп келгендердің 68,1% - (226,4 мың адам) құрады.

Белсенді қоныс аударатын он этносқа мыналар жатады: орыстар, өзбектер, украиндар, ұйғырлар, немістер, татарлар, корейлер, әзірбайжандар және белорустар. Көші-қон процестеріне барлығы 355,5 мың орыс қатысты, оның ішінде 320,1 мың адам ел ішінде қоныс аударды және шетелден 35,2 мың адам келді, олар ел ішінде және шетелден қоныс аударғандардың 12,4% және 15,6% құрады. Өзбектер ел шегінде 47,2 мың адам қоныс аударды (немесе ел шегінде қоныс аударғандардың 1,8%) және 5,2 мың өзбек шетелден келді (барлық иммигранттардың 2,5%). Ел ішінде 44,9 мың украиндар, 30,0 мың ұйғырлар, 28,3 мың немістер, 26,1 мың татарлар, 16,6 мың кәрістер, 15,7 мың әзірбайжандар және 7,9 мың белорустар қоныс аударды 1,7%, 1,2%, 1,1%, 1,0%, 0,6%, және тиісінше ел шегіндегі барлық


көшіп келушілердің 0,3% - ы. Шетелден елге 4,6 мың украин келді, қалған этностар орта есеппен 2000 адамнан келеді (2-кесте).

2-кесте. 2009-2021 жылдары жекелеген этностар бойынша тұрақты тұрғылықты жеріне келген халық

	адам			пайызбен		
	Барлығы	соның ішінде		Барлығы	соның ішінде	
		Қазақстан шегінде	шетелден		Қазақстан шегінде	шетелден
Барлығы	2798122	2571747	226375	100	100	100
Қазақтар	2130027	1975908	154119	76,1	76,8	68,1
Орыстар	355362	320142	35220	12,7	12,4	15,6
Өзбектер	52438	47192	5246	1,9	1,8	2,3
Украиндар	49516	44880	4636	1,8	1,7	2,0
Ұйғырлар	31882	29768	2114	1,1	1,2	0,9
Немістер	30651	28321	2330	1,1	1,1	1,0
Татарлар	28830	26138	2692	1,0	1,0	1,2
Кәрістер	18548	16655	1893	0,7	0,6	0,8
Әзербайжандар	18059	15669	2390	0,6	0,6	1,1
Белорустар	8941	7928	1013	0,3	0,3	0,4
Түріктер	8723	7466	1257	0,3	0,3	0,6
Дүнгендер	6317	5337	980	0,2	0,2	0,4
Қырғыздар	5768	2851	2917	0,2	0,1	1,3
Тәжіктер	5711	4406	1305	0,2	0,2	0,6
Күрдтер	5434	4648	786	0,2	0,2	0,3
Шешендер	5216	4729	487	0,2	0,2	0,2
Поляктар	4868	4516	352	0,2	0,2	0,2
Басқалары	31831	25193	6638	1,1	1,0	2,9

Дереккөз: www.stat.gov.kz. Қазақстан Республикасы халқының көші-қоны / қазақ және орыс тілдерінде / 170 бет. – Астана қ., 2023ж.

Бетондағы көші-қон жағдайын бағалаудың және мигранттардың бейімделуінің маңызды көрсеткіштерінің бірі – қоныс аударатын жерде тұру ұзақтығы. Халық санағының қорытындысы Қазақстан аумағында болу ұзақтығы бойынша мигранттардың санын анықтауға мүмкіндік береді. Барлық мигранттардың (5 411 477 адам) 31,2% немесе 1,7 млн адам Қазақстанда 11 жыл немесе одан да көп, 1 жылға дейін 9,7% немесе 525,3 мың адам, 1-5 жаста – 17,4% немесе 941,6 мың адам, 6-10 жаста – 997,0 мың адам немесе барлық мигранттардың 18,4% құрады. Мигранттардың 23,3%-ы Қазақстанда болу ұзақтығын көрсетпеді.



1-сурет. Тұрақты тұратын жерінде тұру ұзақтығы бойынша мигранттар

Дереккөз: www.stat.gov.kz. Қазақстан Республикасы халқының көші-қоны / қазақ және орыс тілдерінде / 170 бет. – Астана қ., 2023ж.

Әлеуметтік сауалнама қорытындысы-мигранттардың шоғырландырушы әлеуетін бағалау. Әлеуметтанулық сауалнама нәтижелері респонденттердің туған жеріне қарамастан Қазақстандағы біріктіруші әлеуеттің мынадай критерийлері маңызды екенін көрсетті: «ортақ отан, бір елде тұру» (48,7%), «Қазақстан Республикасының азаматтығы» (46,4%) және «жалпы тарихи оқиғалар, аштық, қуғын-сүргін, халықтарды депортациялау» (38,9%).

Көшіп-қонушылар үшін, яғни Қазақстан Республикасының аумағында туылмаған адамдар үшін ел азаматтарын біртұтас халыққа біріктіретін ең маңызды критерийлер: ұқсас әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер (24,7%), қазақ тілін жақсы білу –12,3%, орыс тілін жақсы білу және дін (әрбір нұсқа бойынша 9,1%) және сыртқы қауіп, соғыс (4,5%). Бұл ретте ортақ отан, бір бетанда тұру Қазақстан аумағында туылмағандардың 50%-ы үшін және туғандар үшін сәл аз (48,6%) үшін маңызды болды.

«Әлеуметтік келісім» азаматтық бірегейлік пен құндылық бағдарларын бағалаудың маңызды категорияларының бірі ретінде ұлт құру процесіне әсер ететін көрсеткіш болып табылады. «Әлеуметтік келісім» - бұл топтың, қауымдастықтың, қоғамның интеграция дәрежесі, оның ішінде құндылық бағдарларының бірлігі деңгейі, тұлғааралық қатынастардың беріктігі және топ мүшелерінің, қауымдастықтың, қоғамның негізгі қызмет салаларындағы мінез-құлқының үйлесімділігі [6].

Бұлардан бөлек көші-қон өз тарапынан инклюзивті қоғамды дамытудағы, сәйкесінше инклюзивті ұлтты құрастыруда маңызды рөл атқарады. Мемлекет құру контекстіндегі инклюзия – этникалық, мәдени, діни немесе әлеуметтік тегіне қарамастан барлық азаматтардың әлеуметтік, экономикалық және саяси өмірге қатысуы үшін тең мүмкіндіктерге ие болатын қоғамды құруға бағытталған үдеріс пен саясат. Яғни идеологияның негізгі сызықтары ретінде қауіпсіздік пен толерантты қоғам, және теңдік идеологиясы жүреді [7]. Бұның өзі қабылдаушы қоғам мен мигранттар арасындағы әлеуметтік келісімнің пайда болуына алып келеді.

Сауалнамаға қатысқан мигранттар үшін әлеуметтік келісім бір-біріне және қоғамға деген өзара көмек пен қолдау ретінде көбірек түсініледі (27,3%). Ұжымдық көмек қоғамның бір мүшесіне немесе тобына (40,9%). Сонымен қатар, сауалнамаға қатысқандардың пікірінше, жәрмеңкелер, базарлар, әлеуметтік тегін іс-шаралар қоғамның әлеуметтік бірлігіне ең аз әсер етуі мүмкін. Ерікті ақшалай төлемдер туралы келісім адамға қарызды қайтаруға, айыппұл төлеуге немесе жинауға көмектесетін бүктемені қарастырады қалым (25,3%), туылу мен үйлену тойына байланысты рәсімдер (24,7%), адамның өліміне байланысты рәсімдер (21,4%) және ақсақалдардың батасы (20,1%) да әсер ететін маңызды компоненттер болып табылады. қазақстандық қоғамның әлеуметтік бірлігі.

Қазақстан аумағынан тыс жерде туылғандардың 57,1% өздерін Қазақстан ұлтының, 22,7% – қазақ ұлтының бір бөлігі ретінде сезінеді. Сауалнамаға қатысқандардың 80% қазақтар басқа этностар мен бүкіл қоғамды біріктіретін топ болуы мүмкін деп санайды. Сауалнамаға қатысқан мигранттардың 79,9% Қазақстан Республикасының азаматтары екендіктерін мақтан тұтады. Елден тыс жерде туылған респонденттердің 87,0% Қазақстан азаматтығын өзгерткісі келмейді. Респондент мигранттардың 74,0% жақын арада ешқайда кеткісі келмейді. Бұл Қазақстанда туылмаған адамдардың азаматтық бірегейлігі жоғары екенін және олар қазақтардың шоғырландырушы рөлін жоғары бағалайтынын көрсетеді.

Мигрант-респонденттердің азаматтық ұстанымы, жауапкершілігі мен белсенділігі де жоғары көрсеткіштерді көрсетті. Сонымен, жауаптарда: Әлеуметтік волонтерлік қозғалыстарға қатысу (өрт кезінде жеңіске жеткендерге көмек және т.б.) 42,9%, кәсіподақтарға қатысу – 40% және экологиялық және қайырымдылық ұйымдары 28,6% жауаптар бойынша таңдалды.

Бір қызығы, Қазақстанда туылған адамдар үшін жоғарыда аталған жауаптар да аса маңызды болды, айырмашылық тек таңдалған жауаптардың шамасында. Дегенмен, сол және басқа әлеуметтік топ үшін тенденциялар бірдей.

Осы тұрғыдан алғанда мигранттардың бейімделуі мен өзіндік этникалық бірегейлігінің азаматтық бірегейлік деңгейіне өтуі бойынша біршама сұрақтарды туындатып, ұлт құрастыру үрдісінің бірнеше деңгейлі сатылардан өту қажеттігін көрсетеді. Бұның өзі ұлт құрастыру мәселелерінің өзі этносаралық қатынастарды реттеудің инструменті ретінде де қарастыратынын атап өту қажет [8].

Қорытынды

Көші-қон мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық, этнодемографиялық дамуына әсер етуінен бөлек ол өзінің мүмкіндіктеріне сәйкес ұлт құру үрдісі кезінде интеграциялық және дезинтеграциялық қасиеттерге ие болып келеді. Көп тұрғыда көші-қонды алшақтаушы фактор ретінде қарастыруы мүмкін. Дегенмен Қазақстан кейсінде көші-қонның рөлінің бірқалыпты жағдайда емес екендігін айта кеткен жөн. Себебі Қазақстанда ұлт құрылысының дамуы елдің халықтың полиэтникалық құрылымына ие болуымен (100-ден астам этностар тұрады) күрделене түседі. Ал тұрғылықты халықтың және халықтың 1/3 бөлігі мигранттар болуы бұған біршама өзгерістер

енгізіп, мемлекеттік дамуда өзіндік сипатқа ие болып отыр. Гетерогенді ортада идеялар, тезистер мен тенденциялар біртекті ортаға қарағанда көбірек таралатыны және тамыр алатыны белгілі. Қазақстан контексіндегі гетерогендік орта тек халықтың этникалық құрамымен ғана емес, сонымен қатар, халықтың тұрғылықты осы Қазақстан аумағында туғандар мен мигранттардың, әсіресе этникалық репатрианттардың болуымен күрделеніп отыр.

Сонымен қатар ұлт құрастыру үрдісін зерттеудегі қиыншылықтардың бірі – үрдісті сипаттайтын көзқарастардың сан алуандылығында болып отыр. Дәстүрлі француз (азаматтық бірегейлік) немесе неміс (этникалық бірегейлік), болмаса АҚШ-тық (таза мигранттар қоғамы) кейстері Қазақстан контексінде толық қанды қолданысқа алына алмайды. Ал көші-қон үрдісінің интенсивті болуы, және оның қазіргі таңдағы елдің этникалық құрамының негізі болуы Қазақстандағы ұлт құру үрдісінің өзіндік бірегейлі араласқан, яғни микстелген дара жолының бар екенін көрсетеді. Ал халықтың өзінің азаматтық және этникалық бірегейлігінің жоғары деңгейде болуының өзі бір тарапты идеялар мен ұсынымдарды кең таратуға мүмкіндік бермейді.

Ұлттық санақ қорытындысы бойынша барлық мигранттардың 92,0% - ы ішкі мигрант болуы және сыртқы мигранттардың жартысынан көбі елде бес жылдан астам тұратындығы олардың қоныстану орындарында жұмсақ интеграциясының маңызды факторлары болып табылады. Сонымен қатар, мегаполистерге және ішкі қоныс аударуды квоталаудың арнайы аймақтарына көшудің жоғары қарқындылығы аймақтық стереотиптердің де, этникалық типтердің де жойылуына ықпал етеді. Өйткені урбанизация «балқыту қазаны» ретінде жұмыс істейді.

Респондент-мигранттар үшін өзара көмек пен мұқтаж адамдарды ерікті қаржылық қолдау қазақстандық қоғамның әлеуметтік бірігуінің маңызды факторларының бірі болып табылатындығы өзара көмекке негізделген жоғары азаматтық құндылықтары мен бағдарлары бар қоғамды қалыптастыру үшін мигранттардың рөлі жоғары екенін көрсетеді. Осыған байланысты қазақстандық қоғам үшін көшіп-қонушылардан туындайтын қақтығыстық әлеует пен наразылық көңіл-күй дәрежесі аз.

Мигранттардың Қазақстан азаматтығын жоғары бағалауы қазақстандық азаматтық қоғамның қалыптасуына да оң әсер етеді. Тиісінше, мигранттар Қазақстанда азаматтық ұлтты қалыптастыру процесіне оң әсер ететін маңызды әлеуметтік топ болып табылады.

Қазақстандағы ұлт құрастыру моделін тек аморфты түрде халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайынан және халықтың көші-қоны интенсивтілігінен бөлек жүретін үрдіс деп қарастырмауымыз керек. Себебі, олардың өзара байланысы полиэтникалық қоғамдағы түрлі этностар арасындағы қарым-қатынасқа әсер ететіні анық.

Ортақ тарих, Қазақстанның азаматтығы сияқты факторлар мигранттар арасындағы өзара интеграциялануының негізгі факторы болу керек екендігі мәлім. Алайда бұл мәселені түбегейлі түрде арнайы зерттеулермен анықтау қажеттігі бүгінгі таңда айқындалып отыр. Тақырыптың аз зерттелуі және де методологиялық тұрғыдан алғанда инструменттердің тапшылығы бұл мәселенің жаңа қырлары болатынын көрсетіп отыр. Халық арасында

біркелкі Қазақстан ұлты немесе қазақ ұлты деген пайымдауларға түрліше қарауының өзі біздің мемлекетте бұл үрдісті белгілі бір әмбебап жолдар арқылы шешілмейтінін және ұлттық идеологияның өзі біршама күрделі сағылардан өту қажеттігін көрсетіп отыр. Дегенмен бұл мақаланың өзі осы мәселенің ара жігін ашудағы алғашқы қадамдардың болғанын көрсетіп отыр.

Қаржыландыру: Мақала «Қазақстандағы ұлттық құрылыстың ғылыми-әдіснамалық негіздері: полиэтносты қоғамның дамуының қазіргі жағдайларын, үрдістерін және проекциялық/бағалау модельдерін бағалау» ҚР ҒЖБМ ҒК BR18574231 бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобасын іске асыру шеңберінде дайындалды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Лубский А.В., Посухова О.Ю. Проекты нациестроительства и модели национальной интеграции в России // Власть. 2016. № 8. – С.39-47. (қаралған күні: 09.07.2024)
2. Янакова В.Р. Влияние миграции на национальную идентичность. //Национальная безопасность/Nota Bene, 2017-4. DOI: 10.7256/2454-0668.2017.4.24100.
3. OECDiLibrary // URL:https://www.oecd-ilibrary.org/social-issues-migration-health/migration/indicator-group/english_443b6567-en. (қаралған күні: 09.07.2024.)
4. Иноземцев В.Л. 2013. Потерянное десятилетие. М.: Московская школа политических исследований. 600 стр.
5. «Қазақстан Республикасы халқының көші-қоны» статистикалық жинағы, қазақ және орыс тілдерінде, 170 бет. – Астана қ., 2023ж. // URL:<https://stat.gov.kz/national/2021>. (қаралған күні: 09.07.2024)
6. Әлеуметтану бойынша түсіндірме сөздік // URL:<http://sociology.niv.ru>. (қаралған күні: 09.07.2024)
7. Кудрявцев В.А., Каштанова С.Н. және басқалары. Культура инклюзии как стратегический ориентир в построении общества равных возможностей. // Развитие инклюзии в высшем образовании: сетевой под-ход. - М.: МГППУ, 2018. – 31 бет. // URL:https://psyjournals.ru/nonserialpublications/inclusdev_2018/contents/inclusdev_2018_Kudryavtsev_Kashtanova__et_al.pdf. (қаралған күні: 10.07.2024.)
8. Барышная Н.А. 2014. Нациестроительство как способ формирования межэтнических отношений. // Власть. № 3. 43-47 беттер. // URL: (<https://jour.fnisc.ru/index.php/vlast/article/view/2576>). (Қаралған күні: 10.07.2024.)

REFERENCES:

1. Lubskey A.V., Posukhova O.Yu. Proekty naciestroitel'stva i modeli nacional'noj integracii v Rossii. [Nation-building projects and models of national integration in Russia]// Vlast. 2016. No. 8. – P.39-47. (Review date: 09.07.2024.)
2. Yanakova V.R. Vliyaniye migracii na nacional'nyuy identichnost'. [The impact of migration on national identity]. // National Security/Nota Bene, 2017-4. DOI: 10.7256/2454-0668.2017.4.24100.
3. OECDiLibrary // URL:https://www.oecd-ilibrary.org/social-issues-migration-health/migration/indicator-group/english_443b6567-en. (Review date: 07/09/2024.)
4. Inozemtsev V.L. 2013. Poteryannoye desyatiletie. [The Lost Decade]. M.: Moscow School of Political Studies. 600 pp.
5. “Qazaqstan Respublikasinin koshi-kony” [Population migration in the Republic of Kazakhstan]. Statistical Yearbook. P6 170. – Astana, 2023. // URL:<https://stat.gov.kz/national/2021>. (Review date: 07/09/2024)
6. Aleumettanu boinsha tusindirme sozdik. [Explanatory dictionary of sociology]. // URL:<http://sociology.niv.ru>. (Review date: 07/09/2024)
7. Kudryavtsev V.A., Kashtanova S.N. etc. Kul'tura inkluzii kak strategicheskij orientir v postroenii obshchestva ravnynh vozmozhnostej. [A culture of inclusion as a strategic guideline in building a society of equal opportunities]. // Development of Inclusion in Higher Education: a Network Approach. - M.: MGPPU, 2018. – P.31 // URL:https://psyjournals.ru/nonserialpublications/inclusdev_2018/contents/inclusdev_2018_Kudryavtsev_Kashtanova__et_al.pdf. (Review date:10.07.2024.)
8. Baryshnaya N.A. 2014. Naciestroitel'stvo kak sposob formirovaniya mezhetnicheskikh otnoshenij. [Nation-building as a way of forming interethnic relations]. // Vlast. No. 3. P. 43-47. //URL:(<https://jour.fnisc.ru/index.php/vlast/article/view/2576>). (Review date:10.07.2024.)

Саманта Нұрлан¹, Тенгеш Қаленова², Хасан Йазыджы³

¹Л. Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті докторанты
e-mail: samanta007@bk.ru

²Л. Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
профессор м.а., т.ғ.к., қауымдастырылған профессор
(Астана, Қазақстан)
e-mail: kalenovats@mail.ru.

³Коджаели Университетінің доценті, с.ғ.д.
(Измит, Түркия)
e-mail: hasyaz@hotmail.com

ҚАЗАҚСТАН МЕН ҚЫТАЙ АРАСЫНДАҒЫ ЖАСТАРДЫҢ ТРАНСҰЛТТЫҚ КӨШІ-ҚОНЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ САЯСИ САЛДАРЫ

Андатпа. Қазіргі кезде Орталық Азияда орналасқан Қазақстан мен Қытай шекарасындағы миграциялық саясат бойынша екі ел арасындағы шешуін таппай отырған мәселелер бар. Еліміздегі жастардың жұмыс іздеуі және оқуы мақсатында көрші Қытай еліне баруының трансұлттық көші-қон саласындағы саяси салдарын зерттеу өзекті мәселе. Осы бағытта, зерттеудің мақсаты – еліміздің жастарына қатысты трансұлттық көші-қонның негізгі себептері мен салдарын анықтау. Бұл зерттеуде жастардың көші-қоны саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі мәселелері анықталды. Жастардың әлеуметтік проблемаларын шешуге бағытталған зерттеулер мен шешімдерді қабылдау мақсатында жас мигранттарға қатысты мемлекеттік және жергілікті атқарушы биліктерге арналған ұсыныстар берілді.

Мақала авторлары Қазақстан Қытаймен шекарасын ашқан жағдайдағы жастардың трансұлттық көші-қонының артуы белгілі бір саяси салдарға әкелетінін анықтады. Зерттеу барысында теориялық талдау әдістерімен қатар, соңғы 6 жылдағы жастар миграциясы бойынша статистикалық мәліметтер нәтижелеріне салыстырмалы талдау жасалды. Зерттеу нәтижесінде Қазақстан жастарының Қытай еліне кетуінің негізгі себептері мен салдары анықталды. Зерттеу нәтижелерін еліміздің сыртқы саясатының негізгі бағыттарын зерттеуде, жастар миграциясын зерттеушілерге қосымша материал бола алады. Сонымен қатар, зерттеу деректерін сыртқы миграция, саясаттану, әлеуметтану және жастардың көші-қон мәселелесі бойынша пайдалануға болады.

Түйін сөздер: Орталық Азия, миграция, Қытай шекарасы, Қазақстан жастары, сыртқы миграция, трансұлттық көші-қон, саяси себеп-салдар.

Саманта Нурлан, Тенгеш Каленова, Хасан Йазыджы
ТРАНСНАЦИОНАЛЬНАЯ МИГРАЦИЯ МОЛОДЕЖИ МЕЖДУ
КАЗАХСТАНОМ И КИТАЕМ И ЕЕ ПОЛИТИЧЕСКИЕ ПОСЛЕДСТВИЯ

Аннотация. В настоящее время миграция в Центральной Азии и проблемы, связанные с границей между Казахстаном и Китаем, являются нерешенными вопросами между двумя странами. Изучение причин, по которым молодежь Казахстана выезжает в соседний Китай в поисках работы и учебы, а также политических последствий в сфере транснациональной миграции, является актуальным вопросом. В этом направлении целью исследования является определение основных причин и последствий транснациональной миграции для молодежи нашей страны. В данном исследовании были определены основные вопросы государственной политики в сфере молодежной миграции. Даны рекомендации государственным и местным органам исполнительной власти в отношении молодых мигрантов для проведения исследований и принятия решений, направленных на решение социальных проблем молодежи.

Авторы выявили, что рост транснациональной миграции молодежи в случае открытия Казахстаном границы с Китаем приведет к определенным политическим последствиям. В ходе исследования, помимо методов теоретического анализа, был проведен сравнительный анализ статистических данных по миграции молодежи за последний 6 лет. В данной статье раскрываются основные причины и возможные последствия отъезда казахстанской молодежи в Китай. Результаты исследования могут послужить учебным материалом для исследователей молодежной миграции при изучении основных направлений внешней политики страны. Кроме того, данные исследований могут быть использованы в сфере внешней миграции, политологии, социологии, миграции молодежи.

Ключевые слова: Центральная Азия, миграция, китайская граница, молодежь Казахстана, внешняя миграция, транснациональная миграция, политические последствия

Samanta Nurlan, Tengesh Kalenova, Hasan Yazici
TRANSNATIONAL MIGRATION OF YOUTH BETWEEN KAZAKHSTAN AND CHINA AND ITS POLITICAL CONSEQUENCES

Abstract. Currently, migration in Central Asia and problems related to the border between Kazakhstan and China are unresolved issues between two countries. Studying the political consequences in the field of transnational migration of young people from our country to the neighboring China for the purpose of job search and study is an actual issue. In this direction, the purpose of the research is to define the main causes and consequences of transnational migration for the youth of our country. In this study, the main issues of the state policy in the field of youth migration were identified. Recommendations for state and local executive authorities regarding young migrants were given for research and decision-making aimed at solving social problems of young people.

The authors found out that the increase in transnational migration of youth in the event of Kazakhstan opening its border with China will lead to certain political consequences. In the course of the research, in addition to theoretical analysis methods, a comparative analysis was made on statistical data of youth migration in the last 6 years. As a result of the study, the main reasons and consequences of the departure of Kazakhstan's youth to China were determined. The results of the

research can serve as a guide for researchers of youth migration in the study of the main directions of the country's foreign policy. In addition, research data can be used in the field of external migration, political science, sociology, and youth migration.

Keywords: *Central Asia, migration, Chinese border, youth of Kazakhstan, external migration, transnational migration, political consequences*

Кіріспе

Соңғы жылдары Орталық Азияда, оның ішінде Қазақстан Қытаймен шекарасын ашқан жағдайда орын алатын саяси салдарды қарастыру мәселесі өткір болып отыр. Жастардың көрші елдегі білім алуы мен еңбек көші-қонының жағдайы күрделі күйінде қалып отыр. Мигранттар арасында туындаған проблемаларға барабар әрекет ету үшін миграциялық шаралардың тұтас кешенін жүзеге асыруды талап етеді. Аймақтағы жастардың академиялық және еңбек ету ұтқырлығы, атап айтқанда еңбек миграциясы ұлттық үкіметтердің, үкіметтік емес және халықаралық ұйымдардың бірлескен күш-жігерімен, сондай-ақ жас мигранттар қауымдастығының қатысуымен ғана барынша тиімді шешілетін мәселелер болып табылады.

Қазақстан Республикасының 2022-2026 жылдарға арналған көші-қон саясатының тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы заңнамасы қабылдануы көптеген шешімін таппай жүрген мәселелерді реттеуге көмектесті [1].

2016 жылғы Орталық Азиядағы мигранттардың осалдығы және интеграциялық қажеттіліктер туралы және кері көші-қонның негізгі себептері мен әлеуметтік-экономикалық салдары туралы есепте миграцияны бағалау адам құқықтары тұрғысынан радикалданудың әлеуметтік-экономикалық бастауларын түсінудегі маңызды олқылықты толтыратыны айтылған. Зерттеуімізде Орталық Азия елдеріндегі, әсіресе, Қазақстан мен Қытай шекарасына байланысты мәселелер, атап айтсақ, аймақтағы шекара қатынасындағы тұрақсыздықтарды, экстремизмнің алдын алу және кедендегі құқық бұзушықтарға қарсы тұру бойынша әртүрлі бастамалардың маңыздылығын қарастырамыз. Сонымен қатар қазіргі кездегі жастардың көпшілігі шетелде білім алу мен жұмыс жасауда. Олардың қауіпсіздіктерін ұзақ мерзімді дамытудың алғышарттарын шешу үшін қауіптердің салдарын қарастырамыз. Жастар миграциясын маңызды топ ретінде олардың Қытай мен Қазақстан шекарасына жасаған бағалау нәтижелері ұсынылады [2].

Келесі кезекте, жастар миграциясының диаспоралары мен бейресми қолдау желілері арқылы миграцияланудың алдын-алу шараларын да қарастырамыз. Зерттеуде халықтың мобильділігінің, Орталық Азиядағы және одан тыс жерлердегі жастардың еңбек миграциясының динамикасы сипатталады. Қазіргі экономикалық құлдырау мен Қытайға мигранттардың қайта кіруіне тыйым салудың көптеген салдары анықталады. Қазақстандағы еңбек нарығындағы тұрақсыз

жағдайының әлеуметтік-экономикалық салдары талқыланып, жаңа жағдайға бейімделудің кейбір тетіктері ұсынылған: қазақ жастарының елге оралуы мен үкіметтік емес мүдделі тараптармен, сарапшылармен және мигранттармен жүргізілген бірқатар сұхбаттар негізінде анықталды. Қытай мен Қазақстан шекарасындағы кедергілер мен қиындықтар сөз болады. Жас мигранттардың құқықтық, экономикалық және әлеуметтік жағдайының нашарлауын ескере отырып, олардың жекелеген санаттарына әсер ететін нақты осалдықтарды көрсетіледі. Жалпы, жас тар миграциясының әлеуметтік және идеологиялық әлеуеті арасында байланыстардың тиімділігі көрсетіліп, қауіптер мен салдарын жойылмаған жағдайда, шындыққа айналуы мүмкін бірқатар ықтимал сценарийлер көрсетіледі.

Миграция салдары белгілі болған сайын, шекара қызметіне қатысты проблеманы қабылдаушы және жіберуші елдердің қатысуымен ғана тиімді шешуге болатыны анық. Біздің зерттеу нәтижелеріміз сыртқы күйзелістерге жауап ретінде жас тар тарапынан мобильділіктің артуы мен жас мигранттардың жаңа бағыттарды іздеуі Қытай мен Қазақстан арасындағы ынтымақтастықты жаңа деңгейге көтеруді талап етеді. Осыған байланысты Орталық Азия мемлекеттерінің үкіметтеріне еңбек мигранттарының ұтқырлығын ынталандырудан, олардың құқықтарын қорғаудан және қамтамасыз етуден бастап кең ауқымды мәселелерді қамтитын миграция саласындағы ынтымақтастық туралы өңірлік келісімге қол қойылды. Миграция үшін қауіпсіз орта, жас мигранттардың жекелеген санаттарының қауіпсіздіктерінен туындайтын қауіп-қатерлеріне қарсы тұру үшін кешенді негізде және адам құқықтарын сақтай отырып құрылған стратегиялық жоспар қажет. Қазақстанның жас мигранттарын интеграциялау және реинтеграциялау, аймақта табыс әкелетін жаңа қызмет түрлерін дамыту мәселелерін шешу үшін ұлттық және аймақтық деңгейде күш-жігерге басымдық берілуі керек. Жас мигранттардың осал тұстарын жоюмен әлеуметтік-экономикалық ықпалдасу еліміздің саясатының маңызды профилактикалық құрамдас бөлігі болуы шарт.

Шетелде жұмыстың жоқтығы, материалдық және қаржылық қиындықтар жас мигранттарды заңсыз әрекеттерге итермелеуі мүмкін немесе тіпті қылмыстық топтардың құрбанына айналуы мүмкін экономикалық факторлар да жас мигранттардың келеңсіз салдарға тап болуына ықпал етеді. Қазақстан мен Қытай шекарасындағы жас мигранттардың кездесетін түрлі қиыншылықтардың салдары екі ел арасындағы қатынастың ушығып етуіне қосымша түрткі болуы мүмкін. Жас мигранттардың әлеуметтік-экономикалық және басқа да проблемаларды тікелей бастан кешіретін әлеуметтік топ болғандықтан, мигранттардың осал топтарының әлеуетіне қатысты мәселелерді жоққа шығаруға болмайды. Халықтың белсенді бөлігі бола отырып, жас мигранттар күрделі жағдайдан шығудың жолы ретінде Қытай елінде білім алу мен жұмыс істеуді жаңа идеология ретінде көріп Қытай мемлекетіне жиі барғанымен, шекарадан өту кезінде түрлі конфликтердің құрбанына

айналуы әбден мүмкін. Сондықтан, мақалада Қазақстан жастарының Қытай еліне кетуінің негізгі себептері мен салдары анықтала отырып, ондағы проблемалардың шешімі ұсынылуы зерттеудің маңызын көрсетеді.

Зерттеу әдістері

Зерттеуде бағалау, әдебиеттерге талдау, салыстыру әдістері басшылыққа алынды. Жастардың ең осал және шеттетілген көші-қон топтарын дәлірек анықтау үшін жалпы фокус-топ, атап айтсақ, 84 мигрант қатысқан жартылай құрылымдық сұхбат қолдану арқылы сапалылық-сандық әдіс қолданылды. Респонденттердің көпшілігі 2015–2023 жылдары Қазақстан мен Қытай шекарасынан өткен 18-23 жас аралығындағы Қазақстан жастары. Зерттеу тобы таңдаған респонденттердің арасында маусымдық мигранттар мен оралмандар да болды. Олар Қытайда 6 айдан бір жарым жылға дейін тұрғандар және соңғы 1-3 ай аралығында туған елге тұрақты түрде оралғандар.

Әдебиетке шолу

К.П. Курьяев және басқалар зерттеулерінде «еңбек көші-қонының жағдайы, бір жағынан, Еуропалық Одақтың көші-қон саясатын қатайтуына себеп болған көші-қон дағдарысымен, екінші жағынан, Ресей Федерациясындағы экономикалық дағдарыспен айтарлықтай қиындады» деп көрсетілген. Бұл жаңдай шын мәнінде көрші отырған Қазақстан мен Қытай мемлекетінің арасындағы шекара аймағында саяси тұрақтылықты дамытуға әсерін тигізді. Қазақстан жастары үшін Еуропа мен Ресей мемлекетіне білім алып, жұмыс жасағаннан көрі географиялық жағынан да экономикалық жағынан да едәуір тиімді көрші Қытай мемлекетіне барудың маңызды екенін арттыруда [5, 319 б.].

Орта Азия мемлекеттері арасында еліміздегі жастарға білім алу мен шетелде білім алуға деген еріктілік жастар саясатына деген артықшылықтарымызды көрсетеді. И.М.Ильинский бойынша әлеуметтік ұтқырлықтың үстемдігін дамыту жеке тұлғаның мінез-құлық принциптерінің әртүрлі жағдайларда әртүрлі өзгерістерге ұшырауымен түсіндіріледі. Шетелде білім алуды дұрыс жоспарламау әлеуметтік теңсіздік мәселесін көтеруі де ықтимал [3].

Дегенмен, Т.С.Садықов «жастар өз тағдырларын толығымен өзгерте алмайды» дейді. Бұл бастама мемлекет тарапынан басшылыққа алынуы керек. Жастардың кәсіби білімі мен біліктілігін арттыруда оларға өз қалаулары бойынша мансаппен айналысуына мүмкіндік берумен шектелмеуі керек [4].

Жалпы, Timmer Н. зерттеуіне шолу жасауда жалпы миграция жастар арасында көп байқалуы, олардың жаңа өмір мен жаңа білімге деген құлшынысынан пайда болады. Дегенмен, егер ол дұрыс ұйымдастырылмаса, сыртқы миграцияның саяси салдары ауыр болуы мүмкін [6].

Осы бағытта, М.С.Садырова, Г.О.Абдикерова, А.Б.Сарсенова, Д.Н.Нұрандар Қазақстанның жас мамандарының кәсіби әлеуетін дамытуда олардың кәсіби мақсаттары мен жетістіктерге жетуі – қоғамдағы қажеттіліктері мен жаңалықтарының болуына байланысты екеніне назар аударады [7].

Г.О.Әбдікерова, С.М.Дүйсенова (2019) бойынша жоғары білім беру жүйесі шетелмен академиялық ұтқырлық бағдарламалары бойынша шетелде білім алу, оның ішінде көршілес Қытайда білім алу соңғы кезде күрт дамығаны айтылады [8, 95 б.]. Сыртқы миграцияның келеңсіз салдары да жоқ емес. К.Кайзер мен Б.Сұлтанов «мигранттардың бақылаусыз ағыны жергілікті халықтың бір бөлігі үшін бәсекелестік туғызып, ұлттық еңбек нарықтарындағы жағдайды нашарлатады. Жұмыс таппаған мигранттар көбінесе заңсыз есірткі саудасымен және қару-жарақ контрабандасымен айналысатын қылмыстық қоғамдастықтарға тартылады. Әлеуметтік баспалдақтың ең төменгі сатыларында тұрған, тұрақсыздығы мен келешегі жоқтығына ренжіп, ашуланған мигранттар дамушы ғана емес, дамыған елдердегі жағдайды тұрақсыздандыруға тырысып жатқан террористік және экстремистік діни ұйымдарға қосылудың қолайлы нысанасы болып табылады» деп айтып өткеніндей, сыртқы миграцияны дұрыс ұйымдастыру өте маңызды [9, 6 б.].

Осы бағытта, А.Жанұзақов жастардың елден жаппай кетуінің бірнеше факторларын атап өтеді. Негізгі себептері, қытай тілін оқу мен жұмыс істеуге деген құлшыныстан пайда болады. Бірақ пайдалы жақтары да бар. Оларды тек елде емес шетелде білім алуға бағыттау, олардың шетелдің озық технологияларын елімізге алып келіп, жаңа көзқарастармен іске асыруына бірден-бір себеп [11, 87 б.].

Өз кезегінде, В.В.Бебер-Пфляумер мен А.В.Артеменко жастар үшін салауатты қоғамда еркін дамуының негізгі факторлары ретінде оларға барлық мүмкіндіктер қарастырылуы тиіс дейді [10, 57 б.].

Осы бағытта, Қ.Досанова, М.Күнекова, Қ.Жұмашева, А.Досанованың зерттеулерінде айтылған ұлттық болмыс этникалық топтардың туған жер, отбасы дәстүрі, адамдық қадір-қасиет ұғымдарын биікке көтеруін көрсетеді. Қазіргі көршілес елдермен өзіміздің мәдени болмысымызды дамыту үшін шетелді білім алу мен еңбек ету маңызды [12].

2016 жығы еңбек миграциясына талдауда көрсетілгендей, еңбек мигранттарының құқықтарын құрметтеу заңды, өркениетті көші-қонның маңызды алғышарты болып табылады. Бірақ бұл құқықтар үнемі бұзылып отырады. 2011 жылы Қазақстанда жүргізіген әлеуметтанулық сауалнама шетелде жұмыс істеген мигранттардың еңбек және әлеуметтік құқықтарының жаппай бұзылуын анықтаған. Олардың 47,5% тәжірибелі жұмыс берушілермен ресми құқықтық мәртебе беретін еңбек шартын жасасудан бас тартқанын, 53% жалақыны кеш алғанын, 17,8 % жалақыны мүлде алмағанын мәлімдеген. Оның 12,5% ақысыз жұмысқа мәжбүрленгенін, 30,7% төлқұжаттарын бермей қойғандығын, 41,6% жұмыс орнынан шығуға рұқсат етілмегенін, 17,8% медициналық қызмет көрсетуден бас тартылғандығына шағымданған. Баратын елдердің әлеуметтік инфрақұрылымы талапқа сай болмағандығын көрсетеді [14].

А.Е.Серікқалиева, Г.Е.Надинова, Н.Б.Сапарбаева өз зерттеулерінде «Қытайдағы жоғары оқу орындарында білім алғысы келетін қазақстандық студенттерге салыстырмалы түрде жоғары сапа және қолжетімді баға жағдайында прагматизмді таңдау, кейде бағдарламаларға еркін қол жеткізу, оқудан кейінгі білім алу мүмкіндігі, аймақтық және уақыт өте келе жаһандық көшбасшы болуға үміткер елдің қуатты экономикалық жүйесі аясында түлектерді жұмысқа орналастыруда» маңызды фактор екені айтады [15, 506 б.].

Орталық Азиядағы еңбек көші-қонымен байланысты артықшылықтар даусыз болғанымен, бұл процесс негізінен реттелмеген. Мигранттардың құқықтық сауаттылық деңгейі әдетте төмен келеді. Олар қабылдаушы елге заңды түрде келгенімен, көбінесе олар тиісті еңбек шартынсыз заңсыз жұмысқа кіріседі. Бұл оларды әлеуметтік қорғаудан айырады, ал мемлекет оларды еңбек табысына салықтан айырады.

Жоғарыда аталған қиындықтарға қарамастан, сыртқы көші-қонды басқару саласында зерттеуге және қайталауға лайықты бірқатар оң бастамалар бар. Қазақстан жоғарыда аталған 2006 жылғы көші-қон амнистиясынан және 2013 жылғы заңнамалық түзетулерден басқа, Қытаймен еңбек көші-қон реттеу және мигранттардың құқықтарын қорғау бойынша бірқатар реадмиссия туралы келісімдер мен екіжақты шарттарға қол қойылды. Заңды уақытша жұмыспен қамтуды ынталандыру үшін, оның ішінде елге келу мен кетудің оңайлатылған тәртібін қарастыратын заң нормалары қарастырылды.

Байқап отырғанымыздай, шетелге жұмыс жасауға барған сыртқы мигранттардың әлеуметтік-экономикалық мәселелері өте көп екені байқалады. Мигранттар үшін шетелде жұмыс істеудің басты пайдасы – олардың отбасыларының экономикалық жағдайының жақсаруы. Сонымен қатар, олар кәсіби және әлеуметтік тәжірибе жинақтап, үйге оралған соң жақсы жұмысқа орналасу мүмкіндігіне ие болады. Алайда, артық жұмыс күшінің эмиграциясы әлеуметтік шиеленіс пен толқулардың алдын алып, жергілікті еңбек нарығында тепе-теңдікті орнатуға көмектеседі. Ал, саяси салдары екі ел арасындағы сенімсіздік пен тұрасыздықтың әкелуіне себеп болады. Осы бағытта, бұл даулы мәселе, әлі де шешімін табуы керек сала ретінде халықаралық стандарттар мен заңдарды күйшейтуді талап етіп отырған сала болып қала береді.

Зерттеу нәтижесі

Елімізде ішкі және сыртқы мигранттарды, Қазақстанда тиімді интеграциялауына негізгі себептер: мигранттарға құқықтық, экономикалық және әлеуметтік қолдау көрсете алатын күшті диаспоралардың болуына байланысты. Қазақстан мен Қытай мемлекетінің шекарасындағы мәселелер мен оның салдарын анықтау үшін 2015–2023 жылдары Қазақстан мен Қытай шекарасынан өткен 18-30 жас аралығындағы Қазақстан азаматтарына сауалнама жүргізілді.

Сауалнама сұрақтары келесі 8 сұрақты қамтыды:

1. Сіз Қазақстан азаматысыз ба?

2. Қытай еліне барып тұрғыңыз келе ме?

3. Қытай мемлекетіне жұмыс істеу тиімді деп ойлайсыз ба?

4. Қытай мемлекетінде білім алғыңыз келе ме?

5. Қытай мен Қазақстан шекарасындағы көші-қон жұмысына көңіліңіз тола ма?

6. Қытай мен Қазақстан шекарасында проблемалар болды ма?

7. Қытай мен Қазақстан шекарасында визасыз режим орнату керек деп ойлайсыз ба?

8. Қытай мен Қазақстан шекарасында саяси қауіптер бар ма?

Иә


Жоқ

Бұл өте маңызды емес

Жауап беру қиын

Пікір: Қытай мен Қазақстан шекарасына қатысты өз ойыңызды білдіріңіз

Сауалнамаға қатысқан респонденттердің барлығы 18-25 жас арлығындағы жастар. Келесі диаграммада сауалнама нәтижелерін көруге болады.



1-сурет. Сауалнама нәтижелері

**Авторлар құрастырған*

Көріп отырғанымыздай, респонденттердің 98% қазақ ұлтынан. Тек 2% басқа ұлт өкілдері. Сауалнама нәтижесінде респонденттердің 42% – Қытай еліне барып тұрғыңыз келеді, себебі көршілес елде 44% жұмыс жасау мен 21% білім алу тиімді деп ойлайды. 32% респонденттер нақты жауап беруге тартынды. 24% жастар елден кетіп, Қытайда жұмыс істегісі келеді. Жастардың 22%-ы Қытай мен Қазақстан шекарасында проблемалар болғанын айтады. Дегенмен 64% респонденттер екі мемлекет арасындағы

көші-қон бойынша мәселелер жоқ екеніне сенімді. 71% респонденттер Қытай мен Қазақстан шекарасында визасыз режим орнату керек десе, 29% – визасыз режимді қолдамайтыны байқалды. Бұл екі ел арасындағы ынтымақтастық пен көші-қон кедергілерінің болуына деген сенімсіздіктің бар екендігін байқатады. Қытай мен Қазақстан шекарасында саяси қауіптер бар ма? – деген сұраққа 29% респонденттер «бар» деп жауап берді. Сонымен қатар, сауалнама соңында респонденттердің пікірлеріне арналған орын болды. Ол жерде екі елдің шекарасындағы саяси мәселерге қатысты өз пікірлері мен ойларын көрсетуді сұрадық. Респонденттердің 70%-ы Қытай еліндегі жаңа жағдайларға бейімделу стратегиясының жоқтығын айтты.

Зертеу нәтижелеріне талдау халықаралық ұйымдардың, үкіметтік емес ұйымдардың, мигранттар қауымдастығының және мемлекеттік органдардың бірлескен күш-жігері арқылы мигранттар үшін кету алдындағы бағдарлау сессияларын өткізу бойынша жұмысты күшейту қажеттілігін көрсетті. Мұндай бағдарламалар баратын ел туралы ақпаратты және баратын елдегі жұмыс күшіне сұранысқа байланысты қажетті дайындықты қамтамасыз етуі керек. Бұл қабылдаушы елдің тіліндегі сабақтар жеткілікті көші-қон тәжірибесі жоқ мигранттар ұшырайтын тәуекелдерді азайтуға көмектеседі. Жастардың көпшілігі жақсы өмір сүру үшін шет елдерде жұмыс істеу мақсатында елден кетіп жатқанын айтады. Елімізде жастардың жұмыс істеуі мен оқуы үшін нормалар мен жағдайлар бар болғанымен, жастар арасында Қытай мемлекетінде білім алуға және жұмыс жасауға талпыныс көп. Қытай мен Қазақстан шекарасында саяси қауіптер мен сенімсіздік әлі де байқалатыны анықталды.

Зерттеу нәтижелері жас мигранттардың едәуір бөлігінің саяси-экономикалық жағдайы мен құқықтық жағдайының тұрақсыздығы олардың көші-қон туралы шешімдеріне ғана әсерпейтінін байқатты. Егер көші-қон саясатын дамыту және саяси ахуалдардың алдын алмасақ, тек Қытай мен Қазақстан арасында ғана емес, жалпы Орталық Азия елдерінің әлеуметтік-экономикалық әл-ауқаты мен тұрақты дамуы үшін неғұрлым ауқымды, жағымсыз салдарға әкелді. Әлеуметтану тұрғысынан Қытайға қайта кіруге тыйым салынған оралмандар үшін де ұзақ мерзімді салдары бар, олардың реинтеграция мүмкіндіктеріне және балама бағыттарға қауіпсіз көші-қонына әсер етеді. Сыртқы миграцияға тыйым салу аяқталған кезде олардың тұрақтылығын айтарлықтай төмендетеді. Сыртқы миграцияға тыйым салулар тыйым салынғаннан кейін бір-екі жыл ішінде мигранттардың үй шаруашылықтарына, үлкен отбасыларға және/немесе қауымдастықтарға әсер етеді. Сондықтан, Қытай мен Қазақстан шекарасында визасыз режим енгізілген жағдайда, екі ел арасында орын алуы мүмкін саяси-әлеуметтік, саяси-экономикалық қауіп-қатерлерді алдын-ала кең ауқымды қарастыру керек. Оны барынша тиімді пайдалану үшін министрліктер, мемлекеттік ведомстволар, сарапшылар, үкіметтік емес және халықаралық ұйымдар, соның ішінде Халықаралық көші-қон ұйымы, Халықаралық еңбек ұйымы және ЕҚЫҰ арасындағы әрі қарай трансшекаралық ынтымақтастық қажет.

Қытай мен Қазақстан шекарасында болуы мүмкін қауіп-қатерлер мен мәселелердің алдын-алуға жас мигранттардың жағдайын бақылау мен олардың осал тұстарын келесі шаралар арқылы дамытуды ұсынамыз:

- Қытай мен Қазақстанда кедендік мемлекеттік ұйымдардың (жұмыспен қамту орталықтары, консулдық мекемелер) жұмысын күшейту және екі ел арасындағы еңбекші-мигранттарға неғұрлым тиімді құқықтық және әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ету керек;

- Қытай мен Қазақстан айтарлықтай жұмыс мүмкіндіктерге ие екендігін ескере отырып, еңбек нарығында жас мигранттарының жағдайын жеңілдетуде айтарлықтай тәжірибе жинақтаған құрылымдар мен этникалық диаспора ұйымдары арасында ынтымақтастықты орнатуға мән берілуі қажет;

- Еңбекші-мигранттардың құқықтық сауаттылығын арттырудағы жұмыстарды күшейту керек және оларды Қытай мен Қазақстанға бару мен тұрғылықты жерге орналасу туралы заңнама ережелерімен алдын-ала таныстыру қажет;

- Қытай мен Қазақстан шекарасында жас еңбекші-мигранттар арасында беделді қоғам қайраткерлермен кездесулер ұйымдастырып, сұхбаттар жүргізуге жағдайлар жасалуы шарт;

- Көші-қон бойынша жас мигранттар үшін қауіпсіз жұмыс істеу ортасын құруда қажетті ақпаратты тарату мақсатында Қазақстан-Қытай мигранттар қауымдастығы және мемлекеттік ұйымдар арасындағы ынтымақтастық мүмкіндіктерін қарастыру керек.

Қорытынды

Бүгінгі күні жастар арасында көші-қон ауқымы мен күрделілігінің өсуінің жаһандық құбылысқа айналды. Қазір әлемнің көптеген елдері еңбек мигранттарының шығу, транзит немесе баратын жері болып отыр. Оның ішінде, жастарымыздың Қытай сияқты үлкен мемлекетте еңбек ету мен білім алу мақсатында баруы еліміз үшін пайдалы. Еңбек көші-қонының динамикасы жас мигранттардың шыққан немесе баратын елдеріндегі әлеуметтік-экономикалық жағдайымен қатар, екі ел арасындағы шекарадағы саяси мәселелерге үлкен әсер етуі мүмкін. Әсіресе, жастар еңбек көші-қоны жұмыс күшін жаңартуға, ауыл шаруашылығы, құрылыс және жеке қызмет көрсету сияқты еңбекті көп қажет ететін салаларға қолдау көрсетуге, кәсіпкерлікті ынталандыруға, әлеуметтік қауіпсіздік желілерін қолдауға және жұмыс күшінің қажеттіліктерін қанағаттандыруға көмектеседі. Зерттеу нәтижесінде Қытай мен Қазақстан шекарасында болуы мүмкін қауіп-қатерлер мен мәселелердің алдын-алу мақсатында жас мигранттардың жағдайын бақылау мен олардың осал тұстарын дамытуға бағытталған іс-шаралар туралы кеңестер ұсынылды.

Қорыта келгенде, болашақта еліміздегі жастардың Қытай мемлекетіне интеграциялануы мен онда білім алуы мен еңбек етуінде көші-қоны саяси қақтығыстар мен діни ағымдардың алдын алу мақсатында студенттер мен еңбек мигранттарын ақпараттандыру және оқыту бойынша бірлескен стратегиясын әзірлеу қажет.

ӘДБИЕТТЕР:

1. Об утверждении Концепции миграционной политики Республики Казахстан на 2022 – 2026 годы и Плана мероприятий по реализации Концепции миграционной политики Республики Казахстан на 2022 – 2026 годы // URL:<https://legalacts.egov.kz/npa/view?id=13920313> (қаралған күні: 23.12.2023)
2. Уязвимость мигрантов и потребности интеграции в Центральной Азии: Основные причины и социально экономические последствия возвратной миграции. Региональная полевая оценка в Центральной Азии. – Астана, 2016. (қаралған күні: 23.12.2023)
3. Ильинский И.М. (2001) Молодеж и молодежная политика//Философия. История. Теория. – М.: Наука. – 694 с.
4. Садықов Т.С. Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесін модернизациялаудың теориялық және әдістемелік негіздері. – Алматы: Ғылым. – 350 б.
5. Kurylev, K.P. & Turava, G.M. (2020). Book review: Tsygankov, A. (Eds.). (2018). Routledge Handbook of Russian Foreign Policy. Abington: Routledge, 440 p. Vestnik RUDN. International Relations, 20 (3), 634–637. DOI: 10.22363/2313-0660-2020-20-3-634-637
6. Timmer H. (2017) Migration and Mobility in Europe and Central Asia. World Bank Group. International Bank for Reconstruction and Development. // URL: <http://documents.worldbank.org/curated/en/445651508415857577/pdf/120539-replacement-PUBLIC.pdf> (қаралған күні: 23.12.2023)
7. Садырова М.С., Әбдікәрова Г.О., Сәрсенова А.Б., Нұран Д.Н. (2018) Қазақстанның ЖОО түлектері мен жас мамандарының кәсіби әлеуеті: жұмысқа орналасу үлгілері. – Алматы: Қазақ университеті. – 132 б.
8. Әбдікәрова Г.О., Дүйсенова С.М. (2019) Жоғары білім беру жүйесі және қызметкерлері: стратегиялық серіктестік жолында. – Алматы: Қазақ университеті. – 99 б.
9. Кайзер К., Султанов Б. (2017) Мигранты и вопросы их инклюзии в государствах евразийского пространства. - Алматы: Исследовательский институт международного и регионального сотрудничества Казахстанско-Немецкого университета. – 228 с.
10. Бебер-Пфляумер В.В., Артеменко А.В. (2018) Спорт, туризм и здоровый образ жизни молодого поколения // Материалы Республиканской студенческой заочной интернет-конференция. – Көкшетау. - С. 664-670.
11. в А. Почему миграция из Казахстана растет - мнения экспертов // <https://365info.kz/2017/04/pochemu-emigratsiya-iz-kazahstana/> 13.04.2017. (қаралған күні: 23.12.2023)
12. Dossanova K., Kunekova M., Zhumasheva K., Dossanova A. (2018) National identity in the modern education of Kazakhstan- Opción, Universidad del Zulia vol. 34, no. 85-2, pp. 544-568.
13. Ситнянский Г.Ю., Бушков В.И. (2016) Миграции населения в Центральной Азии: прошлое, настоящее и будущее. М.: Институт этнологии и антропологии РАН. – 314 стр.
14. Трудовая миграция в Центральной Азии // 4 июля 2016 <https://www.osce.org/ru/magazine/250406> (қаралған күні: 23.12.2023)
15. Serikkaliyeva A. E., Nadirova G. E., Saparbayeva N. B. (2019) Educational Migration from Kazakhstan to China: Reality and Prospects. Integration of education. V.23, № 4.

REFERENCES:

1. Ob utverzhenii Kontseptsii migratsionnoy politiki Respubliki Kazakhstan na 2022 – 2026 gody i Plana meropriyatiy po realizatsii Kontseptsii migratsionnoy politiki Respubliki Kazakhstan na 2022 – 2026 gody [On approval of the Concept of Migration Policy of the Republic of Kazakhstan for 2022–2026 and the Action Plan for the implementation of the Concept of Migration Policy of the Republic of Kazakhstan for 2022–2026] URL:<https://legalacts.egov.kz/npa/view?id=13920313> (accessed: 23.12.2023)
2. Uyazvimos' migrantov i potrebnosti integratsii v Tsentral'noy Azii: Osnovnyye prichiny i sotsial'noekonomicheskiye posledstviya vozvratnoy migratsii. Regional'naya polevaya otsenka v Tsentral'noy Azii [Vulnerability of migrants and integration needs in Central Asia: Main causes and socio-economic consequences of return migration] Regional Field Assessment in Central Asia - Astana, 2016 (accessed: 23.12.2023)
3. Il'inskiy I.M. (2001) Molodezh i molodezhnaya politika [Youth and youth policy] Philosophy. Story. Theory. - M: Science - 694 p.
4. Sadiqov T.S. Qazaqstan Respublikasindagi bilim berw juyesin modernizaciylawdifi teoriyalıq jane adistemelik negizderi [Theoretical and methodological foundations of modernization of the education system in the Republic of Kazakhstan] - Almaty: Science. - 350 b. (in Kazakh)

5. Kurylev, K.P. & Turava, G.M. (2020). Book review: Tsygankov, A. (Eds.). (2018). Routledge Handbook of Russian Foreign Policy. Abington: Routledge, 440 p. Vestnik RUDN. International Relations, 20 (3), 634—637. DOI: 10.22363/2313-0660-2020-20-3-634-637
6. Timmer H. (2017) Migration and Mobility in Europe and Central Asia. World Bank Group. International Bank for Reconstruction and Development. URL: <http://documents.worldbank.org/curated/en/445651508415857577/pdf/120539-replacement-PUBLIC.pdf> (accessed: 23.12.2023)
7. Sadirova M.S., Abdikerova G.O., Sarsenova A.B., Nuran D.N. (2018) Qazaqstannıń JOO tulerteri men jas mamandarınıń kasibi aleweti: jumısqa ornalasw ulgileri (нормальный латиский) [Professional potential of Kazakhstan university graduates and young specialists: employment patterns]. Almaty: Kazakh University. – 132 p.
8. Abdikerova G.O., Duysenova S.M. (2019) Jogarı bilim berw juyesi jane qızmetkerleri: strategiyalıq seriktestik jolında [Higher education system and employees: on the path of strategic partnership] - Almaty: Kazakh University. - 99p.
9. K. Kayzer, B. Sultanov (2017) Migranty i voprosy ikh inklyuzii v gosudarstvakh yevraziyskogo prostranstva [Migrants and issues of their inclusion in the states of the Eurasian space]. - Almaty: Research Institute of International and Regional Cooperation of the Kazakh-German University. - 228 p.
10. Beber-Pfilyaumer V.V., Artemenko A.V. (2018) Sport, turizm i zdorovyy obraz zhizni molodogo pokoleniya [Sports, tourism and healthy lifestyle of the young generation] Materials of the Republican student correspondence Internet conference. – Kokshetau. pp.664-670p.
11. Zhanuzakov A. Pochemu migratsiya iz Kazakhstana rastet - mneniya ekspertov [Why migration from Kazakhstan is growing - expert opinions] // <https://365info.kz/2017/04/pochemu-emigratsiya-iz-kazakhstan/> 13.04.2017. (accessed: 23.12.2023)
12. Dossanova K., Kunekova M., Zhumasheva K., Dossanova A. (2018) National identity in the modern education of Kazakhstan- Opción, Universidad del Zulia vol. 34, no. 85-2, pp. 544-568.
13. Sitnyanskiy G.YU., Bushkov V.I. (2016) Migratsii naseleniya v Tsentral'noy Azii: proshloye, nastoyashcheye i budushcheye [Population migrations in Central Asia: past, present and future] M.: Institute of Ethnology and Anthropology of the Russian Academy of Sciences – 314 p.
14. Trudovaya migratsiya v Tsentralnoy [Labor migration in Central Asia] // July 4, 2016- <https://www.osce.org/ru/magazine/250406> (accessed: 23.12.2023)
15. Serikkaliyeva A. E., Nadirova G. E., Saparbayeva N. B. (2019) Educational Migration from Kazakhstan to China: Reality and Prospects- Integration of education. V. 23, № 4.

Қанат Еңсенов¹, Нұрбек Пұсырманов², Асем Құльбаева³

*¹Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Мемлекет тарихы институтының жетекші ғылыми қызметкері,
тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор
e-mail: kanat-02-79@mail.ru*

*²Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Ғылым комитеті Мемлекет тарихы институтының директоры, PhD,
(Астана, Қазақстан),
e-mail: nurbekp89@gmail.com*

*³Ш.Есенов атындағы КТИУ, “Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер
және Қазақстан халқы Ассамблеясы” кафедрасының меңгерушісі
(Ақтау, Қазақстан)*

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНЫҢ ӨҢІРЛІК ДАМУЫ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДЕРМЕН ӘРІПТЕСТІК БАЙЛАНЫСТАРЫНЫҢ ТАРИХЫ (1991-2021 жж.)

Аңдатпа. Бұл мақалада Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейінгі уақытта 1991-2021 жылдар аралығында жақын және алыс шетелдермен қарым-қатынастар орнатуы, саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени әріптестік байланыстары тарихи-саяси аспектіде қарастырылған. Соның ішінде жекелеген облыстар да аймақтық сыртқы саясатта шетелдермен қарым-қатынастар жасауы жеке зерттеу нысаны етіп алынған. Атап айтсақ, Жамбыл облысының өңірлік дамуына назар аударсақ, облыс әкімшілігі Қазақстан Республикасының Президенті және Қазақстан Республикасының Үкіметімен келісе отырып, шетелдермен әріптестік байланыстар орнатып, агроөнеркәсіп, тау-кен ісі, химия өнеркәсібі, фосфор, алтын өндіру, уран өндіру және тағы басқа салалар бойынша инвестициялық жобаларды жүзеге асырғандығы байқалады. Осындай Жамбыл облысының өңірлік дамуын зерделеу үшін тарихнамалық әдебиеттерден Шетелдік және Отандық авторлардың еңбектеріне талдау жасалып, архив материалдары ғылыми айналымға тартылды.

Түйін сөздер: Қазақстан, тарих, сыртқы саясат, халықаралық қатынастар, экономика, дипломатия, шетелдермен қарым-қатынас, инвестиция.

Қанат Еңсенов, Нұрбек Пұсырманов, Асем Құльбаева
**ИСТОРИЯ РЕГИОНАЛЬНОГО РАЗВИТИЯ ЖАМБЫЛСКОЙ
ОБЛАСТИ И СОТРУДНИЧЕСТВА С ЗАРУБЕЖНЫМИ СТРАНАМИ
(1991-2021 ГГ.)**

Аннотация. В данной статье в историко-политическом аспекте рассматривается установление отношений Казахстана с ближним и дальним зарубежьем в период с 1991 по 2021 годы, а также связи политического, социально-экономического и культурного партнерства после обретения Республикой независимости. Отдельные области, в том числе и региональные внешнеполитические отношения с зарубежными странами, являются предметом отдельного исследования. В частности, обращая внимание на региональное развитие Жамбылской области, отмечается, что администрация области по согласованию с Президентом Республики Казахстан и Правительством Республики Казахстан установила партнерские отношения с зарубежными странами и реализовала инвестиционные проекты в агропромышленной, горнодобывающей, химической промышленности, фосфорной, золотодобывающей, урановой и других отраслях. Для изучения регионального развития Жамбылской области проведен анализ работ зарубежных и отечественных авторов, а также введены в научный оборот архивные материалы.

Ключевые слова: *Казахстан, история, внешняя политика, международные отношения, экономика, дипломатия, отношения с зарубежными странами, инвестиция.*

Kanat Yensenov, Nurbek Pussyrmanov, Asem Kulbayeva
THE HISTORY OF REGIONAL DEVELOPMENT OF ZHAMBYL REGION AND COLLABORATION WITH FOREIGN COUNTRIES (1991-2021)

Abstract. The establishment of Kazakhstan relations with near and far abroad countries in the period from 1991 to 2021 in the historical-political aspect and the links of political, socio-economic and cultural partnership after the gaining of independence by the Republic is considered in this article. The individual regions, including regional international foreign policy relations with foreign countries, are the subject of a separate research. In particular, drawing attention to the regional development of Zhambyl region, it is noted that the regional administration in coordination with the President of the Republic of Kazakhstan and the Government of the Republic of Kazakhstan has established partnerships with foreign countries and implemented investment projects in agro-industrial, mining, chemical industry, phosphate, gold mining, uranium and other industries. For the study of the regional development of Zhambyl region, the works of foreign and domestic authors were analyzed, as well as archival materials were introduced into scientific turnover.

Keywords: *Kazakhstan, History, Foreign Policy, International Relations, Economics, Diplomacy, Relations with Foreign Countries, Investment.*

Кіріспе

Кенес Одағы ыдырағаннан кейін Қазақстан Республикасы өз алдына тәуелсіздік алды. Әр облыс өзінің ерекшелігіне байланысты дамуға бағытталды. Еліміздің басқа облыстары сияқты Жамбыл облысы да өзіндік дамуымен ерекшелене түсті. Облыста ең алдымен аймақтық көші-қон, сауда-экономика, кен істері, кәсіпорындар жұмысы ретке қойыла бастады.

Қазақстан Республикасының алыс және жақын шетелдермен әріптестік қарым-қатынастары халықаралық дәрежедегі мемлекеттердің байланысы екендігі анық. Әлемдегі мемлекеттердің бір-бірімен қарым қатынастары екі жақты немесе көпвекторлы бағытта жүреді. Атап айтқанда, олардың негізгісіне экономикалық, саяси және мәдени байланыстар сияқты арнайы салалар жатады. Мемлекетаралық қарым-қатынасты тарихи тұрғыдан зерттеу және зерделеу аса маңызды мәселе. Яғни, екі елдің байланысын қарастыра отырып, әлемдік деңгейдегі қарым-қатынастармен үздіксіз жүріп жатқан процестерді де байқаймыз. Бұл процестерден мемлекеттердің дамуын, болашағын және әлем мемлекеттерімен қатар дамуын зерделеуге болады.

Қазақстанда Жамбыл облысының өзіндік даму ерекшелігі қалыптасты. Атап айтсақ, аграрлық өндіріс саласы, тау-кен ісі, сауда-экономика және химия өнеркәсібі қарқынды дамый бастады. Осы аталған өндіріс орындарының бірқатарына шетелдік инвесторлар қаражат салды. Облыс алыс және жақын шетелдермен қарым-қатынастар жасай бастады.

Мақсаты. Қазақстан Республикасының әлемдегі алыс және жақын шетелдерімен қарым-қатынастары орнатылған. Еліміз көпвекторлы бағытта байланыстар жасап келеді. Қазақстан аймақтарындағы облыстар да жеке дара шетелдермен қарым-қатынастар жасауда. Атап айтсақ, сондай облыстардың бірі – Жамбыл облысы екендігі анық. Бұл облыстың өзіндік табиғаты мен ерекшеліктері бар. Шетелдермен өзара келісімдер жасаған. Міне, осы Жамбыл облысының өңірлік даму тарихын өз алдына жеке қарастыру да маңызды. Сондықтан, Жамбыл облысының өңірлік дамуына қатысты тарихнамалық әдебиеттерді қарастыру, архив деректерін ғылыми айналымға келтіру және өңірдің дамуына сараптама жасау аса маңызды мәселе болып табылады.

Міндеті. Жамбыл облысының өңірлік дамуында өзіндік ерекшеліктер бар. Сол себепті өңірге қатысты ғылыми әдебиеттер қарастыру; Архив деректерін қарап, ондағы деректерді ғылыми айналымға келтіру; Облыстың дамуына қатысты статистикалық деректерді талдау; Жамбыл облысының әлеуметтік-экономикалық даму нәтижелерін саралау; Облыстың алыс және жақын шетелдермен келісімдері, инвестиция тарту және жобаларды іске асыруын қарастыру; Өңірдің мәдени-рухани дамуын зерделеу; Жеке облыс ретінде өз ерекшеліктеріне мән беру; Болашақ дамуында қандай перспективалар бар екендігін нақтылай түсу жоспарланды.

Зерттеудің әдістемесі

Ғылыми-зерттеудегі теория-методология. Халықаралық қатынас және сыртқы саясат мәселесі өз алдына пәнаралық байланыста жеке зерттеуді қажет ететін сала. Сондықтан, халықаралық қатынас мәселелерін қарастырғанда тарихи тұрғыдан зерттеу де маңызды. Халықаралық қатынаста Қазақстан Республикасының аймақтық қарым-қатынастарының облыстар бойынша дамуын, ерекшелігін теория-методологиялық негізде зерттеудің өзіндік ұстанымдары бар.

Ресей ғалымы П.А.Цыганков халықаралық қатынастардағы теория-методология проблемасына байланысты: «XX ғасырдың басында пайда болған халықаралық қатынастар теориясы тез күшейіп, академиялық қоғамдастық пен сарапшылық ортадағы маңызды әлеуметтік пәндердің бірі мәртебесіне ие болды» [1], - деген тұжырым жасаған.

Халықаралық қарым-қатынасты зерттеуші Қырғызстан ғалымы А.Э.Джоробекова «Теория международных отношений» атты еңбегінде: «Халықаралық қатынас – ғылым саласының құрамды бөлігі. Ол өзіне дипломатия тарихы, халықаралық құқық, әлемдік экономика, әскери стратегия және басқа да салаларды қамтып, әртүрлі объектілерді біртұтас зерттейді. Сондықтан, халықаралық қатынас теориясы маңызды рөл атқарады. Оның өзіндік концепциясы теория-методологиясы бар» [2], - деп жазды.

Жамбыл облысының өңірлік дамуында өзіндік ерекшеліктер бар. Оны теория-методологиялық тұрғыдан зерттеу үшін ең алдымен тарихнамалық әдебиеттерді қарастыру, архив деректері мен статистикалық мәліметтерді талдау және өңірдің тұтас даму ерекшелігіне сараптама жасау мәселесі де теория-методологиялық ұстаным негізінде жүзеге асады.

Ғылыми зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздерін тарихи зерттеудің жалпы ғылыми әдістері құрайды. Еңбекті жазу барысында нақтылы фактілік материалдарды және архивтік деректерді, тақырыпқа қатысты жарияланған ғылыми мақалаларды, зерделеу, талдау, және сандық мәліметтерді жинақтау, жүйелеу, салыстыру, саралау, қорытындылау арқылы жүргізіледі.

Тарихнама. Қазақстан Республикасының 1991-2021 жылдар аралығындағы көпсалалы сыртқы саясатының нәтижесі қазіргі жаһандану заманы талаптарына сай толыққанды жүзеге асырылып отырғандығының куәсі екендігі анық. Мұның өзі әлемдік қауымдастықта лайықты орны қалыптасқан Тәуелсіз Қазақстанның геосаясатта экономикалық, тағыда басқа бағыттарда өзара тиімді қатынас орнатып келе жатқандығы үлкен әсер етуде. Өйткені Қазақстанның Евразия құрылығының дәл ортасында орналаса отыра Европа мен Азияны жалғастырушы мемлекет және транзиттік әлеуеті зор екендігі барша әлемге белгілі болды. Осындай ғылыми-зерттеу нысаны етіп алынған Қазақстан мен шетелдердің халықаралық аймақтық қарым-қатынастары арнайы зерттеледі.

Қазақстан сыртқы халықаралық байланыста шетелдік инвестиция тартуда да көп жұмыстар атқарды. Әлемнің жетекші елдерінің компания және фирмаларымен келісімдер жасалды. Сыртқы саясатта нақты бағыттар анықталды. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы әлемдік қауымдастықта өз орыны бар мемлекет [3].

Белгілі саясаткер, дипломат, мемлекет қайраткері (Қазіргі Қазақстан Республикасының Президенті) Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Беласу» атты кітабында Тәуелсіз Қазақстанның сыртқы саясатының қалыптасуы мен дамуына терең де келелі тұрғыда талдау жасалған [4]. Демек, осы тұжырымдардан біз Қазақстан Республикасының әлемдік қауымдастыққа кірігуі және онда өз орынын иеленіп, шетелдермен байланыстарға түсе бастағандығын нақты тарихи контекстте байқап отырмыз.

Аталған облыстың даму тарихына қатысты еңбек жазған авторлардың бірі М.Рысдәулеттің «Жамбыл облысы 75 Жылнама-шежіре» деп аталады. Бұл еңбекте Жамбыл облысының әр жылы мен маңызды датасындағы тарихи оқиғалар тізбегі берілген. Яғни, маңызды шешімдер қабылданған күндер және жылдар ретімен берілген. Демек, облыстың даму тарихының жылнамасы ретінде жазылған еңбек деп атауға болады [5].

Жамбыл облысының өңірлік даму тарихына қатысты Ә.Баққараұлының «Жамбыл облысының бірінші басшылары» атты еңбегі барық көрген. Онда Қазақстан тәуелсіздігі жағдайында облыстың қалыптасуы мен даму тарихы, шетелдермен байланыстар, тартылған инвестициялар, әрбір бірінші басшының тұсындағы жаңа қадамдар, бастамалар және атқарылған жұмыстарға шолу жасалған. Автордың бұл еңбегі өте құнды. Себебі, облыстың бірінші басшыларының тұсындағы даму статистикалық мәліметтер мен архив деректерінің негізінде жазылған [6].

Деректер. Жамбыл облысының даму тарихына қатысты деректердің бірінші тобын Қазақстан Республикасы Президенті архивінің құжаттары құрайды. Онда 5-Н-қорда Қазақстан облыстарының ішкі дамуы және шетелдермен қарым-қатынастары, әлеуметтік-экономикалық және көрсеткіштері, мәдени-рухани даму туралы ақпараттар бар. Атап айтсақ, 5-Н-қор, 1-тізбе, 1572 және 7576 істерде Жамбыл облысының даму тарихына қатысты нақты мәліметтер сақталған [7].

Екінші архив деректер тобын Жамбыл облысының мемлекеттік архивінде сақталған құжаттар құрайды. Бұл архивтің 150-қоры Жамбыл облысы әкімдігінің құжаттарынан құралған. Онда облыс әкімдерінің әр жылдарда Қазақстан Республикасы Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметімен жазысқан хаттары, стратегиялық жоспарлары және шетелдермен қарым-қатынастар, инвестициялық жоспарлардың атқарылуы туралы статистикалық, ақпараттық материалдар бар. Мысалы, 150-қор, 1-тізбе, 536-істе Жамбыл облысының шетелдермен инвестициялық жобалар туралы мәліметтер берілген [8].

Зерттеу нәтижелері және талқылау

Жамбыл облысының халқы 1999-2009 жылдар аралығындағы санақта айтарлықтай этнодемографиялық өзгерістерді байқатты. 1999 жылы Жамбыл облысында 1999 жылы санақта 988840 адам болса, 2009 жылы халық санағында 1020791 адамды құраған. Яғни, өсім байқалған. 1999 жылы облыста қазақтар – 64,76%, орыстар – 18,13%, дүнгендер – 3,07%, түріктер – 2,5%, өзбектер – 2,28%, күрдтер – 1,10%, кәрістер – 1,42%, әзірбайжандар – 1,07%, татарлар – 1,27%, немістер – 1,15% және қалған этнос өкілдері – 1 %-дан аспаған көрсеткішті құрады. Жамбыл облысында 2011 жылғы халық саны және ұлттық құрамында 90 этнос өкілдері өмір сүріп тұратындығы анықталды. 2019 жылы Жамбыл облысының халқы – 1125440 адамды құрады [9].

1991 жылы облысқа көрші республикалардан қазақ қандас өкілдерінің 55 отбасы қоныс аударды. 1992 жылдың 5 ай ішінде Қарақалпақстаннан, Түркменстан, Ресейден 254 отбасы көшіп келген. Ираннан, Түркиядан

ата жұртты аңсаған қандастарымыздың алды атамекенге орала бастады. Ортамызға оралған қандастарымызға материалдық және рухани көмек көрсету мақсатымен облыстық «Атамекен» қайырымдылық қоғамы 1991 жылдың қараша айында-ақ құрылған. Оның төрағасы болып Т.Мүсірәлиев сайланды [10]. Яғни, Жамбыл облысына шетелдерден қандастар көшіп келіп, орналаса бастаған. Бұл да өңір үшін оң өзгеріс екені белгілі. Өйткені, қазақ халқының саны өсіп, үлес салмағы арта түсті.

1992 жылы 1 қаңтардағы мәлімет бойынша облыс аумағындағы одаққа бағынатын 47 өнеркәсіп кәсіпорыны, құрылыс, геологиялық – зерттеу, ғылым және басқа кәсіпорындар еліміздің заңды қарамағына берілді. Облыста негізнен мемлекеттік республикалық және коммуналдық меншік араларын анықтау жұмыстары аяқталды. Облыс кәсіпорындары мен ұйымдарының негізгі қорының құны 10 млрд сом болды.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылы облыстың жай күйі қандай деңгейде еді? Облыс әкімі Ө.Байгелдиевтің облыстық ұйымдар мен мекемелер, ірі кәсіпорындар басшыларымен болған алғаш кездесуінде осы өзекті мәселелер көтерілген. Облысты тұтас алғанда өнеркәсіпте де, құрылыста да құлдырап төмендеп бара жатқан. Мұның ең алдымен химия өнеркәсібіне қатысы болған. Химия өнеркәсібінің әлсіреуі облыстың өміріне, экономикасына ықпал етпейді. Өйткені, химия өнеркәсібіндегі жағдайдың ауырлығына байланысты бұл сала салық төлеуден босатылған. Яғни, химия өнеркәсібінен облыс бюджетіне ақша түспейді. Біз осы саладағы адамдардың жұмыссыз қалмауын, жалақысынан айырылып қалмауын ғана ойлаймыз [6,16], - деп әкім Ө.Байгелдиев атап өткен.

Жамбыл облысында егемендіктің алғашқы жылдарында өңірлік дамуда электр энергиясы бағасының әртүрлі бағамен сатып алатындығы айтылған. Мәселен, Екібастұздан электр қуатын алатын солтүстік жақта баға бір бөлек те. Түркиямен мен Өзбекстаннан сатып алатын электр энергиясының бағасы басқаша. Олар өздерінің өнімін халықаралық баға бойынша бойынша доллармен бағалап, бұдан кейін коммерциялық нарықпен сомға көшіріп барып, өз бағаларын қойған.

Одан кейін Жамбыл облысында кокс мәселесі туралы күрделі жағдай туындаған. Облыс коксты Украина мен Ресейден алып келген. Бұл елдер өздерін де қамтамасыз ете алмай отырғандықтан коксты бізге аз мөлшерде беруде. Енді бұл өнімді шет елдерден сатып алудан басқа амал қалмаған. Қажет болған соң, қымбат болса да алуға тура келген [11]. Бұл еліміздің егемендік алған шақтағы дағдарысты кезеңдегі қиындықтарының бірі болатын.

Жамбыл облысында 1995 жылы өткен жылмен салыстырғанда облыстың өнеркәсіп өндірісінде біршама тұрақтандыру байқалды. Өнеркәсіп өнімінің жалпы көлемі 21,5 миллиард теңгені немесе 1994 жылмен салыстырғанда 103 пайызды, өнімнің аса маңызды түрлерінің нақты көлем индексі 101,3 пайызды құрады.

Электр энергиясын өндіру 2,1 есеге, минералды тыңайтқыштар 61,7 пайызға, сары фосфор 53,3, фосфатты жыныс 9,8 пайызға өсті. 1995 жылы «Ақбақай» АҚ «Доре» қорытпасынан алтын өндіретін жаңа өндіріс орнын іске қосты, нәтижесінде жылдағы өндіріс көлемі 88,6 пайызды құрады.

Өңірдің сыртқы экономикалық саясатының негізгі міндеті оның өндіргіш күштерін дамытудың маңызды факторы ретінде экспорттық әлеуетті нығайту, импортты алмастыратын өнімдердің жаңа түрлерін игеру және өндіру, экономикалық байланыстарды дамыту және нығайту және кооперациялау болып табылады. жақын және алыс шетелдермен кәсіпорындар. Өңірде жүргізіліп жатқан сыртқы экономикалық қызметті ырықтандыру саясатының нәтижесі лицензияланатын өнім түрлерінің қысқаруы болды.

Экспорт құрылымында химия өнеркәсібінің өнімдері – сары фосфор, феррофосфор, фосфор қышқылы, натрий үшфолифосфаты, минералды тыңайтқыштар, сондай-ақ жуылған жүн, өнеркәсіптік кір жууға арналған технологиялық жабдықтар, өңдеу өнеркәсібінің өнімдері – қант, ұн және басқа да өнімдер басым бағытта дамыды.

Облыстық кәсіпорындардан өнімді экспортқа жеткізудің болжамды көлемі 1996 жылы 1995 жылғы деңгеймен салыстырғанда 1,5 есеге, ал 1998 жылы 1,7 есеге өседі. Екіжақты ынтымақтастық аясында аймақтың сыртқы саудасын кеңейту үшін шет елдермен (Чехия, Германия, Болгария, Польша, Венгрия, Түркия, Қытай) және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерімен сауда-экономикалық байланыстарды кеңейту күтілуде, жеткізу үлесі жалпы көлемнің 70 пайызын құрады.

Өңірде 1996-1998 жылдары базалық салаларды дамыту, Мойынқұм, Шу, Талас және Сарысу аумақтарындағы пайдалы қазбалар кен орындарын (көмір, алтын, мыс кені, табиғи газ, тұз) игеру басым бағыттар болады. аудандар, бұл өз кезегінде осы өңірлердегі жұмыспен қамтуды арттыруға, еңбек нарығындағы қиындықтар мен өңірдегі жұмыссыздық деңгейін төмендетуге және жұмыспен қамту жағдайын жақсартуға ықпал етеді.

Жамбыл облысында көші-қон процестерін реттеу бойынша тұрақты жұмыстар жүргізілген. 1996 жылдың басында облыста Өзбекстан, Түркіменстан, Тәжікстан, Қырғызстан, Ресей, Украина, Қытай, Түркия елдерінен жалпы саны 1371 адамды құрайтын 300 отандас отбасы тіркелген. Өткен кезеңде 63 отбасы пәтер алып, 13 отбасы пәтер жалдап, 200 отбасы баспанаға мұқтаж. Еңбек министрлігі 15 үй алуға 3 млн теңге бөлді, 177 ерекше мұқтаж отбасына 2,1 млн теңге көлемінде біржолғы материалдық көмек бөлінді. «Атамекен» қайырымдылық қоры қоныс аударғандарға 27,5 мың теңге көлемінде көмек көрсетті [12].

1997 жылы жергілікті бюджет кірісіне 755,3 миллион теңге түсті немесе 1996 жылмен салыстырғанда 331,3 миллион теңгеге артық түсті. Жалақы бойынша берешекті қысқарту үшін бюджеттік ұйымдар желісін оңтайландыру шаралары қолданылады, бұл бір жыл ішінде 752 млн. теңге сомасында шығыстарды қысқартуға мүмкіндік береді, оның ішінде еңбекақы қорына 363 млн.теңге [13].

Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің мемлекеттік мүлік департаменті 1998 жылы шетелдік «Тексуна» фирмасымен келісім-шарт жасасқан. Ол бойынша инвесторға бірнеше кәсіпорынның – «Қаратау», «Жаңа Жамбыл фосфор зауыты», «Суперфосфат зауыты», «Промтранс» акционерлік қоғамының акцияларының бір бөлігі берілді. Шетелдік

фирма өндіріс көлемін ұлғайту 10 миллион доллар көлеміндегі еңбекақы жөніндегі қарыздарлықты өтеу. 170 млн доллар көлемінде инвестиция және 90 миллион доллар айналым капиталын енгізу және тағы басқалар жөнінде өзігіне міндеттеме алды. Үкімет жағдайды бақылап отырды.

Жамбыл облысында газ және кен орнын қаржыландыру және бірлесіп игеру үшін «Досбол» жабық акционерлік қоғамы 1994-1998 жылдар ішінде бірқатар шетелдік инвесторлармен, жекелей алғанда Сауд Арабиясының «Дельта Ойл ЛТД» компаниясымен алдын-ала келіссөздер жүргізген болатын. Компания дайындық кезеңінде газ қорын есептеуді, геологиялық жобалау құжаттарын техникалық-экономикалық негіздеулерді және тағы басқаларын атқарды. Алайда бұрғылау жұмыстары «Дельта Ойл» компаниясы тарапынан қаржыландырудың болмауы себепті 1998-1999 жылдары бастала қойған жоқ [6, 142].

2008-2009 жылдары талдап жасалған Жамбыл облысы бойынша «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық көліктік дәлізін қайта жарақтандыру жобасы жергілікті атқарушы органдардың келісімімен өткізілді. Ғасырдың алып құрылысы – «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» автомобиль жолы тынық мұхиты мен Батыс Еуропадағы Атлант мұхитының арасын жалғайды. Ұзындығы 5 мың шақырым болатын бұл ірі жоба жүк тасмалдау жолының ұзындығын 3,5 есеге қысқартады. Халықаралық стандартқа сай саналатын жолдың 2700 шақырымнан астамы Қазақстан аумағы арқылы өтеді. Халықаралық автомобиль жолының ені 27 метр болады. Оның ортасы бөлініп, екі бағытта төрт жолақ орналастырылады. Жамбыл облысының аумағынан көліктік дәліздің 495,3 шақырымы өтеді [5, 384].

2010 жылы Жамбыл облысында «Казфосфат» ЖШС-ның Тараз филиалы «Минералды тыңайтқыштар зауытына» Үкімет басшысы келді. Облыс әкімі Қ.Бозымбаев аймақтық еңбекпен қамту стратегиясы мен Серпінді индустриялық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасының облыста жүзеге асырылу барысы жайлы баян етті. Аталмыш мемлекеттік бағдарлама аясында жалпы соммасы 595,25 млрд теңгенің 19 инвестициялық жобасы жүзеге асырылуда. Бұл жобалар жүзеге асқанда 9,5 мың жаңа жұмыс орыны ашылады деп жоспарланған. Қазақстанның индустриаландыру картасында жамбылдық 9 инвестициялық жоба болса, оның екеуі – Республикалық, жетеуі – Аймақтық картаға енген [6, 249].

2010 жылы Жамбыл облысы, Мойынқұм – қазба байлықтарға бай өңір. Инвестициялық жобаға енгізу нәтижесінде осындағы гранитті өңдеу және одан алуан бұйымдар шығару қолға алынды. «Аль Басар» ЖШС жалпы құны 570 миллион теңгелік гранитті өңдеу және гранит бұйымдарын шығаратын цехты пайдалануға берді. Кәсіпорында 165 адам жұмыс істейтін цехтар бордюр, шыны түтік және бурсчатка шығарылады. 2011 жылдың қаңтар-шілде айларында жалпы құны 93,1 миллион теңгелік 24,5 мың метр бордюр өндірілді.

Жамбыл облысында 2011 жылы Мойынқұм ауданы, Ақбақай кенті «Алтыналмас» АҚ «Ақбақай кластері» инвестициялық жобасын іске қосты. Жобаның құны – 90 миллион теңге, 450 жаңа жұмыс орны ашылды. Кәсіпорындарда жарты жылдың қорытындылары бойынша 1113 миллион теңгелік 212 киллограм алтын өндірілді [5, 406]

2012 жылы Индустрия және жаңа технология министрі Әсет Исекешов «Евро Хим» бас директоры Дмитрий Стрежнев «Жол картасының» алдағы жылға арналған іс-шаралар жоспарына қол қойды. Келесі кезекте «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы АҚ президенті Асқар Мамин мен «Оңтүстік Қытай вагон-локамотив корпорациясы» директорлар кеңесінің төрағасы Чжауо Сяоган арасында стратегиялық әріптестік туралы келісімге қол қойылды. Аталған құжатқа сәйкес Шу қаласында локомотивтер өндірісі бойынша бірлескен кәсіпорын жоспар жасады [5, 425].

Облыстық геология және жер қойнауын пайдалану инспекциясының мәліметі бойынша облыс аумағында республикадағы фосфорит кенінің – 71,9, алтынның – 3,0, уранның 0,7 пайызы шоғырланған. Жалпы, Жамбыл облысындағы барлық кен байлығының мөлшері 136,91 миллиард АҚШ долларына тең. Мыстың, молибденнің, уранның, көмірдің, фосфориттің, бариттің мол қоры бар. Олардың ел ризығын тасытып, экономикамыздың тәуелсіз болуына нақты үлес қосқандары анық. Әсіресе тәуелсіздіктің алғашқы кезінде еліміздің Алтын қорын толықтыруда Төлеухан Оспанбеков басқарған Ақбақай кен-металлургия комбинаты үлкен еңбек етті [5, 490].

2013 жылы Қытайдың Сиянь қаласынан шыққан «Қытай-Қазақстан: Ұлы Жібек жолының шәй мәдениеті» атты керуенді күтіп алу салтанаты Тараздағы «Төрткүл» тарихи-мәдени кешенінде өтті. Аспан асты елінен келген керуеншілер бұл тарихи кешенге 22 түйе, 4 ат арбамен кірді. Сонау алыс жолдан келген қонақтардың құрметіне күй тартылып, ән салынды. Керуенді бастап келген Сиянь қаласының бас хатшысы мен Тараз қаласының әкімдігі арасында екі жақты ынтымақтастық меморандумға қол қойылды. Бас хатшы Вэй Хуа Тинг келесі жылы Тараздан өздерінің шай өнімдерін сататын дүкен ашуды мақсат етіп отырғандығын, бұл шәйдің адам ағзасына пайдалы екендігін атап өткен [5,331]. Бұл бағытта жұмыстар өңірдің шетелдермен байланыста экономикалық даму бағытында жүргенін байқатады.

Жамбыл облысы өңірлік дамуда кен өндіретін және өңдейтін өнеркәсіп орындары да айтарлықтай дәрежелерге қол жеткізді. 2014 жылы «Казфосфат» ЖШС кәсіпорындары өнім өндіру көлемін тұрақты арттырып жұмыс жасады. Кәсіпорын Иран, Түркия, Қытай, Ауғанстан және Еуропа елдерінің нарықтарына өз өнімдерін жөнелткен. Өткен жылы осы мерзіммен салыстырғанда сары фосфор өндіру – 27, фосфор тыңайтқышы – 20,8, тыңайтқыштар өндіру – 5,1 пайызға өсті [5, 329].

2020 жылы Жамбыл облысы, Қордай ауданы Ноғайбай ауылдық округінде «MONTERRA QAZAQSTAN» ЖШС-ның жаңа тау-кен металлургия комбинатының тұсаукесер рәсімі өтті. Оған облыс әкімі Б.Сапарбаев, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Б. Атамқұлов, «MONTERRA QAZAQSTAN» басқарма төрағасы Кристиан Граф фон Страховиц ГФР елінің еліміздегі Төтенше және өкілетті елшісі Т. Клиннер қатысты. Алтын өндіруге ниетті кәсіпорын әзірге мұнда 6,4 тоннан алтын қорын анықтаған. Мұнда қорытылған алтынды бірінші кезекте Қазақстан Ұлттық банкі сатып алуға құқылы екен. Жобаның жалпы құны 1,6 млрд еуроға тең екен. Бұл ірі жоба үш кезеңнен тұрды. Алғашқыда

295 млрд теңгені инвестициялау көзделген. Әзірге инвесторлар жобаға 6 млрд теңге салған. Жұмыс ауқымын ұлғайту мақсатында мұнда шахталық қалашық салынды. Осында облыс әкімі Б.Сапарбаев бұл жобаның өңір экономикасын көтеруде маңызды рөл атқаратынына тоқталды.

Облыс орталығынан индустриялық аймақ құрылатын болды. Осы арқылы өңірде өнеркәсіп өнімін 15-18 пайызға арттыру, 80-100 млрд. теңге көлемінде жеке инвестициялар тарту, 1800-ге дейін жұмыс орындарын ашу, жылына 10-12 млрд теңгеге салық салу базасын ұлғайту көзделген [5,431]. Яғни, облыстың өзіндік даму ерекшелігінде индустриялды-инновациялық даму байқалады.

Қорытынды

Қорытындылай келгенде, Жамбыл облысы еліміздің Оңтүстік аймағында орналасқан жер бедері, табиғаты, климаты, қазба байлықтары және өндіріс түрлерімен ерекшеленеді. Облыстың дамуына және шетелдермен аймақтық қарым-қатынастарына назар аударсақ, Қазақстан атынан Жамбыл облысы – Қырғызстан, Ауғанстан, Түркия, Германия, Қытай, Иран, Еуропа мемлекеттерімен өзара келісім-шарттар және әріптестік байланыстар жасаған. 1991-2021 жылдар аралығында Жамбыл облысы әр жылдарда ішкі дамуда, өндірісті арттырып, бюджетті толықтыруға және өңірдің өзіндік дамуына оңтайлы шешімдер қабылдаған екен. Одан кейін сыртқы саясатта да шетелдермен байланыстар орнатқан. Нәтижесінде инвестиция тартылып, өндіріс өріндері жұмыс жасаған. Сондай-ақ, Жамбыл облысының бұрынғы Ұлы Жібек жолында орналасуы қолайлы мүмкіндіктер де тудырған. Қазіргі уақытта облыстың орналасуы жағынан «Баты Қытай – Батыс Еуропа» транзиттік жолы ретінде жағыртылған. Бұл оңтайлы жағдай да облыстың өркендеуі мен дамуына септігін тигізген.

Ұсыныстар

Жамбыл облысының өңірлік дамуда өзіндік ерекшелігі бар. Қазақстанның оңтүстік бөлігінде орналасқан облыстың табиғат жағдайы, транзиттік жолда орналасуы, қазба байлықтары жағынан мүмкіндіктері мол. Атап айтсақ, Жамбыл облысы көлік және логистика саласын дамытуына қолайлы жағдайлары бар. Бұрынғы Жібек жолының үстінде орналасқан. Табиғат жағдайы қолайлы жылы агроөнеркәсіпті дамытуға да мүмкіндік жеткілікті. Тау-кен ісі дамыған. Химия өнеркәсібі айтарлықтай дамыған. Минералды тыңайтықыштар шығарылады. Алтын кені мен өндірісі, уран, фосфор кеніштері жұмыс жасайды. Осындай салалардың жан-жақты дамуы әлі де облыстың дамуы мен көркейуіне мүмкіндіктер береді.

ауылдардың өз өміршеңдігін сақтауға көмектесетін шаралардың бірі тірек және спутник елді мекендердің барлығында әкімдік офисін ашу. Себебі зерттеу нәтижесі әкімдік аппаратының орналасуы ауылдың өміршеңдігін арттыруға көмектесетінін көрсетті. Мұндай шешім өз кезегінде қазіргі таңда инфрақұрылымын дамытуға мемлекеттік қолдау көрсетіліп жатқан тірек және спутник ауылдардың тұрақты дамуына көмектесіп, салынған инвестицияның қайтарымының жоғары болуына септігін тигізетінін болжауға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Теория международных отношений. / Под редакций. П.А. Цыганкова. – Москва: Издательство «Юрайт», 2017. – с. 25-30.
2. Джоробекова А.Э. Теория международных отношений. Учеб. Пособие. – Бишкек: «Камила Принт», 2001. – С.9.
3. Қазақстан тарихы. 5-том. Алматы: Атамұра, 2010. - 363–364 бб.
4. Токаев К.К. Беласу. Алматы: «Дәуір», 2008. - 172-176 бб.
5. Рысдәулет М. Жамбыл облысы 75 Жылнама-шежіре. – Тараз: Таймас баспа үйі, 2014. – 384 б.
6. Баққараұлы Ә. Жамбыл облысының бірінші басшылары. Екінші кітап. – Тараз: ИП «Сайдуллаев и компания», 2021. – 16 б.
7. Қазақстан Республикасы Президенті Архиві (ҚР ПА). 5-Н-қ., 1-т., 1572-іс, 15-20-пп.
8. Жамбыл облысының мемлекеттік архиві (ЖОМА). 150-қ., 1-т., 536-іс, 7-9 пп.
9. Қазақстан Республикасының халық санағы. – Астана: 2010. – 47-52 бб.
10. ЖОМА. 399-қ., 2-т., 2712-іс, 5-7 пп.
11. ЖОМА. 399-қ., 2-т., 2712 –іс, 16-17 пп.
12. ҚР ПА. 5-Н-қ., 2-т., 974-іс, 20-п.
13. ҚР ПА. 5-Н-қ., 1-т., 7576-іс, 4-п.

REFERENCES:

1. Teoriya mejdunarodnyh otnosenii [Theory of International Relations] / Under editorship of P.A. Tsygankov. Moscow: «Yurait» Publishing House, 2017. – P. 25-30.
2. Dzhorobekova A.E. Teoriya mejdunarodnyh otnosenii [Theory of international relations]. - Bishkek: «Kamila Print», 2001. – P.9.
3. Qazaqstan tarihy [History of Kazakhstan]. Volume 5. Almaty: Atamura, 2010. Pp. 363–364.
4. Tokaev K.K. Belasu. Almaty: «Era», 2008. - pp. 172-176.
5. Rysdaulet M. Jambyl oblysy 75 Jylnama-chejire [Zhambyl region 75 Yearbook-genealogy]. Taraz: «Taimas» publishing house, 2014. 384 p.
6. Bakkarauly A. Jambyl oblysynyn birinchi baschylary [First leaders of Zhambyl region]. The second book. Taraz: IP «Saidullaev and Company», 2021. 16 p.
7. Qazaqstan Respublikasy Prezidenti Arhivi [Archive of the President of the Republic of Kazakhstan (AP RK)]. Fund: 5-H, inv. 1, D. 1572, L. 15-20.
8. Jambyl oblysynyny memlekettik arhivi [State archive of Zhambyl region (SAZhR)]. F: 150, inv. 1, inv. 536, L. 7-9.
9. Qazaqstan Respublikasynyn halyq sanagy. [Population census of the Republic of Kazakhstan]. - Astana: 2010. - pp. 47-52.
10. SAZhR. F: 399-k., Inv. 2, D. 2712, L. 5-7.
11. SAZhR. F: 399-k., Inv. 2, D. 2712, L. 16-17.
12. AP RK. F: 5-k., Inv. 2, D. 974, L. 20.
13. AP RK. F: 5-k., Inv. 1, D. 7576, L. 4.

Елдос Жұмағұлов¹, Бибигүль Бюлегенова²

¹Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің
постдокторантура бөлімінің ғылыми қызметкері, PhD,
(Қарағанды, Қазақстан),
e-mail: eldos.tzh@mail.ru

²Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің
саясаттану кафедрасының профессорының м.а.,
саяси ғылымдарының кандидаты
(Астана, Қазақстан),
e-mail: bibigul_bb@mail.ru

АУЫЛДЫҚ АУМАҚТАРДАҒЫ ЖЕРГІЛІКТІ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУДЫ ДАМУЫҒА ЫҚПАЛ ЕТЕТІН ФАКТОРЛАР

Аңдатпа. Мақалада Қазақстандағы жергілікті өзін-өзі басқарудың, соның ішінде ауылдық аумақтардағы даму жағдайы қарастырылады. Бұл бағытта бірқатар жетістіктерге қол жеткенімен, әлі де шешімін таппаған мәселелер бар.

Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің дамуына әсер ететін саяси, экономикалық, әлеуметтік және технологиялық факторларды түсінуге мүмкіндік беретін PEST талдау жүргізілген. Бұл әдіс Қазақстанның ауылдық аумақтарында басқару жүйесін жетілдіру жолдарын анықтауға септігін тигізеді. Мақалада ауылдық аумақтардағы жергілікті басқаруды дамыту бойынша ұсыныстар берілген. Нәтижелер мен қорытындылар жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту мәселелерімен айналысатын сарапшылар, ғылыми зерттеушілер және мемлекеттік органдар үшін пайдалы болуы мүмкін.

Түйін сөздер: жергілікті өзін-өзі басқару, жергілікті қауымдастық, жергілікті өзін-өзі басқару тұжырымдамасы, жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытуға ықпал ететін факторлар.

Елдос Жумагулов, Бибигуль Бюлегенова ФАКТОРЫ ВЛИЯЮЩИЕ НА РАЗВИТИЕ МЕСТНОГО САМОУПРАВЛЕНИЯ В СЕЛЬСКОЙ МЕСТНОСТИ

Аннотация. В статье рассматривается состояние развития местного самоуправления в Казахстане, в том числе на сельских территориях. Хотя в этом направлении был достигнут ряд достижений, все еще есть проблемы, которые не были решены.

Проведен PEST анализ, позволяющий понять политические, экономические, социальные и технологические факторы, влияющие на развитие системы местного самоуправления. Данный метод поможет определить пути совершенствования системы управления на сельских территориях Казах-

стана. В статье даны рекомендации по развитию местного самоуправления на сельских территориях. Результаты и выводы могут быть полезны для экспертов, научных исследователей и государственных органов, занимающихся вопросами развития местного самоуправления.

Ключевые слова: *местное самоуправление, местное сообщество, концепция местного самоуправления, факторы, способствующие развитию местного самоуправления.*

Eldos Zhumagulov, Bibigul Byulegenova
FACTORS INFLUENCING THE DEVELOPMENT OF LOCAL SELF-GOVERNMENT IN RURAL AREAS

Abstract. The article examines the state of development of local self-government in Kazakhstan, including rural areas. Although a number of achievements have been made in this direction, there are still unresolved issues.

A PEST analysis was conducted, which allows to understand the political, economic, social and technological factors affecting the development of the local self-government system. This method helps to determine ways to improve the management system in the rural areas of Kazakhstan. The article presents recommendations for the development of local governance in rural areas. The results and conclusions can be useful for experts, scientific researchers and government agencies dealing with the issues of local self-government development.

Keywords: *local self-government, local community, the concept of local self-government, factors contributing to the development of local self-government.*

Кіріспе

Қазақстанда жергілікті басқару жүйесінің тиімділігін арттыруға бағытталған реформалар жалғасуда. Оның мақсаты – өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуын арттыру және халықтың өмір сүру сапасын жақсарту. Осы жағдайда халықтың белсенділігін арттыруға, азаматтық қоғамды нығайтуға және жергілікті қауымдастықтардың әлеуетін күшейтуге бағытталған жергілікті өзін-өзі басқару институтын дамыту мәселелері өзекті болып отыр.

Сарапшы Роберт Патнэм жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің табысты болуы үшін азаматтық қатысуды дамытатын әлеуметтік құрылымдармен ынтымақтастық мәдениеті қажет деп санайды. Ол азаматтық қоғамды қалыптастыруда сенім мен өзара көмек принциптерінің маңызды рөл атқаратынын атап өтеді. Тиімді басқарудың басты негізі ретінде халықтың қатысуы мен жергілікті деңгейдегі ұйымдардың әрекеттері маңызды екенін айтады [1].

Қазақстанның ауылдық елді-мекендеріндегі жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің тиімді жұмысы аумақтардағы тұрғындардың әлеуметтік-экономикалық мәселелердің шешілуіне себепші болар еді. Ұлттық статистика бюросының мәліметтері бойынша, 2024 жылдың 1 қаңтарға елімізде 6 256 село бар. Онда 7,5 млн. артық адам тұрады [2].

Әрауылдың өзіндік ерекшеліктері, проблемалары мен мүмкіндіктері бар. Жергілікті өзін-өзі басқару органдары тұрғындарға жақын болғандықтан, олардың нақты қажеттіліктерін жақсы түсінеді. Жергілікті өзін-өзі басқару органдары мемлекеттік басқару жүйесімен тығыз байланыста тиімді жұмыс істеген жағдайда жергілікті деңгейде бағдарламалардың сәтті орындалуын қамтамасыз етеді.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылғы 16 наурыздағы халыққа Жолдауында: «Біз нақты өкілеттіктерді орталықтан өңірлерге беруді жалғастырамыз. Ең алдымен, мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару институттарының функцияларын нақты бөлу қажет» - деп атап өтті [3].

Қазақстан Республикасында «Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасы» азаматтардың жергілікті деңгейде мемлекеттік басқару процесіне қатысуын арттыруға жағдай жасауға бағытталған. Сонымен қатар, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына дербестік беріле отырып, олар жергілікті маңызы бар мәселелерді жедел, әрі тиімді шешуге мүмкіндік беру көзделген (4). Тұжырымдама ауылдық аумақтардағы жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту және оған азаматтарды тарту жолдарын жан-жақты сипаттайды. Алайда, кейбір тұстарын одан әрі нақтылау маңызды.

Осыған сүйене отырып, осы ғылыми мақаланың мақсаты – Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтардағы жергілікті өзін-өзі басқарудың проблемалары мен мүмкіндіктерін жан-жақты талдау. Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін келесі міндеттер қойылды: ауылдық елді-мекендердегі жергілікті өзін-өзі басқарудың ерекшеліктерін сипаттау; ауылдық аумақтардағы жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытуға ықпал ететін факторларды анықтау және оны жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеу әдістемесі

Зерттеу Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың тұжырымдамасына, сондай-ақ тікелей аймақтық саясаттың негізгі бағыттарына сүйенеді.

Зерттеудің әдіснамалық негізі ғылыми әдістердің күрделі жүйесіне сүйенеді. Зерттеуде теориялық және эмпирикалық әдістер қолданылды: талдау мен синтез, индукция мен дедукция, жіктеу, құжаттарды талдау әдісі. Ауылдық аумақтардағы жергілікті өзін-өзі басқаруға ықпал ететін саяси, экономикалық, әлеуметтік және технологиялық факторлардың әртүрлілігін ескере отырып, PEST-талдау жасалды. Жалпы, Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің дамуын зерттеуде кешенді тәсіл қолданылды.

Зерттеу нәтижелері

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстанда билікті орталықсыздандыру және жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін қалыптастыру кезең-кезеңімен жүзеге асырылды. Бұл процесс елдің құқықтық жүйесінің жетілдірумен қатар жүрді. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес,

жергілікті өзін-өзі басқару тұрғындардың тікелей қатысуы арқылы немесе мәслихаттар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қатысуымен жүзеге асырылады [5]. Сондай-ақ, ол халық тығыз орналасқан аумақтардағы жергілікті қауымдастықтар деңгейінде ұйымдастырылады.

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңда жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі былай сипатталған: «Жергілікті өзін-өзі басқаруды жергілікті қауымдастық мүшелері тікелей, сондай-ақ мәслихаттар мен басқа да жергілікті өзін-өзі басқару органдары арқылы жүзеге асырады. Облыс, аудан, қала, қаланың ауданы, ауылдық округ, кент және ауыл әкімдері мемлекеттік басқару міндеттерімен қатар жергілікті өзін-өзі басқару функцияларын да атқарады» [6]. Жергілікті қауымдастықтың қызмет ету нысандары – жиналыстар мен олардың отырыстары.

Жергілікті қоғамдастықтың жиналысы мен жиыны азаматтардың жергілікті маңызы бар мәселелерді шешуге қатысуының заңды механизмдері болып табылады. Жиындар мен жиналыстарды ауыл әкімдері немесе жиналыс мүшелерінің кемінде 10%-ның бастамасы бойынша шақыруға болады. Алайда, бұл жиналыстарды өткізу үшін аудан әкімінің оң шешімі қажет. Жиындарға кез келген кәмілет жасына толған жергілікті қоғамдастық мүшесі қатыса алады, және жиын өткен болып саналуы үшін оған тұрғындардың кемінде 10%-ы қатысуы тиіс.

Ауылдық округтердің кейбірі бірнеше елді мекеннен тұрады, ал олардың арасындағы қашықтық едәуір үлкен болуы мүмкін. Мұндай жағдайда, әр елді мекен өз өкілдерін сайлайтын бөлек жиналыстар өткізілуі мүмкін. Ауылдық округ әкімі немесе уәкілетті адам бөлек жиындарды ұйымдастырып, олардың нәтижесінде жалпы жиынға қатысатын өкілдерді анықтайды. Бұл өкілдер жергілікті қоғамдастықтың негізгі мәселелерін талқылау үшін жиналысқа қатысады, онда барлық елді мекендер пропорционалды түрде ұсынылады.

Жергілікті өзін-өзі басқару институттарының жұмысын жетілдіру үшін азаматтардың белсенді қатысуын ынталандыру және шешім қабылдау процесінде жергілікті тұрғындардың рөлін күшейту маңызды. Жергілікті қоғамдастықтың жиындары мен жиналыстары жергілікті деңгейдегі мәселелерді шешудің маңызды тетігі болып табылғанымен, бұл тетіктердің тиімділігі азаматтардың қатысу деңгейіне және олардың белсенділігіне байланысты.

Қазақстан Республикасында жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі негізінен мемлекеттік үлгіге сәйкес келеді деп айтуға болады, онда орталық билік органдары жергілікті қауымдастықтардың қызметін бақылауда ұстап, мемлекеттік басқару функцияларын жергілікті өзін-өзі басқару міндеттерімен ұштастырады. Бұл үлгі бойынша жергілікті мәселелерді шешу барысында биліктің бірқатар өкілеттіктері мәслихаттарға беріледі, олар әкімшілік-аумақтық өкілдік органдары ретінде жұмыс істейді.

Сонымен бірге, Қазақстанда англо-саксондық басқару үлгісінің элементтері байқалады. Ауылдық аудандарда тұрғындарға жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлау және жергілікті маңызы бар мәселелерді

шешу үдерісіне тікелей қатысу мүмкіндігі беріледі. Әкімдерді тікелей сайлау тәжірибесі енгізілуімен, бұл халықтың жергілікті басқаруға қатысу деңгейін арттырып, жергілікті биліктің есептілігі мен ашықтығын күшейтеді деген үміт береді.

Польшаның тәжірибесі көрсеткендей, ауылдық әкімшілік құрылымдардың мемлекеттік және қоғамдық функцияларды үйлестіру арқылы тиімді басқаруға болады [7]. Орталықсыздандыру саясаты биліктің кейбір функцияларын жергілікті деңгейге беру арқылы ауылдық аудандардың әлеуметтік және экономикалық дамуын ынталандырады.

Қазақстан үшін жергілікті өзін-өзі басқарудың өз үлгісін қалыптастыру маңызды, бұл үшін әртүрлі саяси, экономикалық, әлеуметтік және технологиялық факторларды ескерген жөн. Бұл факторларды анықтауға мүмкіндік беретін тиімді әдіс – PEST-талдау (1-кесте).

1-кесте. Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтардағы жергілікті өзін-өзі басқару жүйесіне әсер ететін факторлар

Факторлар	Сипаттама
Саяси факторлар (Political)	<ul style="list-style-type: none"> - Орталықсыздандыру саясатының деңгейі мен тиімділігі; - Жергілікті әкімдерді тікелей сайлау жүйесінің енгізілуі; - Мемлекеттік бақылау мен қадағалаудың мүмкіндігі; - Қазақстанның жергілікті басқаруға қатысты халықаралық хартияларға қосылуы.
Экономикалық факторлар (Economic)	<ul style="list-style-type: none"> - Жергілікті бюджеттердің қаржылық дербестігі және кірістер көздерінің жеткілікті болуы; - Салық салу жүйесі мен жергілікті салықтардың үлесінің артуы; - Жоғарғы бюджеттен трансферттер мен субсидиялардың тұрақтылығы; - Ауылдық елді мекендердегі инфрақұрылымның дамуы және инвестициялардың тартылуы; - Жергілікті деңгейдегі кәсіпкерлік пен экономикалық белсенділіктің деңгейі.
Әлеуметтік факторлар (Social)	<ul style="list-style-type: none"> - Ауыл тұрғындарының жергілікті басқаруға қатысу белсенділігі; - Азаматтық қоғам институттарының ықпалы; - Қоғамның саяси санасының деңгейі; - Ауылдық аймақтардағы халық санының тығыздығы және көші-қон үрдістері; - Білім беру және денсаулық сақтау қызметтеріне қолжетімділік.
Технологиялық факторлар (Technological)	<ul style="list-style-type: none"> - Жергілікті басқару жүйесін цифрландыру деңгейі; - Интернетке және цифрлық қызметтерге ауылдық жерлерде қолжетімділік; - Мемлекеттік қызмет көрсетудің цифрландырылуы; - Жергілікті әкімдіктер мен тұрғындар арасындағы коммуникация құралдарының тиімділігі; - Жаңа технологияларды енгізу арқылы басқару сапасын жақсарту мүмкіндіктері

Бұл талдау ауылдық аудандардағы жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің дамуына әсер ететін негізгі факторларды көрсетеді. Әр фактор саяси, экономикалық, әлеуметтік және технологиялық тұрғыдан қарастырылады, бұл жүйені жетілдіру үшін кешенді шараларды қолданудың маңыздылығын көрсетеді.

Жергілікті басқару саясатының тиімділігі мен орталықсыздандыру деңгейі маңызды саяси факторларға жатады. Жергілікті әкімдерді тікелей сайлау жүйесі — Қазақстандағы демократиялық үдерістерді нығайту және халықтың басқаруға қатысуын арттыру қадамы. Орталық пен жергілікті билік арасындағы өкілеттіктерді бөлу жергілікті басқарудың тиімділігіне тікелей әсер етеді. «Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасында» бұл бағытта іс-шаралар көзделген. 2021 жылдан бастап ауыл әкімдерін тікелей сайлау енгізілді. Бұл реформа халықтың жергілікті басқару процесіне қатысу белсенділігін арттыруға бағытталған. Алайда, әкімдердің өкілеттіктерінің шектеулі болуы және бюджеттік дербестіктің жеткіліксіздігін еңсеруге бағытталған шаралар қажет.

Қазақстан «Еуропалық жергілікті өзін-өзі басқару хартиясына» қосылған жоқ. Бұл халықаралық стандарттарды қабылдау және енгізу мәселесі әлі де өзекті болып отыр.

Жергілікті бюджеттердің қаржылық тәуелсіздігі мен тұрақтылығы экономикалық тиімділіктің негізгі көрсеткіштері болып табылады. Қазақстан жағдайында трансферттер мен субсидиялардың тұрақтылығы да аймақтардың дамуында шешуші рөл атқарады. Кәсіпкерлікті қолдау және инфрақұрылымды дамыту жергілікті басқарудың экономикалық әлеуетін арттыруға бағытталған маңызды қадамдар қажет. Мемлекет басшысы 2024 жылы қазан айында өткен барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының ІІ республикалық форумында «Үкімет ауыл әкімдерінің бюджетін қалыптастыру және оны жұмсау тәсілдерін қайта қарауы керек. Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің қаржылық дербестігін арттыру үшін нақты ұсыныстар әзірлеуі қажет» деп, атап өтті [8].

Жергілікті басқаруға тұрғындардың қатысу белсенділігі мен азаматтық қоғам институттарының ықпалы басқарудың сапасын жақсартады. Сонымен қатар, ауылдық аймақтарда халықтың демографиялық ерекшеліктері мен көші-қон үрдістері жергілікті өзін-өзі басқарудың алдында тұрған мәселелерді анықтайды. Білім беру мен денсаулық сақтау қызметтеріне қолжетімділік тұрғындардың әлеуметтік жағдайын жақсарту және олардың жергілікті мәселелерді шешуге қатысуына ынталандыру ретінде маңызды рөл атқарады.

Цифрландыру деңгейі жергілікті басқару сапасын жақсарту үшін маңызды құралға айналды. Қазақстанда мемлекеттік қызметтерді цифрландыру және коммуникациялық құралдарды жетілдіру жергілікті билік органдарының ашықтығын күшейтеді және тұрғындардың шешім қабылдау үдерісіне қатысуын жеңілдетеді.

Талдауға негізделе отырып, ауылдық аумақтардағы жергілікті өзін-өзі басқару институтын жетілдіру және азаматтардың қатысу белсенділігін арттыруға бағытталған келесі ұсыныстар жасауға болады:

1. Жергілікті мемлекеттік басқару және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өкілеттіктерін нақты ажырату. Бұл үшін жаңадан қарастырылып жатқан «ҚР жергілікті өзін-өзі басқару туралы Заң жобасына жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мәслихаттардың және ауылдық жиындарының мәртебесі мен өкілеттіктерін айқындайтын арнайы тарау енгізу маңызды. Бұл жергілікті мемлекеттік басқару және ЖӨБ органдары арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз етеді және билік бөлінісін күшейтеді.

2. Жергілікті өзін-өзі басқару қызметкерлерінің мәртебесін заңнамалық тұрғыда бекіту. Бұл олардың құқықтық қорғалуын қамтамасыз етеді және қызмет көрсету сапасын арттырады. Азаматтардың жергілікті жиындарға қатысу тетіктерін регламенттеу арқылы саяси белсенділікті нығайту маңызды.

3. Жергілікті бюджеттердің дербестігін қамтамасыз ету үшін жер салығы және көлік салығын көбейту. Бұл шараларды іске асыру үшін тұрғындарға алдын-ала түсіндіру жұмыстары жүргізілуі тиіс. Сонымен қатар, трансферттердің тұрақтылығын қамтамасыз ету, мысалы, халық санына қарай кемінде 15 млн теңге көлемінде трансферт бөлу ұсынылады.

4. Әлеуметтік маңызы бар жобаларға тұрғындардың дауыс беру арқылы қаржы бөлу. Бұл «Халықтық бюджет» бастамасын барлық елді мекендерде жүзеге асыру жергілікті деңгейдегі экономикалық белсенділікті арттырады.

5. Тұрғындардың құқықтық және қаржылық сауаттылығын арттыру үшін ҰЕҰ-ларды тарту арқылы гранттық қаржыландыру жүйесін дамыту. Саяси мәдениетті жоғарылату үшін тұрғындарды оқыту шараларын ұйымдастыру маңызды.

6. Жергілікті басқару қызметінің ашықтығын арттыру үшін цифрлық платформалар құруды аяқтау. Тұрғындардың шешім қабылдау үдерістеріне онлайн түрде қатысуын қамтамасыз ету үшін әкімдіктер мен азаматтардың арасындағы коммуникацияны жақсарту керек.

7. Жергілікті өзін-өзі басқару органдары арасында тәжірибе алмасу және бірлескен ассоциациялар құруды ынталандыру. Бұл ортақ міндеттерді шешуде тиімділікті арттырады және аймақтық дамуға оң ықпал етеді.

Қорытынды

Осылайша, Қазақстанның ауылдық аудандарында жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту жоғары тұрған билік органдарының өкілеттіктерін жергілікті басқару және өзін-өзі басқару органдарына беру арқылы жүзеге асырылуда. Бұл елді мекендердің ресурстық әлеуетін оңтайландыруға, ауыл тұрғындарының өмір сүру деңгейін жақсартуға және ауылдық аймақтарды дамытуға ықпал етеді, соның нәтижесінде бүкіл елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін береді.

Алайда, бұл процестің тікелей қатысушылары ретінде халықтың белсенділігі төмен деңгейде қалып отыр. Тұрғындар жергілікті өзін-өзі басқару жөнінде жеткілікті дәрежеде хабардар емес, өз рөлін нақты түсінбей, бұл процестегі негізгі жауапкершілікті мемлекет пен мемлекеттік органдарға жүктеуге бейім. Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тек қаржыландыруға ғана емес, сонымен қатар халықтың ынта-ықыласына және мүдделілігіне тікелей тәуелді болғандықтан, жоғары мемлекеттік органдар тарапынан қосымша шаралар қабылдау маңызды. Атап айтқанда, халық арасында жергілікті өзін-өзі басқарудың маңыздылығын және азаматтардың оған қатысу мүмкіндіктерін түсіндіру жұмыстарын күшейткен жөн. Бұл өз кезегінде халықтың жауапкершілігін арттыруға ықпал етеді.

Ұсынылған шаралар жергілікті өзін-өзі басқаруды жетілдіруге, экономикалық дербестік пен азаматтық қатысуды арттыруға мүмкіндік береді. Тұрғындардың белсенділігі мен цифрлық технологияларды тиімді пайдалану арқылы жергілікті басқарудың ашықтығы мен тиімділігі артады. Бұл тәсілдер Қазақстандағы ауылдық аумақтардағы өмір сүру сапасын жақсартуға және жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің ұзақ мерзімді тұрақтылығын қамтамасыз етуге ықпал етеді.

***Қаржыландыру:** Бұл зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті есебінен қаржыландырылды (№ AP15473302 гранты).*

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Putnam R., Leonardi R., Nanetti R. Making democracy work: civic traditions in modern Italy // Making democracy work: civic traditions in modern Italy. – 1994. – P.230-230.
2. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының веб-сайты // <https://new.stat.gov.kz/>. (қаралған күні: 15.09.2024.)
3. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаев. Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі: Қазақстан халқына жолдауы // <https://ortalyq.kz/010920200015-2/>. (қаралған күні: 15.09.2024.)
4. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. Қазақстан Республикасында жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы: 2021 жылдың 18 тамызда, №639 бекітілген // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2100000639>. (қаралған күні: 17.09.2024.)
5. Қазақстан Республикасының Конституциясы: 1995 жылдың 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_. (қаралған күні: 18.09.2024.)
6. Қазақстан Республикасының Заңы. Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы: 2001 жылдың 23 қаңтары, №148-II қабылданған // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs>. (қаралған күні: 24.09.2024.)
7. Better governance, planning and services in local self-governments in Poland // https://samorzad.pap.pl/sites/default/files/2021-07/Poland_Report__English_.pdf (қаралған күні: 26.09.2024.)
8. Мемлекет басшысының барлық деңгейдегі мәслихаттар депутаттарының II республикалық форумындағы сөзі // <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-barlyk-dengeydegi-maslihatar-deputattarynyn-ii-respublikalyk-forumynda-soz-soyledi-395432#> (қаралған күні: 20.11.2024.)

REFERENCES:

1. Putnam R., Leonardi R., Nanetti R. Making democracy work: civic traditions in modern Italy // Making democracy work: civic traditions in modern Italy. – 1994. – P.230-230.
2. Qazaqstan Respublikasy Strategialyq josparlau jane reformalar agenttiginin Ultyq statistika burosynyn veb-saity [Website of the National Bureau of Statistics of the Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan] URL // <https://new.stat.gov.kz/>. (Accessed: 15.09.2024.)
3. Qazaqstan Respyblikasynyn Prezidenti Q.K. Toqaev. Jańa jaǵdaıdaǵy Qazaqstan: is-qimyl kezeri: Qazaqstan halqyna joldaуy [President of the Republic of Kazakhstan K.K. Tokaev. Kazakhstan in 4. Qazaqstan Respublikasy Prezidentinin Zharlygy. Qazaqstan Respublikasynda zhergilikti ozin-ozı baskarudy damytudyn 2025 zhylyga dejingi tuzhyrymdamasyn bекitu turaly: 2021 zhyldyn 18 тамызда, №639 bекitilgen [Decree Of The President Of The Republic Of Kazakhstan. On approval of the concept for the development of local self-government in the Republic of Kazakhstan until 2025: approved on August 18, 2021, No. 639] URL // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2100000639>. (Accessed: 17.09.2024.)
5. Qazaqstan Respublikasynyn Konstittsiasy: 1995 jylдын 30 тамызда respublikalyq referendumda qabyldangan [Constitution of the Republic of Kazakhstan: adopted on August 30, 1995 in a republican referendum]- // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_. (Accessed: 18.09.2024.)
6. Qazaqstan Respublikasynyn Zany. Qazaqstan Respyblikasynndagy jergilikti memlekettik basqaru jane ozin-ozı basqaru turaly: 2001 jylдын 23 qańтары, №148-II qabyldangan [Law of the Republic of Kazakhstan. On local government and self-government in the Republic of Kazakhstan: adopted on January 23, 2001, No. 148-II] // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs>. (Accessed: 24.09.2024.)
7. Better governance, planning and services in local self-governments in Poland // https://samorzad.pap.pl/sites/default/files/2021-07/Poland_Report__English_.pdf (Accessed: 26.09.2024.)
8. Memleket basshysynyn barlyk dengeidegi maslihatar deputattarinin II respublikalik forumyndaǵy sozi [Speech of the head of state at the II republican forum of maslikhat deputies of all levels] // <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-barlyk-dengeydegi-maslihatar-deputattarynyn-ii-respublikalyk-forumynda-soz-soyledi-395432#> (Accessed: 20.11.2024.)

*Майра Дюсембекова¹, Нұрислам Исаев²,
Салтанат Жалмағамбетова³, Алма Касымова⁴*

*¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
саясаттану кафедрасының профессоры
e-mail: maira.eni@mail.ru*

*²Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
саясаттану кафедрасының докторанты
(Астана, Қазақстан)*

*³Astana IT University, жалпы білім беру пәндері
департаменті, сеньор-лектор
(Астана, Қазақстан)
e-mail: salta.kaz13@gmail.com*

*⁴Қазақ ұлттық хореография академиясы, доцент
e-mail: almakasymova@mail.ru
(Астана, Қазақстан)*

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫН ЦИФРЛАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНА САЯСАТТАНУЛЫҚ ТАЛДАУ

Аңдатпа. Қазіргі әлемдік тенденция көрсетіп отырғандай ақпараттық технологиялардың үстемдігіне байланысты білім беру саласының болашақ жетістігі цифрландыру жағдайына тікелей қатысты екені белгілі.

Білім беру саласының цифрландырылу мәселесі постиндустриалды дәуірдің принциптері мен құндылықтарын басшылыққа ала отырып, қазіргі қоғам өміріндегі ерекше рөлімен анықталатындығымен өзекті. Адам әлеуетінің сапасы және адамдардың табиғи және әлеуметтік қиындықтарға қарсы тұруға дайындығы білім беру жүйесінің тиімді жұмысына байланысты. Әлемдік тенденцияға сәйкес білім беруді жетілдіру үдерісінде жыл өткен сайын заманауи технологиялар маңызды рөл атқаруда. Цифрлық технологиялардың білім беруді модернизациялау мен дамытуға, сондай-ақ болашақ мамандарды дайындау сапасын арттыру арқылы еңбек нарығында бәсекеге қабілетті мамандар даярлауда және білім беруді ғылымға жақындатуға ықпал етеді. Мақалада білім беру саласын цифрландыру жағдайын талдаудан алынған нәтижелер қазіргі қоғамның білім беру саясатын басқарудың іргелі мәселелеріне объективті және мазмұнды көзқарасқа мүмкіндік береді. Зерттеу қорытындысы білім беру саласын цифрландыру бойынша мемлекет саясатының басым бағыттарының жаңа нысандарын құруды ынталандыруға арналған.

Түйін сөздер: *Білім саласын цифрландыру, интернетке қолжетімділік, адами капитал, цифрлық менеджмент, электронды үкімет, цифрлық интеллект, цифрлық сауаттылық.*

Майра Дюсембекова, Нурислам Исаев, Салтанат Жалмагамбетова,
Алма Касымова
**ПОЛИТИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ ЦИФРОВИЗАЦИИ ОБРАЗОВАНИЯ В
КАЗАХСТАНЕ**

Аннотация. Как показывает текущая мировая тенденция, что будущий успех сферы образования благодаря доминированию информационных технологий напрямую связан с состоянием цифровизации.

Вопрос цифровизации сферы образования актуален в связи с тем, что определяется его особой ролью в жизни современного общества, руководствующегося принципами и ценностями постиндустриальной эпохи. От эффективного функционирования системы образования зависит качество человеческого потенциала и готовность людей противостоять природным и социальным вызовам. Цифровые технологии способствуют модернизации и развитию образования, а также повышению качества подготовки будущих специалистов, подготовке конкурентоспособных специалистов на рынке труда и приближению образования к науке. Эти выводы направлены на решение практических задач путем реализации государственной политики цифровизации образования, которая является важной сферой связей с общественностью. Представленные в статье результаты, полученные в результате анализа состояния цифровизации сферы образования, позволяют объективно и осмысленно подойти к фундаментальным проблемам управления образовательной политикой современного общества. Заключение исследования призвано стимулировать создание новых форм реализации приоритетных направлений государственной политики по цифровизации образования.

Ключевые слова: цифровизация образования, доступ в Интернет, человеческий капитал, цифровое управление, электронное правительство, цифровой интеллект, цифровая грамотность.

Maira Dyussebekova, Nurislam Issaev, Saltanat Zhalmagambetova,
Alma Kassymova
**POLITICAL ANALYSIS OF DIGITALIZATION OF EDUCATION IN
KAZAKHSTAN**

Absrtact. It is known that the future success of the education sector due to the dominance of information technologies, as shown by the current world trend, is directly related to the state of digitization.

The issue of digitization of the education sector is relevant due to the fact that it is determined by its special role in the life of modern society, guided by the principles and values of the post-industrial era. The quality of human potential and the readiness of people to face natural and social challenges depends on the effective functioning of the education system. Digital technologies contribute to the modernization and development of education, as well as to increase the quality of training of future specialists, to train competitive specialists in the labor market and to bring education closer to science. These conclusions are aimed at solving

practical problems by implementing the state policy of digitalization of education, which is an important area of public relations. In the article, the results obtained from the analysis of the state of digitization of the education sector allow an objective and meaningful approach to the fundamental problems of managing the education policy of the modern society. The conclusion of the study is intended to stimulate the creation of new forms of priority directions of state policy on digitalization of education.

Keywords: *Digitization of education, internet access, human capital, digital management, e-government, digital intelligence, digital literacy.*

Кіріспе

Мақалада адами капиталды дамытуда білім беру саласының жетістігін, болашағын цифрландырумен тікелей байланысты талдау жүзеге асырылады. Халықаралық деңгейде және Қазақстанда да білім беру саласының қызметін барлық адамдарға қатысты теңестірілу мәселесі көтерілуде. Сондықтан адами капиталды дамытуда білім саласының болашақ даму тенденциясын білімнің цифрлануымен байланысты біздің еліміздегі жағдайын, мәселелерін талдап, болашағына болжам жасау мақаланың құндылығын арттырады.

Білім саласын цифрландыру мәселесі соңғы жылдары көптеп талқыланып, зерттеу жұмыстарының объектісіне айналуға айналуда. Осы тұрғыда Е.Амантаевтың диссертациялық жұмысында «Білім саласын цифрландыру төртінші өндірістік революция талаптарына сай экономикаға қажетті сапалы адам капиталын қамтамасыз ететін, елдің бәсекеге қабілеттігін арттыратын білім беру саласын цифрландыру үдерісінің орын алуы, қарқынды дамуы әбден заңды, орынды құбылыс», - деген тұжырым ұсынады [1]. Білім беру жүйесін цифрландыру әлемдік тренд. Елдің болашақ бағыты әлемдік тенденцияға қатысты дамуы қажет. Осы тұрғыда еліміздің мемлекеттік саясатының басты бағыты ретінде білім беру саласының цифрландырылуының қажеттілігі бар.

Мақалада жаһандық деңгейде білім беру жүйесінің даму деңгейіне байланысты қазақстандық білім беру жүйесінің цифрлану жағдайы ортақ критерийге сәйкес талданады.

- Интернетке қолжетімділік
- Цифрлық құрылғылар
- Цифрлық оқыту контенті
- Адам ресурстары
- EdTech нарығының дамуы
- Инвестициялар
- Цифрлық теңсіздікті азайту
- Цифрлық менеджмент


Білім беру саласын цифрландырудағы негізгі индикаторлар арқылы кез келген елдің білім беру саласын жетілдіру деңгейі анықталады. Мақаладағы талдау осы критерийлерге сәйкес жүргізіледі.

Зерттеу әдістері

Мақаланың қолданбалы зерттеулер статистикалық мәліметтерді өңдеу, салыстыру негізінде тұжырымдарды негіздеу жүзеге асырылды. Білім беру саласының платформаларына мониторинг жасалып, олардың білім беру бойынша маңызы анықталды.

Талқылау

Интернетке қолжетімділік білім беру саласында өте маңызды. Осы мақсатта «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан Республикасы экономикасының даму қарқынын жеделдету және цифрлық технологиялар арқылы халықтың өмір сүру сапасын жақсартуды жүзеге асырады. Бағдарламаны іске асырудың бес негізгі бағытының төртіншісі – «Адами капиталды дамыту» білім экономикасының жаңа жағдайына бейімделуде креативті қоғам құруды мақсат ететін түрлендіру. Сондықтан елдегі білім беру саласындағы интернетке қолжетімділік саланың цифрландыру арқылы әлемдік трендке байланысты даму мүмкіндігі. Оның деңгейі салыстырмалы түрде анықталады. Атап айтатын болсақ, цифрлық Қазақстанның дамуын әлемдік рейтингтегі елдің алатын орны анықтайды. Цифрлық интеллект индексі (Digital IQ) бойынша Қазақстан цифрландыру жылдамдығы бойынша 20-шы орында. Цифрлық әлауқаттың дамуы білім беру саласының ең перспективалы елдер тобына кіруіне мүмкіндік береді. Цифрландыруды дамыту әсіресе білім беру саласында Қазақстанның маңызды стратегиялық бағыттарының бірі.



1-сурет. БҰҰ деректері бойынша Қазақстан Республикасы E-Government Development Index, EGDI электронды үкіметті дамыту индексі. <https://publicadministration.un.org/> [2].


2-суретте көрсетілгендей, БҰҰ деректері бойынша Қазақстан Республикасы E-Government Development Index, EGDI электронды үкіметті дамыту индексі бойынша 193 елдің ішінде бойынша 24-ші орында. Алғашқы үштікте Дания 0,9847, Эстония 0,9727, Сингапур 0,9691

елдері. Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігі 0,9577 индекс бойынша 7-ші орында болса, Америка Құрама Штаттары 0,9195 индекс көрсетіп, 19-шы орында тұр. Демек, электронды үкіметтің жұмыс істеуі барлық салаларын қамтығандықтан бұл жүйеде білім орындарын таңдау, орналасу, әртүрлі сипаттағы өтініштерді беру, кезекке тұру, бағалау, кері байланысты жүзеге асырудың кез-келген түрлерін жүзеге асыру мүмкіндігі бар.

Қазақстанның осы рейтингтегі орны ТМД және Орталық Азия елдері арасындағы ең жоғары көрсеткіш болып отыр. 2024 жылдың тамызындағы Speedtest әлемдік индекс бойынша Қазақстандағы мобильді интернеттің орташа жылдамдығы 51,23 Мбит/с құрады. Бұл 144 елдің ішінде 53-орын [3]. Демек, Қазақстанның цифрландыру жағдайының елді қамтуына кедергілер жоқ. Дегенмен, ол мүлде мәселелер жоқ дегенді білдірмейді.

Білім беру саласын цифрландырудың келесі критерийі цифрлық сауаттылық. Цифрлық құралдар, технологиялар және интернетті қауіпсіз және тиімді пайдалану үшін қажетті білім мен дағдылардың жиынтығы цифрлық сауаттылықты білдіреді. Цифрлық сауаттылық цифрлық тұтынуға, цифрлық құзыреттіліктерге және цифрлық қауіпсіздікке негізделеді.

Күн сайын уақыттың жылдамдығымен білім берудегі цифрландыру жағдайы цифрлық құрылғыларға тәуелді. Яғни, мектептерде, университеттермен кез келген білім беру орындарында цифрлық бағдарламаларды, оқыту құралдарын пайдалану, цифрлық құрылғылармен қамтылу білім беру саласын цифрландырудағы негізгі индикатордың бірі болып табылады.



2-сурет. Қазақстан Республикасы бойынша оқу процесінде пайдаланылатын компьютерлер саны [4].

Ескертпе: авторлар құрастырған

2-суретке назар аударатын болсақ, Қазақстан Республикасы бойынша оқу процесінде пайдаланылатын компьютерлер саны арқылы елдің білім беру саласының қаншалықты цифрлық құралдармен қамтылғаны анықталады. Цифрлы сауаттылыққа толыққанды қол жеткізу үшін ең

алдымен республика мектептерінің цифрлық құралдармен қамтамасыз етілуіне назар аударылуы қажет. Сонымен статистика көрсетіп отырғандай, ең алдыңғы қатарда Түркістан облысы, Алматы облысы, Алматы қаласы, Шымкент қаласы, Қызылорда облысы, Астана қалаларының көрсеткіштері қамтылуы бойынша басқа аймақтармен салыстырғанда алдыңғы қатарда. Демек, цифрлық сауаттылықты арттыру үшін алдымен құралдар яғни, компьютерлермен қамтамасыз етуге мән берілуі керек.

Цифрлық оқыту контенті білім беру саласының маңызды критерийі болып отыр. Себебі, оқыту контентінің көлемі Қазақстанның білім беру жүйесінің қашықтан оқытуға бейімделе бастауымен өсе бастады. Цифрлық контенттің қазіргі өзекті мәселесі мемлекеттік тілдің көлемінің аздығымен сипатталады.

Адам ресурстары білім беру саласының негізгі индикаторы. Себебі, адами капиталды дамытуда білім беруді жетілдірудің маңызды индикаторы цифрлық қызметті дамыту. Ол үшін осы саланы жетілдіруде білімді мамандарды тарту маңызды.

EdTech нарығының дамуы, инвестициялар, яғни қомақты қаржыландыруды білім беру саласындағы цифрлық технологияларға инвестиция салу, цифрлық теңсіздікті азайту, яғни цифрлық құрылғылары жоқ табысы төмен, көпбалалы отбасылардың балаларын, мүмкіндігі шектеулі оқушыларды, толық емес отбасылардағы оқушыларды құрылғылармен қамтамасыз ету, цифрлық менеджмент немесе білім беру саласындағы менеджменттің цифрлық технологиялардың негізінде автоматтандырылуы және ашықтығы, яғни білім беру саласындағы басқару, мониторинг және бағалау процестерін ақпараттық-компьютерлік технологиялардың негізінде автоматтандыру. Білім беру саласын цифрландыру субъективизм яғни, жеке адам факторын, сыбайлас жемқорлық қатерін азайтуға көмектеседі. Бұл индикаторлар Қазақстанның білім беру жүйесінің цифрландыру процесі жақсы қарқын алып келе жатқанын және білім беру саласында жүзеге асырылып жатқанын көрсетеді.

Қазақстанның қазіргі таңда білім беру жүйесінің цифрлық қызметін жүзеге асыратын edu.kz бірінғай білім беру платформасы жұмыс істейді. Бұл жүйе отандық білім беру жүйесінің біртұтас, қолжетімді жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Мектепке дейінгі білім жалпы білім берудің бірінші деңгейі, орта білім жалпы білім берудің екінші деңгейі, орта арнайы білім жалпы білім берудің үшінші деңгейі, жоғарғы білім жалпы білім берудің төртінші деңгейі аталған цифрлық жүйеге топтастырылған [5]. Цифрлық білім беру ресурстарын оқытушылар сабақ жүргізу үшін, оқушылар өз беттерімен сабаққа дайындалу үшін және анықтамалық материалдар ретінде пайдалана алады. Цифрлық сауаттылық білім алушылардың қазіргі заманғы білім алудың көзі, маңызды элементі болса, оқытушының цифрлық сауаттылығы қауіпсіздіктің негізгі шарты болып табылады.

**1-кесте. Қазақстан Республикасының білім саласындағы
цифрландыру платформалары**

BilimLand [6].	Оқу бағдарламасына сәйкес әзірленген, мектепте оқытылатын пәндер бойынша интерактивті сабақтар мен факультативтер, сондай-ақ оқушылардың бойындағы ХХІ ғасыр дағдыларын дамытуға және мектеп теориясын іс жүзінде қолдануға арналған қосымша ресурстар.
Kundelik. [7]	Электрондық күнделік. Бағаларды қою және көру, үй тапсырмаларды беру және көру, қатысу. Оқушылар мен ата-аналарға арналған Kundelik платформасы. Мектеп жаңа мобильді қосымшасы. Бейнесабактар, мектептер картасы, қашықтықтан оқыту, цифрлік білім беру контенті беріледі.
OnlineMektep.org платформасы [8].	Еліміздің үздік педагогтері. Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес әзірлеген 24 000-нан астам интерактивті сабақ. Мұғалімдер мен сынып жетекшілері үшін, оқушылар мен ата-аналар үшін электрондық материалдар.
orleu.kz. [9]	«Өрлеу» инновациялық технологиялар орталығы. «Edu-Mark» мобильді қосымшасы. Мобильді электронды күнделік ата -аналар мен оқушыларға барлық тапсырмалар, сабақ тақырыптары мен бағалар туралы үнемі хабардар болуға мүмкіндік береді. «EduMark 2.0» - бұл қосымша «Bilimal» білім беру платформасына арналған және келесі функционалға ие. Электронды мектеп, электронды колледж, ПедАтт, Цифрлық қызмет көрсету платформасы,
SmartNation. [10]	Мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру және білім беру саласындағы бизнес-процестерді цифрландыру. Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтерді алу, жалпы орта білім беру саласында мемлекеттік қызметтерді алу, техникалық және кәсіптік білім беру саласында мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алу, кадрлық іс жүргізу және білім берудегі мансап, қаржылық жоспарлау және бухгалтерлік есеп үшін цифрлық құрал қызметтерін жүзеге асырады.
EDUS IT платформасы [11].	«Смарт мектеп» қағидасы бойынша мекемеде бірыңғай басқару мақсатында барлық процестерді бір жүйелік бағдарламалық шешімге біріктіру. Колледж, мектеп және балабақша жұмыс процестерін автоматтандыру. Жұмыс үдерістерін сауатты басқаруға арналған аппараттық-бағдарламалық кешен. EDUS оқу үдерістерінің өзара әрекеттесуін, шартты басқаруды, қол жеткізуді бақылауды және кіруді, мұрағаттық және кітапханалық деректер базасын құруды, есептерді жасауды және т.б. біріктіретін және жақсартатын интеграцияны ұсынады.

Жоғарыдағы кестеде Қазақстан Республикасының білім саласындағы цифрландыру платформалары көрсетілген. Мектепке дейінгі білім беру, жалпы орта білім беру, техникалық және кәсіптік білім беру саласында, жоғары оқу орындарында мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алу, білім

беру мен алуды ұйымдастырудың электрондық қызметі жүйеленген. Цифрлық білім беру жүйесі білім алушылар үшін барлық қызметтерді жеңілдетіп қана қоймайды, сонымен бірге қаржы ресурстарын үнемдеу, уақытты тиімді пайдалануға көмектеседі.

Нәтиже

Білім берудің барлық салалары цифрландыруды дамытумен қолдау арқылы сапаны көтеруді байланыстырады. Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымы дамытудың 2023–2029 жж. арналған тұжырымдамасында дамыту болашағы берілген. Тұжырымдамаға сәйкес, жоғары және жоғары оқудан кейінгі білім беру ұйымдары «smart-университеттер» моделіне сәйкес жұмыс істейді [12]. «Smart-университеттер» бұл цифрлық технологиялар мен инновациялық әдістерді оқу процесіне енгізу арқылы білім беру сапасын арттыруды мақсат ететін білім беру мекемесі. Smart-университеттердің негізгі ерекшеліктері мен тұжырымдамалары мыналарды қамтиды: цифрландыру және технологиялар, ақылды кампус, деректер мен жасанды интеллект, интерактивті және персоналды, инклюзивтілік және қолжетімділік оқыту, зерттеулер мен инновациялар, карьера және кәсіпкерлік қолдау. Smart-университеттердің енгізген инновациялары әлемдік білім беру саласының дамуына маңызды әсер етіп, білім алу мен оны жеткізу жолдарын түбегейлі өзгертуге ықпал етуде. Қазіргі таңда Қазақстанның университеттерінде Platonus және Univer LMS – оқытудағы менеджмент автоматтандырылған жүйелері қолданылады. Университеттерде цифрлы кітапхана базасы жасалып, ашық оқыту курстары, ғылыми платформалар жұмыс жасайды. Ұлттық білім беру деректер қоры (ҰБДҚ), Big Data және бұлтты технологиялар еліміздегі білім берудің деңгейлерін қамтиды. Ол ақпараттық жүйе 20 мыңнан астам білім беру ұйымдарын, білім басқармалары, мектепке дейінгі ұйымдар, мектептер мен колледждерді қамтиды. Деректер қорында 4,5 млн пайдаланушының жеке мәліметтері мен оқыту барысында қолданылатын материалдық-техникалық база ақпараты мен 2800 көрсеткіш бойынша жалпы статистика жинақталған [13]. Жоғары оқу орындарының цифрлық жұмысы ҰБДҚ-да жүзеге асырылып, ақпараттың бәрін қызметкерлер өз орындарында толтырып, деректерді электронды цифрлы қолтаңба арқылы растай алады. Аталған Ұлттық білім беру деректер қоры Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының электронды жүйелі жұмыс істеуіне мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің цифрландырылу мәселесі адами капиталды дамытуда білім беру саласын жетілдірудің қазіргі және болашақ дамуының маңызды саласы. Сондықтан адами капиталды дамытуда мемлекеттің білім беру саласын зерттеуде осы мәселеге баса назар аударып, қазіргі мәселелерін анықтап, жетілдіру жолдарына ерекше мән беру қажет.

Қазақстанда білім берудегі цифрлық трансформация картасының әзірленуі осы саланың жетілдірілуіне жасалып жатқан мемлекеттік саясаттың маңызды қызметі. ҚР Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы

9 қыркүйектегі бұйрығымен 2024-2028 жылдарға арналған мектепке дейінгі, орта, техникалық, кәсіптік және орта білімнен кейінгі, арнайы және қосымша білім беру саласындағы мемлекеттік басқарудың цифрлық трансформация картасын білім беру ұйымдарының бизнес ортадағы өзгерістерге тиімді бейімделуге және цифрлық трансформацияларды сәтті жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Картаның негізгі принципі саланы цифрлық трансформациялау картасын әзірлеу кезінде мемлекеттік басқаруды цифрлық трансформациялау бойынша көрсетілген қағидаттарды ескеру қажет екендігі көрсетеді. Картаның алдына қойған міндеттері қазіргі таңда білім саласында орын алып отырған проблемаларды шешуге, реттеуге арналады.

- Білім беру ұйымдарына қатысты мемлекеттік деректер қорын жинау арқылы мемлекеттік органдар арасында ақпараттың жылдам берілуін қамтамасыз етеді;
- Шығыс құжаттарды цифрлық сәйкестендірумен цифрлық құжаттарға аудару;
- Білім беру ұйымдарына кезектерді бөлуде ашықтық пен әділдікті қамтамасыз ету, ресурстарды басқаруды жақсарту және процестің тиімділігін арттыру үшін баллдық үлгілерді енгізу;
- Жергілікті деңгейде деректерді пайдалану кезінде әділетсіз шешім қабылдауды жою мақсатында деректерді тіркеуді орталықтандыру;
- Процестерде электронды айналымды енгізу барысында жеке адамның қатысын азайту.

Демек, білім беру ұйымдарының қызметінің цифрлануы ашықтық, әділеттілікті қамтамасыз ете отырып, олардың жүйелі жұмыс жасауына жағдай жасайды.

Білім беру саласын цифрландыруда перспективалы технологиялар ретінде:

- Жасанды интеллект (AI).
- Блокчейнге негізделген білім беру платформалары.
- Толықтырылған (AR) және виртуалды шындық (VR).
- Заттар интернеті (IoT).
- Геймификация және ойын технологиялары.
- Бейімделетін оқыту технологиялары.
- Деректерді талдау технологиялары (Big Data).
- Виртуалды зертханалар және симуляциялар.
- Интерактивті және бейімделген оқу материалдары [14].

Аталған технологиялар білім беру мен оны ұйымдастыруды жеңілдетіп қана қоймайды, білім алушылардың сапалы білім алуына, уақыт пен ақшаны үнемдеуге, білім беруге қатысты мәселелерді шешуде субъективизмді азайтып, әр түрлі сипаттағы жағымсыз әрекеттердің алдын алып, тиым салуға мүмкіндік береді. Сондықтан білім беру саласын цифрландыру мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып саналады.

Қорытынды

Ақпараттық қоғамның әлемге ортақ қойып отырған талабы барлық саланың цифрлануы. Жоғарыда білім беру саласының цифрлануы жағдайының артықшылықтары мен мәселелерінің талдануынан қорытынды алуға болады. Қазақстанның электронды үкіметі қызметінің цифрлану деңгейі әлем елдерінен кем қалып отырмағанымен, әрине оның жүзеге асырылуында біршама қиындықтар да болады. Әсіресе осы электронды үкімет қызметінің цифрлық жұмыс істеуін жақсарту үшін мемлекеттік билік тарапынан ұсынылып отырған мемлекеттік басқарудың цифрлық трансформация картасын осы саланың қызметінің жағымды өзгерісі ретінде бағалауға болады. Аталған факторлар негізінде білім беру саласының цифрландырылу болашағы сценарийлері анықталды:

Бірінші сценарий бойынша білім беру саласының цифрландырылу жағдайы қазіргі әлемдік индекстерге сүйенсек, бұрынғыдан да дамуға ұмтылады деген болжам жасауға негіз бар.

Екінші сценарий, аймақтық дамуды болжанады.

Үшінші сценарий, әлем одан сайын жаһандана түседі, оның әсері Қазақстанның цифрлық біліміне әсері күшті болады деп болжанады.

Төртінші сценарий P2P (peer-to-peer или person-to-person), технологиялардың арқасында адамдар арасындағы өзара байланыс дами түседі.

Бесінші сценарий бойынша болашақта білім саласында робореволюция күтіп тұр деген болжам жасауға болады.

Жоғарыдағы сценарийлер арқылы цифрландыруға қатысты маңызды қорытындыны көруге болады. Себебі, адамзат 4-ші өнеркәсіптік төңкеріс жағдайында цифрландыру бойынша тек алға жылжудан басқа сценарий күтілмейді.

Цифрлы білім беру жүйесі елдің жаһандық трендке сәйкес дамуына мүмкіндік беріп отыр. Адами капиталды дамытуда білім берудегі цифрландыру жүзеге асырылу деңгейі артып келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Е.Ә. Амантаев. Қазақстандағы білім беру саласын цифрландырудағы мемлекеттік саясат: қазіргі жағдай және келешегі// <https://portal.enu.kz/page.php?page=dissertation&query=1&type=1&type=2&guid=23FFF0F9-0DC8-424C-9F7B-7AC06E06BF54&number=1> (қаралған күні: 28.08.2024)
2. Ашықтық, сенімділік және өзектілік: қазақстанда тарифтерді реттеу процесі жаңартылды// <https://www.gov.kz/memleket/entities/krem/press/article/details/144761?lang=kk> (қаралған күні: 28.08.2024)
3. Глобальный индекс Speedtest// <https://www.speedtest.net/global-index> (қаралған күні: 28.08.2024)
4. Қазақстан Республикасы бойынша оқу процесінде пайдаланылатын компьютерлер саны// <https://taldau.stat.gov.kz/kk/NewIndex/GetIndex/703983?keyword=> (қаралған күні: 30.08.2024)
5. Біріңғай білім беру платформасы// <https://my.edu.kz/kz> (қаралған күні: 30.08.2024)
6. BilimLand// <https://bilimland.kz/kk> (қаралған күні: 30.08.2024)
7. Kundelik// <https://portal.kundelik.kz/> (қаралған күні: 30.08.2024)
8. OnlineMektep.org платформасы// <https://onlinemektep.org/login> (қаралған күні: 30.08.2024)
9. orleu.kz//<https://cit-orleu.kz/> (қаралған күні: 30.08.2024)
10. SmartNation//<https://smartnation.kz/kz/tko> (қаралған күні: 30.08.2024)
11. EDUS IT платформасы//<https://edus.kz/> (қаралған күні: 30.08.2024)
12. Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы: 2023 жылдың 28 наурызда, №248 бекітілген // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P23> Білім беру саласындағы жаңа технологиялар// <https://egov.kz/cms/kk/education/projects> (қаралған күні: 03.09.2024)
14. Карту цифровой трансформации в сфере образования разработали в Казахстане// <https://mail.kz/ru/news/kz-news/kartu-cifrovoi-transformacii-v-sfere-obrazovaniya-razrabotali-v-kazahstane> (қаралған күні: 03.09.2024)

REFERENCES:

1. E.A. Amantayev. Qazaqstandaǵı bilim berw salasın cıfrlandırwdaǵı memleketтік sayasat: qazırgı jaǵdayı jáne keleşegı [State policy in digitalization of education in Kazakhstan: current state and prospects] // <https://portal.enu.kz/page.php?page=dissertation&query=1&type=1&type=2&guid=23FFF0F9-0DC8-424C-9F7B-7AC06E06BF54&number=1> (accessed: 28.08.2024)
2. Aşıqtıq, senımdılık jáne ozektilik: qazaqstanda tarifterdı rettew procesı [Transparency, reliability and relevance: the tariff regulation process has been updated in Kazakhstan] // <https://www.gov.kz/memleket/entities/krem/press/article/details/144761?lang=kk> (accessed: 28.08.2024)
3. Globalnyy indeks Speedtest [The Global Speedtest Index] // <https://www.speedtest.net/global-index> (accessed: 28.08.2024)
4. Qazaqstan Respublikası boyınsha oqw procesinde paydalanılátın kompyuterler sanı [Number of computers used in the educational process in the Republic of Kazakhstan] // <https://taldau.stat.gov.kz/kk/NewIndex/GetIndex/703983?keyword=> (accessed: 30.08.2024)
5. Birińǵay bilim berw platforması [Unified educational platform] // <https://my.edu.kz/kz> (accessed: 30.08.2024)
6. BilimLand// <https://bilimland.kz/kk> (accessed: 30.08.2024)
7. Kundelik// <https://portal.kundelik.kz/> (accessed: 30.08.2024)
8. OnlineMektep.org platforması// <https://onlinemektep.org/login> ((accessed: 30.08.2024)
9. orleu.kz//<https://cit-orleu.kz/> (accessed: 30.08.2024)
10. SmartNation//<https://smartnation.kz/kz/tko> (accessed: 30.08.2024)
11. EDUS IT platforması//<https://edus.kz/> (accessed: 30.08.2024)
12. Qazaqstan Respublikası Úkimetiniń Qawlısı. Qazaqstan Respublikasında joǵarı bilimdi jáne ǵilimdi damıtwdıń 2023-2029 jıldarǵa arnalǵan tújırimdamasının bекіtw twralı: 2023 jıldıń 28 nawırızda, №248 бекітілген [Resolution Of The Government Of The Republic Of Kazakhstan. On approval of the concept for the development of higher education and science in the Republic of Kazakhstan for 2023-2029: approved on March 28, 2023, No. 248] // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000248#z28> (accessed: 28.08.2024)
13. Bilim berw salasındaǵı jańa texnologiyalar [New technologies in the field of Education] // <https://egov.kz/cms/kk/education/projects> (accessed: 03.09.2024)
14. Kartu tsifrovoy transformatsii v sfere obrazovaniya razrabotali v Kazakhstane [A map of digital transformation in the field of education has been developed in Kazakhstan]// <https://mail.kz/ru/news/kz-news/kartu-cifrovoi-transformacii-v-sfere-obrazovaniya-razrabotali-v-kazahstane> (accessed: 03.09.2024)

Еркін Тұқымов

*Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты, саяси ғылымдарының кандидаты
(Астана, Қазақстан).*

e-mail: Erkin.tukumov@gmail

МОДЕРНИЗАЦИЯЛЫҚ ҮДЕРІСТЕР МЕН ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ӨЗГЕРУІНІҢ ӨЗАРА ӘСЕР ЕТУ ФАКТОРЛАРЫ: ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕНІ ТАЛДАУ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНА

Аңдатпа. Мақалада Қазақстандағы жаңғырту үдерістері мен құндылықтардың трансформациясы арасындағы байланыс шетелдік және отандық тәжірибеге сүйене отырып зерттелген. Автор кеңестік мұра, әлеуметтік-экономикалық және демографиялық өзгерістердің қазіргі заманғы саяси мәдениет пен қазақстандық қоғамның құндылықтық жүйесін қалыптастыруға ықпалын талдайды. Инглхарттың дәстүрлі құндылықтардан постматериалистік құндылықтарға өту туралы тұжырымдамалары, сондай-ақ экономикалық өсу, урбанизация және демографиялық өзгерістердің құндылықтық трансформацияға әсері ерекше назарға алынған. Посткеңестік кезеңдегі қайта дәстүрлеу және көші-қон мен жаһандық үрдістер сияқты сыртқы факторлардың әсері қарастырылады. Қазақстанның тұрақты дамуы үшін дәстүр мен модернизацияны үйлестіру қажеттігі туралы қорытынды жасалады. Шығыс Еуропа мен Азия елдерінің тәжірибесі жаңғырту үдерісінде ұлттық ерекшеліктерді ескеру маңыздылығын көрсетеді. Жұмыста қоғамның үйлесімді дамуына қол жеткізу үшін әлеуметтік және экономикалық реформаларды мәдени және тарихи ерекшеліктермен үйлестірудің маңыздылығы атап өтілген.

Түйін сөздер: *Қазақстан, құндылықтар, жаңғырту, трансформация, әлеуметтік-экономикалық даму, постматериализм.*

Еркин Тукумов ФАКТОРЫ ВЗАИМОВЛИЯНИЯ МОДЕРНИЗАЦИОННЫХ ПРОЦЕССОВ И ТРАНСФОРМАЦИИ ЦЕННОСТЕЙ: АНАЛИЗ ЗАРУБЕЖНОГО ОПЫТА И КАЗАХСТАНА

Аннотация. Статья исследует взаимосвязь между модернизационными процессами и трансформацией ценностей в Казахстане на основе зарубежного и отечественного опыта. Автор анализирует влияние советского наследия, социально-экономических и демографических изменений на формирование современной политической культуры и ценностной системы казахстанского общества. Особое внимание уделяется концепциям Инглхарта о переходе от традиционных ценностей к постматериалистическим, а также значению

экономического роста, урбанизации и демографических изменений для ценностных трансформаций. Рассматривается ретрадиционализация в постсоветский период и влияние внешних факторов, таких как миграция и глобальные тренды. Делается вывод о необходимости сочетания традиций и модернизации для устойчивого развития Казахстана. Опыт стран Восточной Европы и Азии иллюстрирует значимость учета национальных особенностей в процессе модернизации. Работа подчеркивает важность согласования социальных и экономических реформ с культурными и историческими особенностями для достижения гармоничного развития общества.

Ключевые слова: *Казахстан, ценности, модернизация, трансформация, социально-экономическое развитие, постматериализм.*

Yerkin Tukumov

FACTORS OF MUTUAL INFLUENCE OF MODERNIZATION PROCESSES AND TRANSFORMATION OF VALUES: ANALYSIS OF FOREIGN EXPERIENCE AND KAZAKHSTAN

Abstract. The article explores the interplay between modernization processes and value transformation in Kazakhstan, drawing on international and domestic experiences. The author analyzes the impact of Soviet legacy, socio-economic, and demographic changes on the formation of contemporary political culture and the value system of Kazakhstani society. Particular attention is given to Inglehart's concepts of the shift from traditional to post-materialist values, as well as the influence of economic growth, urbanization, and demographic trends on value transformations. The study examines retraditionalization during the post-Soviet period and the effects of external factors such as migration and global trends. It concludes on the necessity of harmonizing tradition and modernization for Kazakhstan's sustainable development. The experiences of Eastern European and Asian countries illustrate the importance of considering national characteristics in modernization efforts. The paper emphasizes the critical role of aligning social and economic reforms with cultural and historical specifics to achieve harmonious societal development.

Keywords: *Kazakhstan, values, modernization, transformation, socio-economic development, post-materialism.*

Кіріспе

Посткеңестік Қазақстан қоғамының саяси мәдениеті, сөзсіз, кеңестік негізде құрылып, кеңестік ойлау мен құндылықтарға негізделгені айқын. Тіршілік ету құндылықтары тек сақталып қана қоймай, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында әлеуметтік-экономикалық жағдайдың нашарлауы және әлеуметтік теңсіздіктің өсуімен айтарлықтай күшейе түсті.

Құндылықтардың өзгеруін түсіндіретін әртүрлі ғылыми тәсілдер бар. Кейбір зерттеушілер даму жолын өркениеттік, мәдени және діни факторлармен байланыстырады. Мұндай тәсілдің ең танымал өкілдерінің бірі – Самуэль Хантингтон.

Сонымен қатар, белгілі американдық профессор Рональд Инглхарт сипаттаған анағұрлым танымал тәсіл бар. Бұл тәсіл барлық өзгерістердің негізінде әлеуметтік-экономикалық трансформациялар жатқанын дәлелдейді. Қарапайым тілмен айтқанда, егер сіз экономиканы өзгертсеңіз, оны дамытып, күрделендірсеңіз және жоғары технологиялы етсеңіз, қоғам мен оның құндылықтары да өзгертетіні сөзсіз. Экономикалық даму (жай ғана байлық емес) көптеген елдерде құндылықтардың дәстүрліден рационалды, толерантты, сенім мен азаматтық, саяси қатысу, сондай-ақ гендерлік теңдікке қарай трансформациялануына әкеледі [1, 12 б.].

Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту адамның материалдық, когнитивтік және әлеуметтік ресурстарын арттыра отырып, таңдау еркіндігіне сыртқы шектеулерді әлсіретеді. Бұл өзін-өзі көрсету құндылықтарына баса назар аударуға алып келеді, ал ол, өз кезегінде, қоғамда азаматтық және саяси еркіндіктерді, гендерлік теңдікті және биліктің «жауаптылығын» (responsive government) талап етуді күшейтеді. Бұл максималды таңдау еркіндігіне сай келетін институттарды қалыптастыру мен нығайтуға ықпал етеді, яғни, демократияны қамтамасыз етеді.

Кеңес кезеңі дәстүрлі қазақ қоғамын айтарлықтай өзгертті, дегенмен, қазақ құндылықтарындағы өзгерістер Ресей империясы кезеңінде басталғаны бұған дейін атап өтілген. Алайда, дәл осы кеңестік кезеңде Қазақстанның индустрияландырылуы нәтижесінде жаңғырту жүзеге асты, бірақ ол қазақ халқы үшін ішінара сипатта болды. Дегенмен, бала өлімінің төмендеуі, өмір сүру ұзақтығының өсуі, медицина мен білімге қолжетімділіктің артуымен байланысты алғашқы демографиялық ауысу сөзсіз прогресс болды. Бұл прогресс кеңеске дейінгі кезеңмен де, ауыр 1930-1940 жылдармен де салыстырғанда айқын болды.

Алайда, Инглхарттың пікірінше, прогресті сөзсіз деп санауға болмайды. Жаңғыртудың әртүрлі кезеңдерімен байланысты құндылықтардың өзгеруі қайтымды сипатқа ие. Әлеуметтік-экономикалық даму мәдениет саласында ауқымды және болжамды өзгерістер әкеледі, бірақ экономикалық күйреу жағдайында олардың бағыты керісінше өзгереді. КСРО-ның ыдырауы бұрынғы кеңестік экономикалық жүйенің күйреуі болды, әсіресе, Қазақстан үшін, ол одақтық республикалардың ішіндегі ең интеграцияланған елдердің бірі ретінде қатты сезілді.

Мурдың айтуынша, «...жаңғыртудың индустриялық кезеңі демократияға әкеледі деп айтуға болмайды: мұнда оқиғалардың дамуының әртүрлі жолдары, соның ішінде бұқараны саяси жұмылдырудың авторитарлық, фашистік немесе коммунистік нұсқалары болуы мүмкін» [2].

Бұл тезис тәуелсіз Қазақстанның саяси жүйесінің даму траекториясында да өз дәлелін тапты. Либерализацияның белгілі бір кезеңінен кейін биліктің авторитарлық жүйесіне трансформация болды.

1995 жылы президенттік билікті нығайтуға бағытталған бетбұрыс – бұл тек экономикалық реформалар мен жекешелендіруге кедергі келтіретін саяси либерализация мен демократияландыруды тоқтату арқылы тәуелсіз Қазақстанды трансформациялауда элиталар арасында қалыптасқан консенсустың нәтижесі ғана емес, сонымен қатар кең қоғамның келісіміне

негізделген шешім болды. Президенттік басқару моделін таңдау қазақ халқының басым көпшілігіне де, жалпы еуропалық қазақстандықтарға да қолайлы болды.

Бұл таңдауға сыртқы фактор да әсер етті. Посткеңестік және посткоммунистік кеңістіктегі көршілес елдерде болған тұрақсыздық толқыны «тұрақтылық демократиядан маңыздырақ» деген тезистің дұрыстығын одан әрі растағандай болды. Югославия мен Тәжікстандағы қанды азаматтық соғыстар, Оңтүстік Кавказ елдеріндегі тұрақсыздық пен тұрақты төңкерістер билік үшін күшті биліктің идеологиялық артықшылығын дәлелдейтін тамаша аргументтер болды.

Әлеуметтік-экономикалық тұрақсыздық жағдайында «қатты қолды» таңдаған бұл шешім, сөзсіз, қоғамдағы тіршілік ету құндылықтарының басымдығын және жаңғырту үдерісінің толық аяқталмағанын көрсететін нақты белгі болды.

Демографиялық үрдістер қоғамдық көңіл-күйді сақтауға ықпал етті. Екі параллель әлеуметтік-демографиялық үдеріс жаңғыртылған халық санын азайтып, олардың үлесін төмендетті.

Біріншіден, жаңа саяси шындық, тіркеу институтының жойылуы, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебеге ие болуы және Горбачевтің кейінгі кеңестік кезеңде қалыптасқан колхоз түріндегі кеңестік ауыл шаруашылығы жүйесінен нарықтық қатынастарға және жалпы экономикалық либерализацияға өтуі қазақ ауыл тұрғындарының қалаларға біртіндеп, бірақ тұрақты өсіп келе жатқан ағынын тудырды. Алайда, барлық оң динамикаға қарамастан, жаңа қала тұрғындары дәстүрлі, тіпті архаикалық құндылықтардың иелері болды.

Сонымен қатар, бұл құндылықтар, шын мәнінде, кеңестік кезеңнен кейінгі дәуірде дәстүрлі қазақ қоғамының құндылықтары емес, еңбекке, меншікке және мемлекетке деген көзқарастарымен ерекшеленетін кеңестік ауыл тұрғындарының құндылықтары болды. Бұл көзқарастар дәстүрлі қазақ қоғамынан айтарлықтай ерекшеленді – жеке меншік болмауы мен ұжымдық меншікке теріс көзқарастың салдарынан еңбек өнімділігінің төмендігі, мемлекетке сенімсіздік пен масылдық көңіл-күйлер тән болды. Сондықтан «ауылдың құлдырауы» және ауыл тұрғындарының «артта қалған дәстүрлері» туралы барлық пікірталастар қазақ қоғамының дәстүрлі құндылықтары мен мәдениетіне емес, тиімсіз кеңестік ауыл шаруашылығы жүйесіне және оның әлеуметтік салдарларына қатысты болып табылады.

Екіншіден, КСРО-ның ыдырауы Қазақстандағы еуропалық ұлт өкілдерінің ауқымды эмиграциясына себебі болды. Бұл негізінен оралмандық көші-қон сипатына ие болды, яғни, Қазақ КСР-не салыстырмалы түрде жақында өнеркәсіптік нысандарды салуға, тың игеруге және т.б. келген миллиондаған орыстардың, украиндықтардың және белорустардың бұрынғы тұратын немесе туылған жерлеріне қайтып оралуы орын алды. Қысқа уақыт ішінде тәуелсіз Қазақстан халқының саны 1991 жылғы 16,5 миллионнан 2000 жылы 14,8 миллионға дейін азайды [3].

Нәтижесінде, 90-жылдар мен 2000-жылдардағы еуропалық ұлт өкілдерінің басқа елдерге көшуі аясында, индустриялық жаңғыртудан өткен еуропалық халықты ауылдық қазақ халқымен ауыстыру үрдісі байқалды. 1999 жылғы

тәуелсіз Қазақстанның алғашқы халық санағы елдегі этно-демографиялық құрамның өзгергенін көрсетті. Мәселен, 1999 жылы қазақтардың үлесі 1989 жылмен салыстырғанда 53,4%-ға (бұрын 40%) жетті, ал орыстардың үлесі 37,4%-дан 30%-ға, немістердің үлесі 5,8%-дан 2,4%-ға дейін төмендеді [4].

Шетелден қазақтарды елге қайтару бағдарламасы да қазақ халқының үлесін арттыруға елеулі үлес қосты. 30 жыл ішінде елге негізінен Өзбекстан, Қытай, Моңғолия және Түрікменстаннан 1 миллионнан астам қазақ оралды. Бұл елдерден келген репатрианттар, негізінен, ауылдық жерлерде тұратын халық болғандықтан, жаңғырту үдерістері оларды азырақ қамтыған.

Жалпы алғанда, аталған әлеуметтік, экономикалық және демографиялық өзгерістер посткеңестік Қазақстан қоғамының қалыптасып жатқан құндылықтарына тікелей әсер етті. Тәуелсіздіктің бас кезімен салыстырғанда, 30 жыл ішінде Қазақстанда және қоғамда елеулі өзгерістер болғаны анық.

Зерттеудің мақсаты

Қазақстандағы жаңғырту үдерістері мен құндылықтардың өзгеруі арасындағы өзара байланысты халықаралық және отандық тәжірибеге сүйене отырып талдау. Зерттеу қазақстандық қоғамның саяси мәдениеті мен құндылықтық жүйесін қалыптастыруға әсер ететін әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, демографиялық үрдістер және сыртқы факторларды анықтауға бағытталған.

Зерттеу әдістері

Әдіснама посткеңестік және посткоммунистік елдердің тәжірибесін салыстырмалы талдауды, Инглхарт ұсынған дәстүрлі құндылықтардан постматериалистік құндылықтарға өтудің мәдени өзгерістер тұжырымдамаларын зерттеуді қамтиды. Ерекше назар тарихи, мәдени және экономикалық факторлардың ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып, тұрақты даму моделін қалыптастыруға әсеріне аударылады.

Талқылау

Бұрын айтылғандай, посткеңестік Қазақстан қоғамының саяси мәдениеті авторитарлы болды және кеңестік негізде құрылды. Тіршілік ету құндылықтары КСРО-ның ыдырауы мен әлеуметтік-экономикалық жағдайдың күрт нашарлауы нәтижесінде тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында тек сақталып қана қоймай, айтарлықтай күшейе түсті.

Біртұтас кеңестік экономикалық жүйе ішіндегі экономикалық байланыстардың үзілуі ұзақ мерзімді деиндустриализация кезеңіне әкелді. Егер индустриализация, Инглхарттың айтуынша, «дәстүрлі құндылықтардан секулярлы-рационалдыққа өтуімен» ерекшеленсе [1, 17 б.], керісінше, деиндустриализация Қазақстан қоғамын дәстүрлі емес діни тәжірибелердің бұрын-соңды болмаған өркендеуіне, архаикалық түрлердің таралуына әкелді. Олар көбінесе қазақ этносының дәстүрлері деп қате қабылданады. Мысалы, 90-жылдары медициналық қызмет көрсету сапасының және қолжетімділігінің төмендеуі балама медицинаның танымал болуына, оның ішінде «Аллы Аят» секілді, күн мен тұзды шай арқылы емдеу сияқты айқын алаяқтық әрекеттерге әкелді. Мұндай емдеу «дәстүрлері» қазақтарда да, басқа халықтарда да болмағаны анық.

Соған қарамастан, жаңғыртуны зерттеушілер әлеуметтік-экономикалық дамудың ұзақ мерзімді болжамды өзгерістерге әкелетінін жоққа шығармайды.

Тәуелсіздік кезеңінде орын алған әлеуметтік-экономикалық және демографиялық өзгерістер Қазақстан қоғамын қалай өзгертті және әлі де өзгертіп жатыр деген сұрақты кеңінен зерттеу қажет. Бұл сұраққа әртүрлі тәсілдер бар болғанымен, бірнеше тенденция маңызды трансформациялар орын алғанын көрсетеді.

Біріншіден, әлеуметтік-экономикалық даму дәстүрлі қоғамнан модерн қоғамына қарай құндылықтардың ұзақ мерзімді өзгеруіне алып келеді. Бұл тұрғыда, экономикалық статистика мен ресми өсу көрсеткіштеріне сүйенсек, қазақстандықтардың кеңестік кезеңмен және тәуелсіздіктің алғашқы жылдарымен салыстырғанда әл-ауқаты жақсарғаны байқалады. Экономикалық қатынастардың қалыпты либерализациясы элитаны ғана емес, сонымен қатар, объективті түрде жалпы экономикалық өсуге, халықтың әл-ауқатының артуына ықпал етті.

2000-жылдардың басынан бастап негізгі экспорттық тауарлар (мұнай, металдар) бағасының тұрақты өсуі арқасында Қазақстан тәуелсіздік жылдарында номиналды көрсеткіштер бойынша айтарлықтай табыстарға қол жеткізді. 1991 жылы ЖІӨ 24,92 миллиард доллар болса, бұл Өзбекстаннан сәл жоғары (13,68 миллиард доллар) еді, ал 30 жылдан кейін, 2021 жылы, айырмашылық үш есеге жуық артты: Қазақстанда 197 миллиард доллар, ал Өзбекстанда 69,6 миллиард доллар.

Осы тұрғыда Қазақстан экономикалық реформалар бойынша бұрынғы КСРО елдерінің алдыңғы қатарлы елдері қатарында орнықты, ал халықтың табыс деңгейі бойынша ТМД елдері арасында көш бастап тұр. Дүниежүзілік банктің мәліметі бойынша, 2018 жылы Қазақстан әлемдегі барлық елдер арасында 54-орынды, ал ТМД елдері арасында Ресеймен бірге көшбасшы орындарды иеленді, жан басына шаққандағы табысы 13,3 мың долларды құрады, бұл Тәжікстанмен салыстырғанда 11 есе көп [5].

Позитивті әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, урбанизация түптеп келгенде, құндылықтардың өзгеруіне, адамдардың айналасындағы шындықты қабылдауына, әділетті әрі ашық қоғамға, сондай-ақ саяси және экономикалық реформаларға деген сұранысқа елеулі әсер етті.

Қазақстан қоғамында маңызды әлеуметтік-демографиялық өзгерістер де орын алды. Foreign Policy журналының бұрынғы редакторы Мойзес Наим өз бестселлері «Биліктің соңы» кітабында атап өткендей, әлемде болып жатқан әлеуметтік-демографиялық өзгерістердің үш революциясы біздің елімізде де орын алуда және қоғам мен билік арасындағы қарым-қатынасты өзгертуде [6].

Осылайша, тәуелсіздік алғаннан бастап, ұрпақтар арасындағы революция орын алды. ҚСЗИ сарапшылары негізгі құндылықтар мен жас арасындағы байланыстарды талдай отырып, ұрпақтар арасында айтарлықтай айырмашылықтар жоқ екенін байқады, ал Инглхарттың айтуынша, бұл тәуелсіздіктің 30 жылында жас және егде ұрпақ арасында елеулі өзгерістер болмағанын көрсетеді. Дегенмен, технологиялық революцияның әсерінен әлемде болып жатқан ұрпақтық айырмашылықтар бар, ал Қазақстан, сөзсіз, ғаламдық коммуникацияға кіріктірілген ел.

Осы тұрғыдан алғанда, Инглхарт пен америкалық-британдық танымал саясаттанушы Пиппа Норрис айтқан мәдени-ұрпақтық тұжырым қызықты.

Бұл тұжырымға сәйкес, авторитарлық-популистік құндылықтар адамның тиесілі ұрпағымен тікелей байланысты. Егде ұрпақтар (соғыстан кейінгі және «бейбітбуерлер» ұрпағы) көбінесе авторитарлық-популистік құндылықтарды қолдайды және популистік партияларға дауыс береді, ал жас ұрпақ (X ұрпағы және миллениалдар) либертариандық, постматериалистік құндылықтарды ұстануға бейім және популистерді қолдауға құлықсыз [7].

Норрис пен Инглхарттың пікірінше, мұндай ұрпақаралық алшақтық кейбір демократиялық елдерде мажоритарлық сайлау жүйесінің ережелерімен күшейе түседі, мысалы, Ұлыбританиядағы көпшілік дауыспен сайлау жүйесі немесе АҚШ-тағы президенттік сайлаудағы жанама дауыс беру.

Авторитарлық-популистік құндылықтардың басқа қозғаушы факторларының бірі – «тыныш революция», мәдениет пен қоғамдық өмірде ауқымды өзгерістердің орын алуы. Бұл егде ұрпақтардың қарсылығын тудырады және экономикалық дағдарыстар тіпті жас ұрпақтың да құндылықтарына әсер етеді, оларды тікелей емес түрде өздерін аз қорғалған сезінуге мәжбүр етеді және сәйкесінше, авторитарлық-популистік құндылықтармен тығыз байланысты тіршілік ету құндылықтарына бет бұруға әкеледі.

Әлемдік саяси элиталар өз елдерінде болып жағқан әлеуметтік өзгерістерді ескеруі, оларға тез бейімделуі және бұл революцияларды дамудың игілігіне пайдалану қажет екені айқын. Сол сияқты, Қазақстанда да мықты және тиімді билік пен күшті азаматтық қоғамды дамыту қажеттілігін теңестіретін өз формуласын табу қажет.

Мықты мемлекет дегеніміз – мықты және харизматикалық тұлғалар емес, бірақ олардың рөлін төмендетпеу қажет, мықты және тұрақты билік институттары: президент, парламент, үкімет, соттар (басқару формасына байланысты). Ал күшті азаматтық қоғам дегеніміз – революционерлер мен бүлікшілер емес, жоғалтатын дүниесі бар орта тап және меншік иелері. Бұл адамдардың төтенше жағдайлар мен революциялар кезінде ғана емес, сонымен бірге авторитарлық режимдердің тұрақсыздығы жағдайында да жоғалтуы мүмкін дүниесі бар екенін білдіреді.

Сондықтан, егер Қазақстан қоғамының қайта дәстүрлеу туралы түсінік КСРО ыдырағаннан кейінгі алғашқы жылдары және тіпті онжылдықтарда дұрыс болған болса, бүгінде жағдай соншалықты анық емес. Тәуелсіздіктің 30 жылдан астам уақыт өткен соң біз қандай құндылықтарға ие қоғам болып табыламыз?

2023 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы ҚСЗИ «Қазақстандықтар қандай құндылықтарды бөліседі? Біз құндылық тұрғысынан қандай қоғамбыз?» тақырыбында социологиялық зерттеулер жүргізді.

Белгілі болғандай, құндылықтар жалпы түрде материалистік (аграрлық елдер мен индустриялық жаңғырту жолына түскен елдерге тән) және постматериалистік (постиндустриялық экономикасы бар елдерге тән) болуы мүмкін. Материалистік құндылықтар – бұл тіршілік ету құндылықтары (экономикалық және физикалық қауіпсіздік, материалдық құндылықтар, басқаша ойлауға төзімсіздік, еркіндік пен адам құқықтарының төмен

бағалануы, авторитаризмді қабылдау), ал постматериалистік құндылықтар – бұл өзін-өзі көрсету құндылықтары (жеке тұлға құндылығының жоғары болуы, еркіндік, адам құқықтары, материалдық жетістік пен гендерлік теңдік).

Зерттеу нәтижесінде қазіргі қазақстандықтардың негізгі құндылықтары «тіршілік ету/өзін-өзі көрсету құндылықтары» шкаласы бойынша анықталды. Қазақстан қоғамында үш құндылықтық тип бар екені анықталды. Бірінші тип – материалистік құндылықтарды ұстанушылар (олар халықтың төрттен бірінен үштен біріне дейін), екінші тип – аралас құндылықтарды ұстанушылар (50–60%), үшінші тип – постматериалистік құндылықтарды ұстанушылар (3–5%) [8, 131 б.].

ҚСЗИ сарапшылары «тіршілік ету және дәстүрлі құндылықтардың басым болуы – білім беру мен денсаулық сақтау институттарының жеткілікті деңгейде дамымауы жағдайындағы экономикалық өсудің нәтижесі» деген қорытынды жасайды. Зерттеушілер ЖІӨ-нің өсуі енді түсіндіру күші жоқ деген пікірге келді. Қазақстанның ЖІӨ бойынша жақсы көрсеткіштері бар, бірақ азаматтардың өмір сүру сапасының стандарттары, халықтың әлауқатын түсінумен тығыз байланысты көрсеткіштер, әлі де Бағыс Еуропамен салыстырғанда артта қалып отыр [8, 133 б.].

А. Забиrowаның пікірінше, Қазақстанның екінші демографиялық өтпелі кезеңнен өтпегені – қоғамның әлі де жаңғырту үдерісінде екенін көрсететін сенімді белгі. Өлім деңгейінің тұрақты төмендеу үрдісі жоқ, ал туу коэффициенті әлі де өсіп келеді [8, 115–116 бб.].

Айта кету керек, ЖІӨ-нің өсу көрсеткіші дамудың өлшемі болудан қалған. Дамыған елдердің инклюзивті көрсеткіштері бар, атап айтқанда: медицина сапасы мен қолжетімділігі, сапалы және қолжетімді білім беру, жақсы инфрақұрылым (үйлер, жолдар, сапалы ауыз су), экологияның жақсы деңгейі.

Елдің экономикалық өсуі, бірақ білім беру мен денсаулық сақтауға жеткілікті инвестициялардың болмауы, Қазақстан қоғамындағы құндылықтық бағдарлардың қалыптасқан құрылымын түсіндіреді.

Қауіпсіздікке басымдық беру қоғамның әлеуметтік-экономикалық даму деңгейін, адамдардың өмірлік қауіпсіздігін (немесе қауіпсіздігінің жоқтығын) көрсетеді және әдетте бұл мәдени ерекшеліктермен анықталмайды.

Сонымен қатар, біздің қоғамның бір бөлігі, аз болса да, жаңғыртудан өтіп, постматериалистік құндылықтарға негізделгенін көреміз. Олардың саны өте аз – бар болғаны халықтың 3–5%-ы, бұл абсолюттік мәнде 600 мыңнан 1 миллионға дейін азаматтарымыз [8, с.131]. Негізінен бұл жоғары білімді, орта және одан жоғары орта тапқа жататын ірі қалалардың тұрғындары. Олардың аздығы әдетте азаматтық белсенділікпен және еркіндікке ұмтылумен өтеледі, дәл солар көбінесе демократияландыру бағытындағы бейбіт өзгерістердің қозғаушы күші болады. Олардың соңынан басқа қоғам топтары да ілеседі.

Бұдан да маңыздысы – біздің қоғамның едәуір бөлігі, шамамен 60%-ы, аралас құндылықтар негізіне ие. Яғни, елдегі экономикалық жағдай жақсарған жағдайда, экономикалық даму барысында бұл топ біртіндеп постматериалистік құндылықтарға, яғни еркіндік, адам құқықтары, гендерлік теңдік құндылықтарына көше бастайды. Бұдан әрі, Инглхарт атап өткендей,

өзін-өзі көрсету құндылықтарының күшеюімен тіпті демократиялық дәстүрлері ұзақ уақытқа созылған елдердің өзінде билік халықтың қалауларына «жауап бере» бастайды, ал саясат элитаның тек сайлау кезінде ғана халықты еске алатын «ойынына» ұқсамай қалады.

Егер әлем дамуының экономикалық әл-ауқат тұрғысынан оң бағытта жүріп жатқанын, және іс жүзінде бүкіл әлем қазір жүз жыл бұрынғыдан әлдеқайда жақсы өмір сүріп жатқанын негізге алсақ, бұл Қазақстанға да қатысты екені сөзсіз.

Қазақ қоғамындағы әлеуметтік-демократиялық жетістіктер мен еркіндіктерді, соның ішінде гендерлік теңдікті төмендетпестен, бүгінгі қазақтар мен қазақстандықтардың ата-бабаларымен салыстырғанда әлдеқайда жақсы өмір сүруде. Тағы бір сұрақ – біз бұдан да жақсы өмір сүре алар ма едік, тәуелсіздік кезеңін тиімдірек, күрделі және инклюзивті экономиканы, тұрақты саяси институттарды құру үшін пайдалана алар ма едік – және бұл сұраққа жауап сөзсіз, иә. Сондықтан өткенді бағалау өткен қателіктерді қайталамау үшін ғана емес, экономикалық және саяси жүйелерді, қоғамдық сананы жаңғырту үшін де маңызды.

Сонымен қатар, бастапқыда болжам ретінде ұсынылғандай, қазақ дәстүрлері мен құндылықтары Қазақстан қоғамының одан әрі жаңғыруына қайшы келмейді, керісінше, оның қуатты негізі бола алады.

Жалпы алғанда, дәстүршілдік пен модернизмнің қарама-қарсы қойылуы біздің қоғамның әртүрлі бөліктерін бір-біріне қарсы қояды және дұрыс тәсіл емес деп есептейміз. Мұндай бинарлық, қарапайым тәсіл біздің қоғамның даму перспективаларының күрделілігін және бағалауын жеткіліксіз түсіндіреді.

Өткеннің беделді авторларының қандай танымал есімдері болса да, ескірген концепциялардан арылу қажет. Мысалы, Маркс пен Вебер бойынша, жаңғыртуының «қатаң», бір жақты түсінігі бар: дәстүрлерден қаншалықты алыс болса, соншалықты жақсы, модернге соншалықты жақын. Қоғамдық модель тұрғысынан дәстүрлі қоғам – әрдайым артта қалған, кедей, білімсіз қоғам. Егер бұл ойды елдерге қатысты жалғастыратын болсақ, модерн – әрдайым метрополия, ал артта қалу – әрдайым отар болып табылады.

Бұл тұрғыда қазақтар, көшпенділердің ұрпақтары ретінде және бұрын Ресей империясының, кейін КСРО-ның құрамында болған халық ретінде, «дәстүрлі және алдын ала артта қалған» болып сипатталады. Айта кету керек, бұл дискурс қазір ғылыми әлемде танымал емес және жиі теріске шығарылады.

Сонымен қатар, Жапония, Оңтүстік Корея, Сингапур, Малайзия және басқа да жаңғыртудан сәтті өткен азиялық елдердің оң тәжірибесін қарастырсақ, «модерн мен дәстүр» бір-біріне қайшы келмейтінін, керісінше, бірін-бірі қолдап, толықтыратынын анық көруге болады. Мысалы, жапон модернизмі синтоизмнің діни дәстүрлеріне негізделген, бір жағынан, синтоизм жапондардың бағыстық институттар мен мәдени тәжірибелерді қабылдауына елеулі ықпал етіп, жапондарға жаңғырту үдерісінде ұлттық дәстүрлер мен мәдениетті сақтауға мүмкіндік берді. Император Мэйдзи (1867–1912) кезіндегі жаңғырту дәстүр мен жаңғыруды жақтаушылар арасындағы ымыраның нәтижесінде жүзеге асырылды.

Сонымен қатар, мемлекетті шынайы жаңғырту «модерн қоғамын» құрмай мүмкін емес екенімен келіспеу қиын. Қоғамды айналып өтіп, елді жаңғыртуға жасалған кез келген талпыныс сөзсіз сәтсіздікке ұшырайды.

Модерн қоғамын құруда мәдени компонент аса маңызды, тіпті негізгі рөл атқарады. Мысалы, Ұлыбританияда пайда болған «Хаттар республикасы» модерн қоғамының алғашқы үлгісі болды, мұнда қоғамның еркін және шығармашылық мүшелері мемлекеттің дамуындағы басты қозғаушы күшке айналды. Нейл Фергюсон өзінің еңбегінде атап өткендей, «...батыс өркениетінің әлемдік үстемдігі 500 жылға созылған кезеңде алты әлеуметтік инновациялық концепцияны меңгеріп, әлемге ұсына алуының арқасында жүзеге асты: бәсекелестік, еңбек этикасы, экономикалық тұтыну, заманауи ғылым, заманауи медицина, құқықтық тәртіп» [9]. Бұл концепциялар британдық және жалпы батыстық өркениеттің әлеуметтік нормаларына негізделген.

Сонымен қатар, Қазақстандық «бізді» талдауда израильдік тарихшы Шмуэль Эйзенштадттың [10] көзқарасы көбірек қолдау табады. Тәуелсіздіктің алғашқы кезеңінен бастап және ашықтық саясаты басталған сәттен-ақ, жаңғыртуға апаратын жол бір ғана және экономикалық тұрғыдан гүлденген әрі саяси тұрғыдан мықты мемлекет болуға ұмтылған барлық елдер батыстық елдермен бірдей жолдан өтуі керек деген сенім кең таралған болатын. Батыс даму үлгісі ретінде қабылданды, және сол жолмен жүру керек болды.

Социалистік жүйе мен коммунистік идеологияның құлдырауынан кейін ұзақ уақыт бойы дамудың жалғыз дұрыс моделі Фрэнсис Фукуяманың «тарихтың аяқталуы» тұжырымдамасында сипатталған либералдық идеология болды. Тіпті «барлық посткоммунистік елдер, әртүрлі жылдамдықта және әртүрлі қателіктермен, бірақ социализмнің тарихи бәсекеге төтеп бере алмаған жалғыз мүмкін альтернативасы – либералдық тәртіпті құруға қарай жылжиды» деген жеңілдетілген түсінік пайда болды [11].

Осыған байланысты, Батысты қуып жету және оның жоғары өмір сүру деңгейіне жету үшін "коммунизмнің бұғауынан" құтылу арқылы Батыстың ұлттық шекарасындағы даму моделіне еліктеу қажет болды деген үміттер арта түсті.

Тіпті транзитология деп аталатын ерекше пән пайда болды, ол транзиттік елдердің ұлттық ерекшеліктерін ескере отырып, ең жақсы тәжірибелерді енгізу арқылы ақырында вестернизацияға қол жеткізе алатынын түсіндірді. Тағы да, дұрыс заңдарды енгізу, Халықаралық валюта қоры (ХВҚ) мен ЕҚЫҰ нұсқауларын нақты орындау дұрыс тәжірибелерді қалыптастырады деген сенім болды.

Зерттеу нәтижелері

«Біз қазір қандай қоғамбыз?» деген талдау басқа посткеңестік және посткоммунистік қоғамдармен салыстырмалы түрде қарастырылмаса толық болмайды.

Шынында да, посткоммунистік елдердің транзитінің нәтижелері, әсіресе Шығыс және Орталық Еуропа елдері үшін, мысалы, Шығыс Германия, Польша, Чехия және т.б., айтарлықтай әсерлі болды.

Мысалы, Польша – батыстық даму моделі үлгісін ұстанудың жарқын

мысалдарының бірі. 1990-жылдардың басында Польшада қаржы министрі Лешек Бальцерович бастаған реформалардан бері елдің ЖІӨ үш есе өсіп, 2022 жылы шамамен 700 миллиард АҚШ долларына жетті. Сол кезеңде тауар экспортының көлемі 14,9 миллиард доллардан 264,786 миллиард долларға дейін 17 еседен астам өсті, ал экспорттағы өнеркәсіптік тауарлардың үлесі 55,3%-дан 80,2%-ға дейін артты [12].

Мұндай мысалдар көп. Екі Германияның экономикалық және саяси тұрғыдан сәтті интеграциясы, посткеңестік және посткоммунистік елдердің Еуропалық Одаққа енуі де осындай табысты болды. КСРО құрамында болған кейбір елдер, соның ішінде Қазақстан, күрделі құрылымдық реформалардан кейін экономикалық өсу жолына түсті.

Берлин қабырғасының құлауы мен социалистік блок елдеріндегі «барқыт революциялардан», сондай-ақ КСРО-ның ыдырауынан кейін 30 жылдан астам уақыт өткен соң, Шығыс Еуропаның посткоммунистік елдері мен бұрынғы КСРО елдерінің дамуындағы белгілі бір айырмашылықтарды байқаймыз. Әділдік үшін айта кету керек, әлеуметтік-экономикалық даму деңгейіндегі айырмашылықтар Варшава блогы кезінде де болған, бірақ тәуелсіз дамудың онжылдықтарынан кейін олар одан әрі айқын көрінді.

Көптеген сарапшылардың пікірінше, осы екі блоктың дамуындағы айырмашылықтардың негізгі себептерінің бірі – қоғамдық құрылымды жүйелі өзгерту үшін қажетті әлеуметтік-мәдени алғышарттардың болуы. Посткеңестік кеңістікте, Балтық елдерін қоспағанда, «саяси өзгерістерге дейін құндылықтардың революциясы болған жоқ» [13].

Еуропалық посткоммунистік елдерде, мысалы, Польша, Венгрия және т.б., «кеңестік социализм моделіне балама ретінде демократиялық және нарықтық реформаларды жүзеге асыру арқылы олардың халықтарын еуропалық өркениетке қайтаруға деген тұрақты ұмтылыс қалыптасты». Бұл Балтық елдерінің және аталған елдердің ЕО мен НАТО-ға кіруі арқылы іске асырылды. Ал бұрынғы КСРО елдерінде бұқара санасы мүлдем басқа өлшемге ие болды.

Көптеген азаматтар КСРО-дағы өмірдің әртүрлі аспектілеріне наразылықтарын білдіргенімен, олар не социализмді қатаң шаралар арқылы жақсартуға болады деп сенді, не қалыптасқан тәртіпке нақты балама туралы түсініктері болмады. Демократиялық құндылықтар, адам құқықтарын қамтамасыз ету идеялары басымдыққа ие болғанымен, олар тек диссиденттердің шағын топтарында таралды және кеңес халқының көп бөлігіне түсініксіз болды.

Бұл айтылғандар кеңес адамдары, соның ішінде қазақстандықтар, өзгерістерді қаламады дегенді білдірмейді. КСРО-ның соңғы басшысы М. Горбачев бастаған «жариялылық» пен «қайта құру» Батыс елдеріндегі молшылық пен еркіндік өмірін насихаттан тыс шынайы түрде көруге мүмкіндік берді. Алайда, Балтық елдерінен айырмашылығы, олар кеңес үкіметіне нақты баламаны айқын түсінді және экономикалық, саяси және әскери интеграцияны қамтамасыз ету үшін Батыс елдерінен (ЕО және АҚШ) институционалдық қолдау ала алды. Ал жаңа тәуелсіз мемлекеттер кеңестік биліктің орнын басатын баламаны көрмеді. Сондықтан, халықтың басым бөлігінде демократияландыруға сұраныс болған жоқ.

Сонымен бірге экономикалық өзгерістерге сұраныс болды: тауар тапшылығы дәуірін еңсеру, жеке бизнес пен жеке меншікке қойылған шектеулерді алып тастау, заңды түрде байып, байлығын еркін басқару мүмкіндігіне ие болу.

Шығыс Еуропа елдеріндегідей, Польша сияқты, Қазақстан халқы мен билігі де білімді халық, ресурстар (мұнай, газ, металдар), инфрақұрылым мен өнеркәсіп сияқты бастапқы жақсы жағдайларды ескере отырып, нарықтық реформалар тез арада өркендеуге әкеледі деп келісті.

Сол кезде «алдымен – экономика, содан кейін – саясат» деген ұран пайда болды. Саяси ерекшеліктерді ескере отырып, экономикалық даму үлгілері ретінде Батыс Еуропа мен АҚШ емес, Сингапур мен Малайзия сияқты дамыған азиялық экономикалар таңдалды. «Стратегия-2030» Оңтүстік-Шығыс Азияның төрт елінің (Сингапур, Гонконг, Тайвань және Оңтүстік Корея) даму феномені – «азиялық жолбарыстар» сияқты Қазақстанды «азиялық барысқа» айналдыруы тиіс болды.

Алайда, экономикалық жетістіктер аясында таңқаларлық оқиғалар орын алды. «Либерализм жеңіске жетті» деп саналатын елдерде либералдық бағыттағы үкіметтердің орнына бірінен соң бірі бұрынғы либералдық идеалдардан алыс консервативті көшбасшылар билікке келе бастады. Ең айқын мысалдар – авторитарлық сипаттағы саясаткерлер: Венгрияда Виктор Орбан, Польшада Анджей Дуда. Бұдан бөлек, либералдық тәртіпке деген наразылық «бастапқы» батыс демократияларының өзінде де пайда болды: АҚШ-тағы Трамп феномені, Ұлыбританиядағы Брекзит, Франциядағы Мари Ле Пеннің танымалдылығының артуы, Италияда Джорджа Мелони бастаған «Италияның бауырлары» ультраоңшыл партиясының жеңісі. Жалпы алғанда, батыс демократияларындағы ультраоңшыл партиялардың өсіп келе жатқан танымалдығы – жаһандық демократиялық жүйені өзгертетін тұрақты тренд.

Бұл құбылыстың көптеген себептері бар. Олардың бірі – либерализм дәстүрлерді жойып, ұлттық бірегейлікті бұзады деген тұжырым. Мысалы, америкалық-израильдік ғалым, консервативтік ұлтшылдық идеологтарының бірі Йорам Хазони өзінің «Ұлтшылдықтың күші» (The Virtue of Nationalism) кітабында «либерализм идеялары» Жан Жак Руссо мен Джон Локктан бастау алып, бізді утопиялық әлемге апарады, ол жерде мемлекет, қауым, отбасы, дін сияқты еврей және христиан әлемдерінің негізгі саяси институттарына орын жоқ деп ашық айтады [14].

Посткоммунистік елдерге назар аударатын болса, көптеген зерттеулерге сүйене отырып, жедел және ауқымды либерализация саясатының нәтижесінде элеуметтік және экономикалық теңсіздік саяси реніш пен наразылықтың негізгі себебі болғанын болжауға болады. Венгриялық социолог Элемер Ханкисс: «Адамдар кенеттен алдағы жылдары кім бай, ал кім кедей болатынын; кімде билік болады, ал кімде болмайтынын; кім шеттетіліп, кім орталықта болатынын; кім әулет құра алатынын, ал кімнің балалары зардап шегетінін анықтайтынын түсінді», – деп атап өткен [15].

Соған қарамастан, поляктар да, венгрлер де, тіпті басқа елдер де нарықтық экономиканың және демократияның барлық жетістіктерінен бас тартуға дайын емес. Дискуссия либерализм мен антилиберализм жүйелеріндегі

құндылықтық бағдарлар төңірегінде жүріп жатыр. Поляктар мен венгрлер жапондар Мэйдзи дәуірінде жасағандай, дәстүр мен жаңғырту арасындағы даму компромиссін іздеуде. Бұл 2023 жылы Польшада болды, онда көптеген жылдар бойы билік еткен «Құқық және әділеттілік» консервативтік партиясының орнына Дональд Туск басқарған «Азаматтық коалиция» оппозициясы үкіметті басқаруға келді. Яғни, консерваторлардың орнын либералдар басты.

Посткоммунистік елдің еуропалық демократиялық елге айналуындағы «поляк мысалын» елдің салыстырмалы артта қалған күйден дамыған қоғамға көшу классикалық парадигмасы арқылы түсіндіруге болады. Әдетте, елдің іргелі трансформациясының себебі оның артта қалуы болып табылады. Элиталар бұл артта қалушылықты түсінген кезде, оларда кемшілікті сезіну пайда болады, бұл шетелдік үлгілерді ұлттық ландшафтқа енгізуге әкеледі. Сонымен бірге, мигранттар сияқты сыртқы «қауіптер» элитаны патриотизмді нығайту жолдарын іздеуге мәжбүрлейді, бұл көбінесе халықтық дәстүрлерге жүгіну арқылы жүзеге асады – бұл дін мен тілдің гүлденуін түсіндіреді. Жоғарыда аталғандардың барлығы тек Польшада ғана емес, басқа посткоммунистік елдерде де болды.

Алайда, 90-жылдардың басынан алыстаған сайын, Фрэнсис Фукуяманың әлеуметтік-саяси жобалардың бәсекелестігі аяқталып, либералдық тәртіптің баламасыздығы туралы тезисінің шындықтан тым алыс екені түсінікті бола бастады. «Тарихтың соңы» және сәйкесінше, даму модельдерінің баламасыздығы туралы мәлімдеме либералдық тәртіпті жалғыз мүмкін нұсқа ретінде бағалауды төмендетуге алып келді. Адам табиғатында – таңдау жасау мүмкіндігі бар, соның ішінде либерализмнен бас тарту мүмкіндігі де бар, оның барлық оң жақтарын мойындағанның өзінде.

Барлығы өздерін бірегей сезініп, өздерінің қайталанбас ерекшелігін сақтағысы келеді, ал бұл өз күшін сезінуді білдіреді. Поляктар да, венгрлер де, посткеңестік қоғамдар да ағылшындарға, немістерге немесе американдықтарға айналғысы келмейді. Олар өздерінің бірегейлігін, дәстүрлері мен батыстық инновациялар мен технологиялар арасындағы тепе-теңдікті сақтағысы келеді. Олар сөз бостандығын да, отбасылық құндылықтарды да қалайды. Жалпы алғанда, ғаламданған әлемде поляктар, венгрлер және басқалар өздері болып қалғысы келеді.

Либералдық тәртіптің әмбебап адам құқықтары, еркін көші-қон, миграцияға либералдық көзқарас және бөтенге төзімділік сияқты ұстанымдары белгілі бір кезеңде поляктардың өз бірегейлігін сақтау тілектерімен өткір қайшылыққа келді. Польша тарихындағы күрделі жағдайлар – мемлекеттің бес рет жаулап алынуы мен жойылуы (1772–1939 жж.), сондай-ақ, социалистік лагерь мен Варшава келісімі аясында КСРО ықпалына ену кезеңі поляк қоғамы үшін ауыр болды және олардың бостандық құндылықтарына жат еді. Ұзақ жылдар бойы поляктарда таңдау мүмкіндігі болған жоқ.

Берлин қабырғасының құлауы, КСРО-дағы саяси жүйені либерализациялау (Қайта құру) нәтижесінде, поляктар мен Шығыс Еуропа халықтарына таңдау мүмкіндігін берді. Бұл – либералдық демократия мен еркін нарыққа таңдау жасау еді.

Алайда, Польша мен басқа социалистік блок елдерінің посткоммунистік тарихы көрсеткендей, либералдық даму моделіне көшу айқын артықшылықтарға ие болғанымен, посткоммунистік қоғамдар либералдық тәртіптің барлық құндылықтарын қабылдауға дайын болмады.

Поляктардың басым бөлігінің 2005 жылдан 2023 жылға дейін (шамамен 20 жыл бойы үзіліспен) билік еткен консервативтік «Құқық және әділеттілік» партиясын таңдауы, либералдық ережелер мен құндылықтарды поляк дәстүрлері мен тарихын ескермей қатаң ұстануға келіспегенін көрсетеді. Бұл келіспеушіліктің ең айқын маркерлері миграциялық саясатқа, абортқа рұқсат етуге және ЛГБТ құқықтарын заңдастыруға қатысты поляктардың реакциясы болды. Мысалы, 2015 жылы «Азаматтық платформа» либералдық партиясының Сириядан 7 000 адамды қабылдауға ниеті парламенттік сайлауда «Құқық және әділеттілік» партиясының жеңіске жетуіне себеп болды. Бұл таңқаларлық емес, өйткені поляктар арасында антимұсылмандық және антииммигранттық көңіл-күй өте жоғары (56%-ы оларға теріс қарайды, ал елде мұсылмандар саны халықтың 0,1%-ынан аспайды) [16]. Сонымен қатар, Польшаға көршілес Германия 2022 жылдың соңына дейін Сириядан келген 670 мың мигрантты қабылдады.

Посткоммунистік елдердің, тіпті Шығыс және Орталық Еуропаның вестернизацияланған елдерінің «батыстық қоғамды имитациялау» саясаты экономикалық жетістіктерге әкелгенімен, оларды батыстық үлгідегі қоғамға айналдырған жоқ. «Теория соответствияны» қолданғанда, посткоммунистік елдердегі саяси және экономикалық институттардың либерализациясы бұл елдердің бұқаралық мәдениетімен әрдайым сәйкес бола бермеді.

Сонымен қатар, Венгрия мен Польша халықтары либерализмнен бас тартуы мүмкін, бірақ бостандық пен демократиядан емес. Берлин қабырғасының құлауынан кейін 35 жыл өткен соң, жаңа дәуірде өскен және еуропалық одақтағы өз құрдастарына ұқсас болып келе жатқан Орталық Еуропа тұрғындарының жаңа буыны қалыптасты, олар жартылай диктатурадан толық еркіндікті артық көреді. Инглхарт пен Норристің жас ұрпақтардың бостандық қоғамын таңдау арқылы үлкендерден ерекшеленетінін растайтын тезисі Шығыс Еуропаның посткоммунистік қоғамдарында да дәлелденуде.

Посткоммунистік қоғамдардың даму үлгісі біздің қоғам үшін де пайдалы, өйткені ол да кеңестік өткенді түсінуге, одан босануға және модерн қоғамына қарай даму жолын табуға тырысуда.

Біз әлі де либерализм, ұлтшылдық және консерватизмнің заманауи трендтері туралы ғылыми және саяси дискурстардың перифериясында болсақ та, әлемдік ғылыми пікірталастар бізге тікелей әсер етеді. Бұл әртүрлі идеологиялық нарративтердің енуі мен таралуын ғана емес, сонымен бірге біздің болашағымызды құруды түсінуді де қамтиды. Біздің дәстүрлі қоғамнан модерн қоғамына қарай қозғалатынымызды, және бұл жолда біздің дәстүрлеріміз бен құндылықтарымыз дамудың негізгі ролін атқара алатынын түсінуді қамтиды.

Эйзенштадт модернизацияның көптүрлілігі туралы идеяны ұсынады, өйткені көптеген елдердің, соның ішінде азиялық елдердің тәжірибесі жаңғырудың вестернизацияға балама емес екенін көрсетеді.

Қорытынды

Біз соңғы 30 жыл ішінде көріп отырғандай, біздің қоғамның жаңғыруы мәдени және тарихи ерекшеліктерімізге, ұлттық құндылықтарымызға (ашықтық, мобильділік және т.б.) айтарлықтай тәуелді. Осыған сәйкес, Қазақстанның әртүрлі даму кезеңдерінде дәстүр мен модерннің арақатынасы да өзгеруде. Бұл үдеріс сызықты емес және кейде кері қайту сипатында болуы мүмкін.

Біздің өткенімізде артта қалуымызға негіз болатын ештеңе жоқ. Керісінше, қазақ қоғамының дәстүрлері мен құндылықтарында модерн қоғамының негіздері қаланған. Сонымен қатар, Польша мен басқа посткоммунистік елдердің тәжірибесі жаңғыртуны дәстүрлерді ескерусіз жүзеге асыру мүмкін емес екенін көрсетсе, ал жапондық Мэйдзи реформалары дәстүр мен жаңғырту арасында консенсусқа келудің қажеттілігін дәлелдейді. Бұрын айтылғандай, қазақ қоғамының дәстүрлері жаңғыртуға қайшы келмейді, керісінше, оның негізі бола алады.

Осылайша, зерттеу Қазақстандағы құндылықтардың трансформациясының күрделі сипатын, жаңғырту үдерістер, кеңестік кезеңнің мұрасы және қазіргі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер аясындағы әсерін атап өтеді. Экономикалық және әлеуметтік салалардағы айтарлықтай ілгерілеуге қарамастан, құндылықтар трансформациясы әлі де біркелкі емес. Қазақстандық қоғамның басым бөлігі тарихи тәжірибемен, экономикалық дағдарыстармен және институттардың теңсіз дамуымен түсіндірілетін тіршілік ету және тұрақсыздық кезеңдеріне тән материалистік құндылықтарды ұстануды жалғастыруда.

Сонымен бірге, оң динамика байқалады. Өмір сүру деңгейінің біртіндеп жақсаруы, урбанизация және білімнің өсуі қоғамның бір бөлігінің еркіндік, адам құқықтары және гендерлік теңдік сияқты постматериалистік құндылықтарға көшуіне ықпал етеді. Алдағы прогресті қамтамасыз ету үшін ұлттық ерекшеліктерді ескеріп, дәстүр мен жаңғыртуны үйлесімді түрде ұштастыру маңызды.

Польша, Жапония және Сингапур сияқты елдердің тәжірибесі сәтті жаңғырту тек мәдени және тарихи ерекшеліктерді ескере отырып мүмкін болатынын көрсетеді. Қазақстанға жаңғыртудың негізі дәстүрлер болатын, өзіндік ерекше даму жолын табу қажет. Бұл жолда маңызды фактор ретінде мықты институттар мен азаматтық қоғамды қалыптастыру табылады. Бұл өзін-өзі көрсету құндылықтарын біріктіруге және ұзақ мерзімді тұрақты дамуды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Инглхарт Р., Вельцель К. Модернизация, культурные изменения и демократия. – М.: Новое издательство, 2011. – 464 с.
2. Moore B. Social Origins of Dictatorship and Democracy. Boston, 1966. 586 p.
3. Постановление Правительства Республики Казахстан от 30 ноября 2022 года № 961 «Об утверждении Концепции миграционной политики Республики Казахстан на 2023 – 2027 годы» // URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2200000961> (қаралған күні: 10.10.2024)
4. Перепись населения 1999 года в Республике Казахстан. Статистический сборник / Под ред. А.А. Смаилова. – Алматы, 1999. С. 10.
5. Жазетова Ж. Казахстан практически догнал Россию по ВВП на душу населения. 13 марта

- 2024 // URL:<https://kz.kursiv.media/2024-03-13/zghz-vvpinfo/> (қаралған күні: 10.10.2024)
6. Мойзес Наим. Конец власти. От залов заседаний до полей сражений, от церкви до государства. Почему управлять сегодня нужно иначе. М.: Издательство АСТ, 2016. 512 с.
 7. Norris P., Inglehart R. Cultural Backlash: Trump, Brexit and Authoritarian-Populism. New York: Cambridge University Press. 2019 // URL:<https://www.pippanorris.com/cultural-backlash-1> (қаралған күні: 10.10.2024)
 8. Казахстан 2023: тенденции настоящего и контуры будущего. – Астана: Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте РК, 2023. – 294 стр.
 9. Niall Ferguson. Civilization: The West and the Rest. N.Y. October, 2012. P. 75.
 10. Эйзенштадт Ш. Конструктивные элементы великих революций: Культура, социальная структура, история и человеческая деятельность // THESIS: Теория и история экономических и социальных институтов и систем. 1993. Т. 1. Вып. 2. С. 190-212.
 11. Демонтаж коммунизма. Тридцать лет спустя / Коллективная монография; под ред. К. Рогова. – М.: Новое литературное обозрение, 2021. С.9
 12. Польша: 30 лет от начала социально-экономических трансформаций и 15 лет членства в ЕС // URL:<https://cyberleninka.ru>. (қаралған күні: 10.10.2024)
 13. Рябов А. Союз разделенных: политические трансформации в странах бывшего СССР и Восточной Европы / Демонтаж коммунизма. Тридцать лет спустя. – М., 2023. С.171.
 14. Nationalists of the world, unite. The economist. February, 17th, 2024. С. 17.
 15. Thorpe N. 89: The Unfinished revolution. Reportage Press, 2009. P. 191–192.
 16. Винявский И. Как правые силы в Польше отказались от мигрантов из Сирии и выиграли выборы. 13 июля 2021 г. // URL:<https://orda.kz> (қаралған күні: 10.10.2024)

REFERENCES:

1. Inghart R., Velcel K. Modernizaciya, kulturnye izmeneniya i demokratiya [Modernization, cultural change and democracy]. – М.: New Publishing House, 2011. – 464 p.
2. Moore B. Social Origins of Dictatorship and Democracy. Boston, 1966. 586 p.
3. Postanovlenie Pravitel'stva Respubliki Kazahstan ot 30 noyabrya 2022 goda № 961 «Ob utverzhenii Konceptii migracionnoj politiki Respubliki Kazahstan na 2023 – 2027 gody» [Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated November 30, 2022 No. 961 "On approval of the Concept of migration policy of the Republic of Kazakhstan for 2023 - 2027"] // URL:<https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2200000961> (review date: 10.10.2024)
4. Perepis' naseleniya 1999 goda v Respublike Kazahstan [Population Census of 1999 in the Republic of Kazakhstan]. Statistical Digest / Ed. A.A. Smailov. – Almaty, 1999. P. 10.
5. Zhazetova Zh. Kazahstan prakticheski dognal Rossiyu po VVP na dushu naseleniya. 13 marta 2024 [Kazakhstan has almost caught up with Russia in terms of GDP per capita. March 13, 2024] // URL:<https://kz.kursiv.media/2024-03-13/zghz-vvpinfo/> (review date: 10.10.2024)
6. Moizes Naim. Konec vlasti. Ot zalov zasedanij do polej srazhenij, ot cervki do gosudarstva. Pochemu upravlyat' segodnya nuzhno inache [The End of Power. From boardrooms to battlefields, from church to state. Why we need to govern differently today]. Moscow: AST Publishing House, 2016. 512 p.
7. Norris P., Inglehart R. Cultural Backlash: Trump, Brexit and Authoritarian-Populism. New York: Cambridge University Press. 2019 // URL:<https://www.pippanorris.com/cultural-backlash-1> (review date: 10.10.2024)
8. Kazakhstan 2023: tendencii nastoyashchego i kontury budushchego [Kazakhstan 2023: present trends and contours of the future]. – Астана: Kazakhstan Institute for Strategic Studies under the President of the Republic of Kazakhstan, 2023. – 294 p.
9. Niall Ferguson. Civilization: The West and the Rest. N.Y. October, 2012. P. 75.
10. Ejzenshtadt Sh. Konstruktivnye elementy velikih revolyucij: Kul'tura, social'naya struktura, istoriya i chelovecheskaya deyatel'nost' [Constructive Elements of Great Revolutions: Culture, Social Structure, History, and Human Action] // THESIS: Theory and History of Economic and Social Institutions and Systems. 1993. Vol. 1. Issue 2. P. 190-212.
11. Demontazh kommunizma. Tridcat' let spustya [Dismantling Communism. Thirty Years Later] / Collective monograph; edited by K. Rogov. – М.: New Literary Review, 2021. P.9.
12. Pol'sha: 30 let ot nachala social'no-ekonomicheskikh transformacij i 15 let chlenstva v ES [Poland: 30 years since the beginning of socio-economic transformations and 15 years of EU membership] // URL:<https://cyberleninka.ru>. (review date: 10.10.2024)
13. Ryabov A. Soyuz razdelenykh: politicheskie transformacii v stranah byvshego SSSR i Vostochnoj Evropy / Demontazh kommunizma. Tridcat' let spustya. – М., 2023. S.171.
14. Nationalists of the world, unite. The economist. February, 17th, 2024. S. 17.
15. Thorpe N. 89: The Unfinished revolution. Reportage Press, 2009. P. 191–192.
16. Vinyavskij I. Kak pravye sily v Pol'she otkazalis' ot migrantov iz Sirii i vyigrali vybory [How Poland's Right Rejected Syrian Migrants and Won Elections. July 13, 2021] // URL:<https://orda.kz>. (review date: 10.10.2024)

Aigerim Amirova¹, Baurzhan Bokayev², Zhuldyz Davletbayeva³

*¹Center for Analytical Research and Evaluation of
Supreme Audit Chamber of the Republic of Kazakhstan, PhD
e-mail: aigerimamirova@gmail.com*

*²Center for Analytical Research and Evaluation of
Supreme Audit Chamber of the Republic of Kazakhstan, PhD
(Astana, Kazakhstan)*

e-mail: baurzhanbokayev@gmail.com

*³National School of Public Policy of the Academy of Public Administration
under the President of the Republic of Kazakhstan,
Candidate of Sociological Sciences
(Astana, Kazakhstan)*

e-mail: zhuldyz.davletbayeva@apa.kz

PROJECT MANAGEMENT IN CIVIL SERVICE: EXPERIENCES FROM EURASIAN UNION COUNTRIES

Abstract. This study examines project management in the public service sector. Based on the analysis of country cases from Kazakhstan, Russia, Uzbekistan, and Kyrgyzstan, it analyzes the formation, development, and implementation of project management practices in the public sectors of the member states of the Eurasian Economic Union. The study explores the legislative frameworks regulating project management in the public service system and assesses the advantages and disadvantages of these mechanisms during the implementation of national projects. Through an in-depth study of these cases, the authors reveal approaches that facilitate the creation of a comprehensive project management system in the public sector. The results of the study show that contract service is one of the mechanisms for regulating labor relations in the process of implementing projects with the involvement of experts.

Keywords: *project management, Eurasian Economic Union, contract service, public service.*

Айгерим Амирова, Бауржан Бокаев, Жулдыз Давлетбаева МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕГІ ЖОБАЛЫҚ БАСҚАРУ: ЕУРАЗИЯЛЫҚ ОДАҚ ЕЛДЕРІНІҢ ТӘЖІРИБЕСІ

Аңдатпа. Бұл зерттеуде Мемлекеттік қызмет саласындағы жобалық басқару (жобалық менеджмент) қарастырылады. Қазақстан, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстанның елдік кейстерін талдау негізінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің мемлекеттік

секторындағы жобалық басқару институтының қалыптасуына, дамуына және имплементациясына талдау жүргізіледі. Зерттеу шеңберінде мемлекеттік қызмет жүйесіндегі жобалық менеджментті реттеудің заңнамалық негіздері зерделенді, ұлттық жобаларды имплементациялау барысында осы тетіктердің артықшылықтары мен кемшіліктері талданды. Мақалада кейстерді терең зерттеу арқылы авторлар мемлекеттік секторда жобалық менеджменттің кешенді жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік беретін тәсілдерді ашады. Зерттеу нәтижелері келісімшарттық қызмет сарапшыларды тарта отырып, жобаларды іске асыру процесінде еңбек қатынастарын реттеу тетіктерінің бірі болып табылатынын көрсетті.

Түйін сөздер: жобалау басқармасы, Еуразиялық Экономикалық Одақ, келісімшарттық қызмет, мемлекеттік қызмет жүйесі.

Айгерим Амирова, Бауржан Бокаев, Жұлдыз Давлетбаева
**ПРОЕКТНОЕ УПРАВЛЕНИЕ В ГОСУДАРСТВЕННОЙ СЛУЖБЕ:
ОПЫТ СТРАН ЕВРАЗИЙСКОГО СОЮЗА**

Аннотация. В данном исследовании рассматривается проектное управление (проектный менеджмент) в сфере государственной службы. На основе анализа страновых кейсов Казахстана, России, Узбекистана, Кыргызстана проводится анализ становления, развития и имплементации института проектного управления в государственном секторе государств-членов Евразийского экономического союза. В рамках исследования были изучены законодательные основы регулирования проектного менеджмента в системе государственной службы, проанализированы преимущества и недостатки данных механизмов в ходе имплементации национальных проектов. Посредством углубленного изучения кейсов в статье авторы раскрывают подходы, позволяющие сформировать комплексную систему проектного менеджмента в государственном секторе. Результаты исследования показали, что контрактная служба является одним из механизмов регулирования трудовых отношений в процессе реализации проектов с привлечением экспертов.

Keywords: проектное управление, Евразийский экономический союз, контрактная служба, система государственной службы.

Introduction

Алынған нәтижелер басқа зерттеулермен, әсіресе, интернеттегі мінез-құлық пен жасөспірімдердің өмірге қанағаттанушылық арасындағы байланыстың көп қырлы екендігімен келіседі. Интернетте өткізілген уақытпен байланысты әлсіз теріс корреляция әсердің кішкентай мөлшерін көрсетеді, ал виртуалды жайлылық пен өмірге қанағаттанушылық арасындағы оң корреляция виртуалды кеңістіктің маңызды әлеуметтік немесе психологиялық артықшылықтарды қамтамасыз ететіні туралы қорытындыларды көрсетеді. Ғылыми әдебиетте жастардың цифрлық ортада қалай өзара әрекеттесетіні маңызды екенін қолдайды. Артық немесе пассивті пайдалану тәуекелдер туғызады, ал виртуалды өмірде белсенді, оң қатысу кейбір адамдардың әл-ауқатын жақсартуы мүмкін.

Жасөспірімдердің өмірге қанағаттанушылығына онлайн-әрекеттің әртүрлі аспектілерінің (өзара әрекеттесу сапасы, контент түрлері және т.б.) әсерін зерттеуге бағытталған қосымша зерттеулер жүргізу қажет. Әлеуметтік қолдау, өзін-өзі бағалау және нақты әлемдегі табыс сияқты басқа контекстуалдық факторлар да осы қатынастарды қалыптастыруда маңызды рөл атқаруы мүмкін.

Қаржыландыру: *Зерттеуді Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды (№ АР22686408 «Сравнительный анализ факторов, влияющих на счастье населения Казахстана в разрезе регионов» (№ АР22686408 «Қазақстан халқының бақытты болуына әсер ететін факторларды аймақтар бойынша салыстырмалы талдау»).*

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Подросты и молодежь //URL:<https://www.unicef.org/kazakhstan> (қаралған күні: 20.08.2024 г.)
2. URL:<https://bala.stat.gov.kz/dolya-detej-v-vozraste-6-15-let---polzovatelej-informatsionno-kommunikatsionnymi-tehnologiyami/>; URL:<https://gender.stat.gov.kz/page/frontend/det> Грязнов С.А. Влияние интернет-зависимости на жизненные приоритеты. Столыпинский вестник, №3, 2020, стр. 9
4. Гуреева А.Ю., Сизов С.В. Интернет-зависимость: современное состояние проблемы// Бюллетень медицинских Интернет-конференций (ISSN 2224-6150) 2015. Том 5. № 2 электронный ресурс: URL:<https://medconfer.com/files/archive/2015-02/2015-02-1151-R-5248.pdf> (қаралған күні: 20.08.2024 г.)
5. Arslan, G. (2017). Psychological maltreatment, forgiveness, mindfulness, and internet addiction among young adults: A study of mediation effect. *Computers in Human Behavior*, 72, 57-66.
6. Guan, S. A. & Subrahmanyam, K. (2009). Youth Internet use: Risks and Opportunities. *Curr. Opin. Psychiatry*, Vol. 22, Pages 351–356.
7. Rausas, D. M. P., Manyika, J., Hazan, E., Bughin, J., Chui, M. & Said, R. (2011). *Internet Matters: The Net's Sweeping Impact on Growth, Jobs and Prosperity*. McKinsey Global Institute.
8. Лихтенштейн Б.М. (2007) Роль интернет-технологий в реализации пространственно-временного структурирования процессов социализации молодежи в российском обществе (региональный аспект). *Известия высших учебных заведений. Социология. Экономика. Политика*, № 3, с. 85–91.
9. Kraut, R., Patterson, M., Lundmark, V., Kiesler, S., Mukopadhyay, T., & Scherlis, W. (1998). Internet paradox: A social technology that reduces social involvement and psychological wellbeing? *American Psychology*, 53, 1017–1031.
10. Liu, J. Y. (2004). The relationship between college student's internet use and loneliness. *Chines Journal of Clinical Psychology* 12, 286–297.
11. Yoo YS, Cho OH, Cha KS. Associations between overuse of the internet and mental health in adolescents. *Nurs Health Sci*. 2014;16:193–200.
12. VanderAa N, Overbeek G, Engels RC, Scholte RH, Meerkerk GJ, Van den Eijnden RJ, et al. Daily and compulsive internet use and well-being in adolescence: A diathesis-stress model based on big five personality traits. *J Youth Adolesc*. 2009;38:765–76.
13. Akin A. The relationships between internet addiction, subjective vitality, and subjective happiness. *Cyber psycho Behav Soc Netw*. 2012;15:404–10.
14. Yan, Y.; Deng, Y.; Igartua, J.-J.; Song, X. Does Internet Use Promote Subjective Well-Being? Evidence from the Different Age Groups Based on CGSS 2017 Data. *Int. J. Environ. Res. Public Health* 2023, 20, 2897. <https://doi.org/10.3390/ijerph20042897>
15. Diener, E., Lucas, R. E., & Oishi, S. (2002). Subjective well-being: The science of happiness and life satisfaction. In C. R. Snyder & S. J. Lopez (Eds.), *Handbook of positive psychology* (pp. 463–73). Oxford University Press.
16. Yassin, M. S., Samah, A. A., D'Silva, J. L., Shaffril, M. H. A. & Saharon, H. (2015). Menjejaki Kesejahteraan Dari Kaca mata Komuniti Malaysia. Cheras: Yayasan Basmis Kemiskinan dengan kerjasama Universiti Putra Malaysia
17. 12 статья F.F.-H. Nah and C.-H. Tan (Eds.): HCIBGO 2017, PART II, LNCS 10294, pp. 213–222, 2017. DOI: 10.1007/978-3-319-58484-3_17
18. Selfhout, M. H. W., Branje, S. J. T., Delsing, M., Ter Bogt, T. F. M., & Meeus, W. H. J. (2009). Different types of Internet use, depression, and social anxiety: The role of perceived friendship quality. *Journal of Adolescence*, 32, 819–833.
19. Bessiere, K., Pressman, S., Kiesler, S., & Kraut, R. (2010). Effects of Internet use on health and depression: A longitudinal study. *Journal of Medical Internet Research*, 12, e6.
20. Cotten, S. R., Goldner, M., Hale, T. M., & Drentea, P. (2011). The importance of type, amount, and timing of Internet use for understanding psychological distress. *Social Science Quarterly*, 92, 119–139.
21. Morrison, C. M., & Gore, H. (2010). The relationship between excessive Internet use and depression: A questionnaire-based study of 1,319 young people and adults. *Psychopathology*, 43, 121–126.
22. Wickramasinghe, C. N., & Ahmad, N. (2013). Influence of Internet usage on social and subjective well-being of Sri Lankan GLIS. *Journal of Happiness & Well-being*, 1, 70–84.
23. Valkenburg, P. M., & Peter, J. (2007). Internet communications and its relation to well-being: Identifying some underlying mechanisms. *Media Psychology*, 9, 43–58.
24. Cotten, S. R., Ford, G., Ford, S., & Hale, T. M. (2012). Internet use and depression among older adults. *Computers in Human Behavior*, 28, 496–499.
25. Ford, G. S., & Ford, S. G. (2009). Internet use and depression among the elderly. *Phoenix Center Policy Paper No. 38*, Washington D.C.
26. Leikes, O. (2013). Happier and less isolated: Internet use in old age. *Journal of Poverty and Social Justice*, 21, 33–46.
27. Pénard, T., Poussing, N., & Suire, R. (2013). Does the Internet make people happier? *Journal of Socio-Economics*, 46, 105–116.
28. Sabatini, F., & Sarracino, F. (2014). Online networks and subjective well-being. *MPRA Paper No. 56436*, University Library of Munich.

29. Ilyasova, V. A., & Zhussupova, A. M. (2021). Влияние социальных сетей на формирование духовных ценностей у подростков. Серия Журналистики, 62(4), 46–54. <https://doi.org/10.26577/HJ.2021.v62.i4.05>
30. Yessenbekova, U. M., Aldabergenova, Z. Z., Mamankul, A. A., Smailova, V. A., & Tolegenova, S. T. (2022). Влияние социальных медиа на активность молодежи. Серия Журналистики, 63(1). <https://doi.org/10.26577/HJ.2022.v63.i1.06>
31. Ш.Килыбаева, А.Нуршанов. Влияние социальных медиа на политическое поведение казахстанской молодежи. DOI: <https://doi.org/10.37178/са-с.20.3.05>
32. А.Савченко и А.Истомина-Нуржеева URL:<https://dspace.enu.kz/bitstream/handle/data/5914/vlianie-interneta.pdf?sequence=1&isAllowed=y> (қаралған күні: 20.08.2024 г.)
33. Проблемное использование социальных сетей и психологическое благополучие городских и сельских подростков Казахстана; А.Адаева, <https://orcid.org/0000-0001-9013-5248>; Т.Слажнева, <https://orcid.org/0000-0003-3632-486X>; Шынар З. Абдрахманова, <https://orcid.org/0000-0003-3504-0427>; Г.Каусова, Ж.Калмакова Science & Healthcare, 2023 (Vol. 25) 6
34. Ахметбекова З.Д. Влияние интернета на развитие толерантности у студенческой молодежи // URL:<http://repo.kspi.kz/handle/item/3085> (қаралған күні: 20.08.2024 г.)
35. Twenge, J.M. (2018). The Sad State of Happiness in the United States and the Role of Digital Media World Happiness Report.The Sad State of Happiness in the United States and the Role of Digital Media | The World Happiness Report
36. The Effects of Instant Messaging on the Quality of Adolescents' Existing Friendships: A Longitudinal Study P. Valkenburg J. Peter Psychology, Sociology 2009
37. Przybylski a. K. , Weinstein N. can you connect with me now? How the presence of mobile communication technology influences face-to-face conversation quality // J. of social a. personal relationships. - L. , 2012. - Vol. 30, n 3. - p. 237-246

REFERENCES:

1. Подростки и молодёжь // URL:<https://www.unicef.org/kazakhstan> (Date of application: 08/20/2024)
2. URL:<https://bala.stat.gov.kz/dolya-detej-v-vozraste-6-15-let---polzovatelej-informatsionno-kommunikatsionnyimi-tehnologiyami/>; URL:https://gender.stat.gov.kz/page/frontend/detail?id=103&slug=6-74&cat_id=11&lang=ru (Date of application: 08/20/2024)
3. Gryaznov S.A. Vliyanie internet-zavisimosti na jiznennye priorityty [The impact of Internet addiction on life priorities] // Stolypin Bulletin, No. 3, 2020, p. 9
4. Gureeva A.Yu., Sizov S.V. [Internet-zavisimost: sovremennoe sostoyanie problemy] Internet addiction: the current state of the problem// Bulletin of medical internet conferences (ISSN 2224-6150) 2015. Volume 5. No. 2 electronic resource: <https://medconfer.com/files/archive/2015-02/2015-02-1151-R-5248.pdf> (Date of application: 08/20/2024)
5. Arslan, G. (2017). Psychological maltreatment, forgiveness, mindfulness, and internet addiction among young adults: A study of mediation effect. Computers in Human Behavior, 72, 57-66.
6. Guan, S. A. & Subrahmanyam, K. (2009). Youth Internet use: Risks and Opportunities. Curr. Opin. Psychiatry, Vol. 22, Pages 351–356.
7. Rausas, D. M. P., Manyika, J., Hazan, E., Bughin, J., Chui, M. & Said, R. (2011). Internet Matters: The Net's Sweeping Impact on Growth, Jobs and Prosperity. McKinsey Global Institute.
8. Lichtenstein B.M. (2007) Rol internet-tehnologii v realizatsii prostranstvenno-vremennogo strukturirovaniya protsessov sotsializatsii molodeji v rossiiskom obshchestve (regionalnyi aspekt) [The role of Internet technologies in the implementation of spatial and temporal structuring of the processes of socialization of youth in Russian society (regional aspect)] // News of higher educational institutions. Sociology. Economy. Politics, No. 3, pp. 85-91.
9. Kraut, R., Patterson, M., Lundmark, V., Kiesler, S., Mukopadhyay, T., & Scherlis, W. (1998). Internet paradox : A social technology that reduces social involvement and psychological wellbeing? American Psychology, 53, 1017–1031.
10. Liu, J. Y. (2004). The relationship between college student's internet use and loneliness. Chines Journal of Clinical Psychology 12, 286–297.
11. Yoo YS, Cho OH, Cha KS. Associations between overuse of the internet and mental health in adolescents. Nurs Health Sci. 2014;16:193–200.
12. VanderAa N, Overbeek G, Engels RC, Scholte RH, Meerkerk GJ, Van den Eijnden RJ, et al. Daily and compulsive internet use and well-being in adolescence: A diathesis-stress model based on big five personality traits. J Youth Adolesc. 2009;38:765–76.
13. Akin A. The relationships between internet addiction, subjective vitality, and subjective happiness. Cyber psycho Behav Soc Netw. 2012; 15:404–10.
14. Yan, Y.; Deng, Y.; Igartua, J.-J.; Song, X. Does Internet Use Promote Subjective Well-Being? Evidence from the Different Age Groups Based on CGSS 2017 Data. Int. J. Environ. Res. Public Health 2023, 20, 2897. <https://doi.org/10.3390/ijerph20042897>
15. Diener, E., Lucas, R. E., & Oishi, S. (2002). Subjective well-being: The science of happiness and life satisfaction. In C. R. Snyder & S. J. Lopez (Eds.), Handbook of positive psychology (pp. 463–73). Oxford University Press.

16. Yassin, M. S., Samah, A. A., D'Silva, J. L., Shaffril, M. H. A. & Sahharon, H. (2015). Menjejaki Kesejahteraan Dari Kaca mata Komuniti Malaysia. Cheras: Yayasan Basmis Kemiskinan dengan kerjasama Universiti Putra Malaysia
17. 12 статья F.F.-H. Nah and C.-H. Tan (Eds.): HCIBGO 2017, PART II, LNCS 10294, pp. 213–222, 2017. DOI: 10.1007/978-3-319-58484-3_17
18. Selfhout, M. H. W., Branje, S. J. T., Delsing, M., Ter Bogt, T. F. M., & Meeus, W. H. J. (2009). Different types of Internet use, depression, and social anxiety: The role of perceived friendship quality. *Journal of Adolescence*, 32, 819–833.
19. Bessiere, K., Pressman, S., Kiesler, S., & Kraut, R. (2010). Effects of Internet use on health and depression: A longitudinal study. *Journal of Medical Internet Research*, 12, e6.
20. Cotten, S. R., Goldner, M., Hale, T. M., & Drentea, P. (2011). The importance of type, amount, and timing of Internet use for understanding psychological distress. *Social Science Quarterly*, 92, 119–139.
21. Morrison, C. M., & Gore, H. (2010). The relationship between excessive Internet use and depression: A questionnaire-based study of 1,319 young people and adults. *Psychopathology*, 43, 121–126.
22. Wickramasinghe, C. N., & Ahmad, N. (2013). Influence of Internet usage on social and subj Valkenburg, P. M., & Peter, J. (2007). Internet communications and its relation to well-being: Identifying some underlying mechanisms. *Media Psychology*, 9, 43–58.
24. Cotten, S. R., Ford, G., Ford, S., & Hale, T. M. (2012). Internet use and depression among older adults. *Computers in Human Behavior*, 28, 496–499.
25. Ford, G. S., & Ford, S. G. (2009). Internet use and depression among the elderly. Phoenix Center Policy Paper No. 38, Washington D.C.
26. Lelkes, O. (2013). Happier and less isolated: Internet use in old age. *Journal of Poverty and Social Justice*, 21, 33–46.
27. Pénard, T., Poussing, N., & Suire, R. (2013). Does the Internet make people happier? *Journal of Socio-Economics*, 46, 105–116.
28. Sabatini, F., & Sarracino, F. (2014). Online networks and subjective well-being. MPRA Paper No. 56436, University Library of Munich.
29. Ilyasova, B. A., & Zhusupova, A.M. Ilyanie sotsialnyh setei na formirovane duhovnyh tsnnostei u podrostkov [The influence of social networks on the formation of spiritual values in adolescents] // *Journalism Series*, 62 (4), 2021, 46-54. <https://doi.org/10.26577/HJ.2021.v62.i4.05>
30. Esenbekova, U. M., Aldabergenova, Z. Z., Amankul, A. A., Smailova, B. A., & Tulegenova, S. T. Vliyanie sotsialnyh media na aktivnost molodeji [The impact of social media on youth activity]. *Journalism Series*, 63 (1), (2022). <https://doi.org/10.26577/HJ.2022.v63.i1.06>
31. Sh.Kilybayeva, A.Nurshanov Vyanie sotsialnyh media na politicheskoe povedenie kazhstanskoi molodeji [The influence of social media on the political behavior of Kazakh youth] DOI: <https://doi.org/10.37178/ca-c.20.3.05>
32. A.Savchenko and A.Istomina-Nurkeeva URL:<https://dspace.enu.kz/bitstream/handle/data/5914/vlianie-interneta.pdf?sequence=1&isAllowed=y> (Date of application: 08/20/2024)
33. Problemnoe ispolzovanie sotsialnyh setei i psihologicheskoe blagopoluchie gorodskikh i selskikh podrostkov Kazahstana [Problem use of social networks and psychological well-being of urban and rural adolescents of Kazakhstan]; A.Адаева, <https://orcid.org/0000-0001-9013-5248>; Т.Слажнева, <https://orcid.org/0000-0003-3632-486X>; Шынар З. Абдрахманова, <https://orcid.org/0000-0003-3504-0427>; Г.Каусова, Ж.Калмакова *Science & Healthcare*, 2023 (Vol. 25) 6
34. Akhmetbekova, Z.D. Ilyanie interneta na razvitie tolerantnosti u studencheskoi molodeji [The influence of the Internet on the development of tolerance among students] // URL: <http://repo.kspi.kz/handle/item/3085> (Date of application: 08/20/2024)
35. Twenge, J.M. (2018). The Sad State of Happiness in the United States and the Role of Digital Media World Happiness Report. The Sad State of Happiness in the United States and the Role of Digital Media | The World Happiness Report
36. The Effects of Instant Messaging on the Quality of Adolescents' Existing Friendships: A Longitudinal Study P. Valkenburg J. Peter *Psychology, Sociology* 2009
37. Przybylski a. K. , Weinstein N. can you connect with me now? How the presence of mobile communication technology influences face-to-face conversation quality // J. of social a. personal relationships. - L. , 2012. - Vol. 30, n 3. - p. 237-246

Меруерт Тулебаева

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
постдокторанты, саяси ғылымдар кандидаты
(Астана, Қазақстан)
e-mail:meruken@mail.ru*

АУЫЛ ЖАСТАРЫН БЕЙІМДЕУ МЕН ИНТЕГРАЦИЯЛАУДА БІЛІМ, САЯСАТ, ӘСКЕР ЖӘНЕ ДІННІҢ МАҢЫЗЫ

Андатпа. Мақалада әлеуметтік лифт тетіктері арқылы ауыл жастарын бейімдеу және интеграциялауда білім, саясат, әскер және діннің маңызын зерттеу үшін ауыл жастары ең көп шоғырланған Түркістан, Қызылорда, Жамбыл облыстары мысалында фокус-топтық дискуссия нәтижелері қарастырылған. Ауыл жастарының негізгі ерекшеліктері мен мәселелеріне мән беріліп, тәуекелдер мен сын-қатерлерге талдау жасалады, мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыратын мемлекеттік органдарға ұсыныстар берілген. Мақаланың ерекшелігі ауыл жастарының қалалық өмірге бейімделуі мен интеграциясына қатысты өзіндік әлеуметтік зерттеу нәтижесін бөлісуімен құнды болып табылады.

Түйін сөздер: ауыл жастары, білім, саясат, әскер, дін, мәселелер, әлеуметтік зерттеулер.

Меруерт Тулебаева

ЗНАЧЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ, ПОЛИТИКИ, АРМИИ И РЕЛИГИИ В АДАПТАЦИИ И ИНТЕГРАЦИИ СЕЛЬСКОЙ МОЛОДЕЖИ

Аннотация. В целях изучения значения образования, политики, армии и религии в адаптации и интеграции сельской молодежи через механизмы социального лифта использованы результаты обсуждения в фокус-группе на примере Туркестанской, Кызылординской и Жамбылской областей, где сконцентрирована сельская молодежь. наиболее, рассматриваются в статье. Сделан акцент на основных особенностях и проблемах сельской молодежи, проведен анализ рисков и вызовов, даны рекомендации государственным органам, реализующим государственную молодежную политику. Особенность статьи в том, что в ней представлены результаты собственного социального исследования по вопросам адаптации и интеграции сельской молодежи в городскую жизнь.

Ключевые слова: сельская молодежь, политика, армия образование, религия, социологическое исследование, проблемы.

Meruyert Tulebayeva

IMPORTANCE OF EDUCATION, POLITICS, MILITARY AND RELIGION IN EDUCATION AND INTEGRATION OF RURAL YOUTH

Abstract. In order to study the importance of education, politics, army and religion in adaptation and integration of rural youth through social elevator mechanisms, the results of a focus group discussion on the example of Turkestan, Kyzylorda, and Zhambyl regions, where rural youth are concentrated the most, are considered in the article. Emphasis is placed on the main features and problems of rural youth, analysis of risks and challenges is made, recommendations are given to state bodies implementing the state youth policy. The peculiarity of the article is that it shares the results of its own social research on the adaptation and integration of rural youth to urban life.

Key words: *rural youth, politics, army, education, religion, sociological research, problems.*

Кіріспе

Халықтың ерекше әлеуметтік-демографиялық тобы ретінде жастар қоғамдық-саяси процестердің қозғаушы күші және халықтың ең мобильді, белсенді бөлігі бола отырып, аймақтың дамуына елеулі үлес қоса алады. Әдетте әлеуметтанушылар жастарды екі топқа бөліп қарастырады: бойында физиологиялық және психикалық тұрғыдан жетілу процесі қарқынды жүріп жатқан немесе енді аяқталған топ ретінде; социумға ену процесі аяқталған ересек тұлға ретінде. Кез келген елдің болашағы, ілгері дамуы осы ұрпақтың қандай болатынына, қаншалықты дамығанына байланысты [1].

Біздіңше «жастар» ұғымының толық анықтамасы ресейлік В.Т.Лисовскийге тиесілі. Оның пікірінше, жастар - бұл әлеуметтену сатысынан өтетін, дайындалған (немесе дайын болған) жалпы білім беру, кәсіптік, мәдени және басқа да әлеуметтік функцияларды меңгеретін (және есейген жаста үйренген) адамдар ұрпағы [2]. Жастар қоғамдағы өзгерістің ең белсенді әлеуметтік агенті.

Жастардың әлеуметтік қатынаста материалдық және рухани игілікті өндіруде атқаратын рөлі зор. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, қоғамдағы жастардың орны және олардың әлеуметтік ортаны дамытуға қатысу дәрежесі мемлекетке, сонымен қатар жастардың белсенді өмірлік ұстанымдарына тәуелді [3].

Аймақ жастарының әлеуметтік мінез-құлықтық бағыт бағдары мен әлеуметтік жай-күйі жастардың әлеуметтік экономикалық жағдайына тікелей байланысты. Бұл өз кезегінде жұмыспен қамту және баспана мәселесінің өзекті болып қалуымен байланысты. Жастар тұратын қала мен ауылдық жерлер әлеуметтік инфрақұрылымның даму деңгейімен (жастар үшін демалыс орындары, спорттық кешендер, кинотеатрлар, кітапханалар және т.б.) ерекшеленеді, олар жастардың дамуына түрлі жағдайларды ұсынады. Бұл жастардың әлеуметтік белсенділігінің деңгейі мен қоғамдық маңызы бар қызмет түрлеріне қатысу деңгейіне ықпал етеді [4].

Ауыл жастардың әлеуметтік-экономикалық жағдайының жалпы жеткіліксіз қоры жастардың басқа жерлерде өмір сүруге қолайлы жағдай табуға деген ұмтылысына әсер етеді. Сарапшылар жастардың ауылдан кетуінің тәуекелдеріне назар аударады: ең алдымен, демографиялық көрсеткіштердің төмендеуі ел экономикасының маңызды секторларының бірі ауыл шаруашылығындағы кадр тапшылығына әкеледі [5] және орта кәсіптік және ЖОО орын бітірген ауыл жастарының қаладан жұмыс таба алмауы, «Дипломмен ауылға» бағдарламасының тиімді тетіктері болмауы да бұл мәселенің оңды шешілмеуіне әсерін тигізіп отыр. Сондықтан, ауыл жастарын әлеуметтік лифт тетіктері негізінде бейімдеу мен интеграциялау жолдарын зерттеу жүргізу маңызды.

Зерттеу әдістері

Мақалада Қызылорда, Жамбыл, Түркістанда **әрбір облыс ерекшеліктерін ескеріп фокустық зерттеу** негізінде әлеуметтік лифтің нақты атап айтқанда, білім беру, әскер, саясат, діни факторлар арқылы ауыл жастарын бейімдеу мен интеграциялау бойынша нәтижелер алынды. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері сыни түйсіну, салыстырмалы талдау тұрғысынан қарастырылады.

Қазақстанның жастары ең көп шоғырланған оңтүстік аймақта Қызылорда, Түркістан, Жамбыл облыстарында 6 фтз, әрбір облыста 2 фокус-топтық зерттеу өткізілді.

Зерттеу нәтижелері және талқылау

Қазір мобильділікке немесе өзгерістерге ұшырамайтын қоғамды елестету қиын. Әлеуметтік лифт арқасында өмір сүру деңгейінің өзгеруі жылдам тарихи өзгерістермен, үлкен әлеуметтік топтарға әсер етумен және әртүрлі әлеуметтік құрылымдарды қайта құрылымдаумен қатар жүруі мүмкін.

Ауыл жастарын бейімдеу мен интеграциялауда білім, саясат, армия және діннің маңызын анықтауға бағытталған сұрақтарға алынған жауаптарды саралай келе келесі қорытынды жасауға болады. Тараз қаласында бір жыл тұрған фокус-топ қатысушылары еліміздің білім беру жүйесін әлеуметтік лифт тетігі ретінде қарастыра алады. Тек қана бір айта кететін жайт, ауыл мектептеріндегі білімнің сапасы толыққанды емес деп санайтындар басым. Ауылдық мектептердегі білімнің сапасын төмен деп санауға мүмкіндік беретін аргументті фокус-топ қатысушылары атап көрсетті:

- ауыл мектептерінде педагог мамандардың тапшылығы (математика, физика, химия, орыс тілі, ағылшын тілі пәндері бойынша);

«Шынында, бүгінде ауыл мектептерінде педагог мамандардың тапшылығы қатты сезілуде. Әсіресе, математика, физика, химия, орыс тілі, ағылшын тілі пәндерінің мұғалімдері жетіспейді. Сондықтан мектеп әкімшілігі бос орынға көбіне сырттай бітірген, теориялық білімі жеткіліксіз мамандарды қабылдауға мәжбүр. Демек, бұл жағдайдағы ауыл мектептерін бітірген оқушылардың сапалы, толыққанды білім ала алмайтыны белгілі. Интернет желісіне толық қосылмаған мектептер бар. Ауыл мектептерінің оқу базасы сын көтермейді.»

«Менің ойымша, бізге мысалы ауылдан келген оқушыларға мемлекет мүмкіндік беріп жатыр. Былай квоталар таратып, бір бағдарламаларды әзірлеп, бірақ та қалаға біліміміз жетпейді» (М,18).

- тұлғалық даму мүмкіндіктері шектеулі (спорттық, шығармашылық, тіл үйірмелерінің ұйымдастырылмауы);

«Ауыл оқушыларының артта қалуы бүкіл білім беру жүйесінің даму қарқынын бәсеңдетеді, ауыл оқушыларының болашақта табысты оқу және мансап алу мүмкіндігін айтарлықтай төмендетеді. Мысалы, тұрғылықты жерінің жоғары білімге қол жеткізуге әсерін зерттеу көрсеткендей дамушы елдердің көпшілігінде ауыл мектептерінің түлектері қалалық құрдастарына қарағанда артта қалған. Ауылда білім жүйесі қалаға қарағанда кішкене төмен, өйткені ауылда жағдай жасалмаған білімді мамандар аз. Спорт, би, тіл үйірмелері жоқтың қасы және сол үшінде өздерінің болашағы үшін қалаға көп қоныс аударады».

- ауыл жастарының білімі мен қала жастарының білімі тепе тең емес, яғни ауылдық мектеп берген білім қала мектептері беретін біліммен бәсекелестікке түсе алмайды.

«Ауыл жастарының білімі қала жастарының білімімен бәсекелестікке келмейтін сияқты әлі» (М,21).

«Ауылдың білімі қаланың біліміне бәрібір жету әлдеқайда» (М,18).

- әлеуметтік лифт ретіндегі білімнің барлық мүмкіндіктері берілмейді. Атап айтатын болсақ, фокус-топ қатысушылары академиялық мобильділік арқылы шетелде оқу, «Болашақ» бағдарламасының мүмкіндіктері туралы мүлдем хабарсыз.

«Қалай айтсам болады, оны көбісі бермейді де бізге. Сол бағдарламалар туралы біз тіпті университетте жүріп білмейміз, бар екенін. Соны дамытса жақсы болар еді» (М,18).

Алайда, білімді әлеуметтік лифт ретіндегі мүмкіндіктерін толыққанды пайдалану әрбір жас азаматтың қолында екендігін ескеруіміз керек. Ізденімпаз, білім алу саласында табандылық танытқандар жетістікке әбден жете алады деген пайымдаулар бар.

«Ауылдық жерлерде қазір білім керемет дамымаса да, негізі адамның өзіне байланысты деп ойлаймын. Қазіргі жастар бізде, көптеген жастарымыз барлық ақпаратты алып, өздері білімдерін іздеп, шетелге барып оқып келіп жатқан қаншама азаматтарымыз бар. Ізденіс үстінде болу керек әрдайым» (Ж,28).

Ал, Тараз қаласында тұру өгілі бес жылды құрайтын фокус-топ қатысушылары еліміздегі білім жүйесін әлеуметтік тетік ретінде қарастыра алады.

«Жалпы Қазақстанның білім жүйесі өзгерте алады. Әрине, білімді өзің үшін оқисың зой. Білім жоқ деп айтуға болмайды. Білім бар, іздеген адамға білім шығады. Қазір дамыған заманның қатарындамыз. Біз гуглдан да, қай жақтан да ізденсең де сен ақпаратты ала аласың. Егер мынау мектептің, өзіміздің мынау мемлекеттік мектептен білім жоқ дейтін болса, қазір жеке меншік мектептерде бар. Ол жаққа берсін. Көру керек те. Барлық жерде білім бар. Іздеген адамға білім бар. Әрқашан да білім

әлеуметтік лифт бола алады. Анамыз үйде солай тәрбиелеген. Білімсіз сен жұмыс істей алмайсың. Баланың басына білім, білім деп құя беру керек. Сен көзің ашық, оқыған адам боласың. Сен жетістікке жетесің. Қазіргі заманда білімсіз еш нәрсе бітіре алмайсың» (Ж,31).

Бұл фокус-топ мүшелері де алдыңғы фокус-топ мүшелері секілді білім беру жүйесін қала-ауыл бөлінісінде қарастырады. Бұл бөліністе ауылдық білім мен қалалық білімнің сапасына баға беріледі.

«Қазақстанның білімін екіге бөліп қарастырсақ болады. Яғни ауыл, қала деп. Ауылда білім тек мектеппен шектелген, мектепте оқисың түсінбесең қосымша сабаққа қатысасың болды. Ал қалада мектеп, жеке меншік мектеп, үйірмелер, жеке тәрбиешілер өте көп. Яғни ақшаң болса қалада жақсы білім алуға мүмкіндік көп» (Ж, 28).

«Қазіргі таңда жастарға мүмкіншілік өте көп. Жеке меншік мектепке барып оқысаң да болады. Болмаса, ақшаң болса, үйге жеке адамдар жаңағы оқытатын адамдарды әкеліп оқытсаң да болады. Кешке болсын, күндіз болсын көптеген қосымшаларға баруға болады. Қазір мүмкіндік көп. Негізі жастарға онлайнда, оффлайнда телефон арқылы да оқуға болады» (Ж,24).

Алайда, мұндағы қатысушылар арасында ауылдағы білімнің сапасын жоғары бағалайтындар кездеседі.

«Қазақстанның білім беруі ауылда жақсы. Оқимын деген бала мүмкіндік табады. Қосымша сабаққа қатысып болсын, түрлі тапсырмалар орындап болсын, бағаларын жөндеп жақсы оқуына болады. Бір сөзбен айтқанда білім әр адамға өзіне керек. Өзі үшін оқиды, өзінің болашағында жейтін наны. Санасына, ортасына, отбасына байланысты білімді болуы».

«Қазақстанда оқимын деген жастарға мүмкіндік өте көп. Ауылдан да өте білімді балалар шыққан. Білімді болып жақсы тегін оқуға яғни мемлекеттік грантты ұтып оқып жүрген және оқуды бітіріп жақсы жұмысқа кіргендерде баршылық».

Түркістан қаласында бір жыл тұрған фокус-топ қатысушылары еліміздің білім беру жүйесін ауыл жастары үшін әлеуметтік лифт механизмінің әлеуетін арттыруға ықпал етеді деп санайды. Яғни, білім беру жүйесі белгілі бір әлеуметтік лифтпен көтерілуде өзіндік атқаратын рөлі бар.

«Ең бірінші орында білім зой, қай сала болмасын білім жеткізеді деп ойлаймын. Сонымен қатар, өзінің алға қойған мақсаты, міндеті болуы керек. Бәрін қосқанда жетістік шығады деп ойлаймын» (М,29).

«Негізі білім зой. Менің ойымша, тіпті 100% деп айтуға болады. Көп нәрсе білімге қатысты болады зой. Менің ойымша жаңағы, дін емес, басқа емес, армияға алып кету емес. Ең басты фундамент ол білім қалыптастырады зой. Сондықтан, білім деп ойлаймын. (М,34)»

«Меніңше, ауыл жастары үшін білімнің, әсіресе, сапалы білімнің орны бөлек. Сапалы білім – бүкіл жастардың емес, бүтін ұлттың әлеуетін арттыратын күш қой. Кейде ойлаймын, осы бүгінгі күйім сол білімнің жеткіліксіздігінен болған шығар деп. Білімін жетілдіріп алғандар шетелге кетіп жатыр. Шетелге шығу үшін де білім мен тіл керек. Сондықтан, ең басты ауыл жастарының алатын біліміне, сапасына өте қатты көңіл бөлу қажет деп ойлаймын.»

Түркістан қаласында бес жыл тұрған фокус-топ қатысушылары да ауыл жастары үшін еліміздегі білім беру жүйесін әлеуметтік лифт механизмінің әлеуетін арттыра алады деп бағалайды.

«Ауыл жастары емес, бүкіл жалпы адам үшін ең маңыздысы білім ғой. Бұл жерде білім болмаса, бұл лифтпен көтерілу мүмкін емес қой» (М, 26).

«Қазақстанның білім беру жүйесі тек қана ауыл жастары үшін емес, барлық білім алушы үшін әлеуметтік жағдайын жоғарылатуға себепкер болатын бірден бір фактор деп айта аламын. Қазіргі таңда кез келген ортада өзіңді тек қана біліміңмен мойындата аласың. Сондықтан, тұрақты жұмысқа тұра алу, мансаптық өсуге қол жеткізу үшін білімді болу маңызды. Ал еліміздің білім беру жүйесі қазіргі таңда айтарлықтай дамыды деп айта аламын».

Қызылорда қаласында тұру өтілі бір жылды құрайтын фокус-топ қатысушылары еліміздің білім беру жүйесін әлеуметтік лифт тетігі ретінде қарастыра алады. Бұл жерде де ауылдық-қалалық білімге қатысты ерекшеліктерді атап көрсетеді.

«Менде бір бірақ деген бар, білім арқылы көтерілейін, әлеуметтік лифтпен көтерілейін десеңіз бірінші қаланың деңгейіне жетіп алуыңыз керек, өйткені қаламенен ауыл жастарының білім деңгейін салыстырса екеуі екі түрлі. Бірінші қалаға теңесу керек, содан кейін барып қана біз республикалыққа шыға аламыз» (Ж, 33).

Фокус-топқа қатысқан Қызылорда қаласында тұру өтілі бес жылдан асқан информанттар, білім беру саласын әлеуметтік лифт ретінде сипаттап берді:

«Қазақстанның білім беру жүйесі бола алады. Себебі, бізде дамып келе жатыр. Мықты педагогтардың арқасында шәкірт тәрбиелеу, шәкірттердің жақсы жетістікке жетіп жатқаны педагогтардың арқасы деп ойлаймын» (М, 24).

«Ең біріншіден білім. Бағанадан бері білімнің маңызын айтып жатырмыз ғой. Қайталап айтпай-ақ қояйын. Білімді бірінші орынға қойған дұрыс. Сол себепті білім саласындағы кемшіліктерді әр жыл сайын жаңартып, толықтырып отыру керек. Әлемдік көштен қалмай, жаңалықтарды алып, енгізу керек. Қазір енді енгізіліп жатыр. Бірақ мен үшін өте баяу секілді көрінеді».

Білім ауыл жастары үшін әлеуметтік лифт тетігі ретінде адамның беделін арттыруға, ғылым әлемі мен жұртшылықтың мойындауына, биліктің әрекетіне қатысты объективті ұстанымын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Таразда бір жылдан астам тұрғандардың пікірінше, саяси институттар (партиялар) ауыл жастары үшін әлеуметтік лифт механизмі ретінде әлеуметтік ахуалды жақсартуда аса қатты рөл ойнамайды. Мысалы, партиялардың жұмысы тек сайлау уақыттарында ғана жанданып, қалған уақытта пассивті фазаға көшетіні айтылды.

«Білмеймін. Енді бізде Аманат қойылды ма? Сайлау кезінде ғана қатты жұмыс істейді. Одан кейін болды ғой. Мен оны Республикаға кіріп, күшті болып кетейін деп айта алмаймын. Олар сайлау кезінде ғана бүйтеміз, сөйтеміз деді. Содан кейін болды ғой. Олардан қолдау жоқ қой.»

«Партия негізінен ауылға бағдарламалар арқылы ғана көңіл бөлгені болмаса, былай қатты болмайды ғой деп ойлаймын» (Ж,24).

Сонымен қатар, саяси партиялардағы қызмет әлеуметтік лифт қызметін атқаруы әбден мүмкін.

«Білім саласы деп ойлаймын. Басқаларға қосылып, сосын саясатта лифт бола алатын шығар. Баспалдағы болып (Ж, 18).

«Армияны білмеймін, бірақ саясат жағынан хабардар болып отыру керек. Елімізде не болып жатыр деген сияқты. Оның барлығынан хабардар болмаса да болмайды, бірақ білімді басымырақ қою керек» (Ж,30).

Тараз қаласында бес жыл тұрғандардың пайымдауынша, саяси институттар (партиялар) мен әскери институттар (әскер) ауыл жастары үшін әлеуметтік лифт механизмі ретінде қарастыру бойынша пікірлер екіге жарылды. Бірінші топ, саяси партиялар мен әскер екеуі де ауыл жастары үшін әлеуметтік лифт бола алмайды. Сонымен қатар, оның ауыл жастары үшін олардың ешқандай пайдасы да, зияны да жоқ деп түйіндеді.

«Армия болсын, басқа бір партияда мүшесі болсын, ол адамның өзінің дамуын, адамның көтерілуіне, білім алуына дамуына көмек береді деп ойлаймын. Сондықтан ешқандай зияны жоқ деп ойлаймын, қайта тек қана плюстары бар» (Ж,18).

Сонымен қатар, саяси институттар (партиялар) мен әскери институттар (әскер) ауыл жастары үшін әлеуметтік лифт механизмі бола алады дегендер кездеседі. Әсіресе, соңғы уақытта пайда болған, әскерден кейін тегін жоғары білім алу мүмкіндігі, осы пайымдау үшін күшті аргумент бола алды.

«Армия әрбір қазақ азаматының ел алдындағы міндеттерінің бірі. Армия ауыл жастары үшін әлеуметтік жағдайларда көтеруге үлкен көмегін береді. Себебі, армияда жақсы қызмет көрсеткен сержанттарға жақсы жұмыстар ұсынып, алып қалып жатады».

«Қазақстанда әскери қыметтің екі түрі бар: міндетті түрде қызметке шақыру бойынша және ерікті түрде келісімшарт бойынша қызмет. Бүгінгі таңда ҚР Қарулы күштері негізгі назарды кәсіби әскер қалыптастыруға аударады және осыған байланысты келісімшарт бойынша әскери қызметті дамыту – айрықша маңызға ие болуда. Келісімшарт бойынша қызмет ету туралы шешімге еріктілер саналы және қажетті жауапкершілікпен қарайды, бұл – сапалық деңгейді және әскердің беделін арттырады. Келісімшарт бойынша әскери қызмет – бұл мемлекеттік қызметтің ерекше түрі ғана емес, кәсіби өсу перспективасын беретін, әскери қызметшінің өзінің, оның отбасы мүшелерінің әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ететін абыройлы жұмыс».

Қызылорда қаласында тұру өтілі бір жылды құрайтын фокус-топ қатысушылары ауыл жастары үшін саяси партиялар әлеуметтік лифт бола алады деп пайымдайды.

«Яғни партияларға, белгілі бір партияларға қосылу арқылы көтеріле алады. Кез келген жас болсын, кез келген адам болсын, партияда жүргенде үлкен бір майданда жүреді деп айтуға болады, яғни халық пен билік арасында қылкөпір болады ғой былай айтқан кезде» (М,20).

Діни институттар (мешіт, шіркеу) ауыл жастары үшін әлеуметтік лифт бола алмайды деп санайтындардың үлесі әлдеқайда басым.

«Жоқ мен әлеуметтік лифтке діннің ешқандай қатысы жоқ деп ойлаймын. Ол адамның өзіне байланысты. Әр адамның иманы өзінің жүрегінде, әлеуметтік жағдайға діннің ешқандай қатысы жоқ деп ойлаймын. Діни уағыздарды тыңдаймыз, бірақ әлеуметтік жағдайға ешқандай қатысы жоқ деп ойлаймын. Бір-біріне сәйкес келмейді мүлдем» (Ж,28).

«Менің ойымша бола алмайды, себебі дін деген әркімнің өз жұмысы, және де дін бір жұмысқа кіріп немесе өзін бір дамыта алады деп ойламаймын. Себебі, ол әркімнің өз жұмысы, әркім өзі қаласа дінге кіреді, қаламаса кірмейді. Әр адам әр дінді өзі әрқалай түсініп, адасып кетуі де адаспай кетуі де өзіне байланысты. Әлеуметтік ортаны, қоғамды дін дамытып немесе дамытпайды деп, бір үлесін қоады деп ойламаймын. Әркімнің өз жұмысы және әркімнің ойлауы ғана деп ойлаймын» (Ж,18).

«Ол үшін ауылдан шыққан сол діни білімді алған адам ол бәрібір қалаға бару керек деп ойлаймын. Бәрібір ауылдан ол әлеуметтік лифттен көтеріле алады деп ойламаймын. Себебі ауылда ол кішкентай-ақ жер, ол жерде қатты дамып кетеді деп ойламаймын» (Ж,18).

«Діни институттар ауыл жастарын көтеруге ықпал етеді деп ойламаймын, себебі қаншалықты діни сауатымықты болса да, әлеуметтік жағдайды көтеруге мүлде қатысы жоқ. Екеуі бір-біріне қарама-қайшы» (Ж, 23).

Сондай-ақ, белгілі бір діни тұлғалардың ықпал ету арқылы дін институты әлеуметтік лифт тегігі бола алады деген де пікірлер бар. Діни тұлға ретінде Нұрлан имамның, Мәрзия Бекайдардың есімдері келтірілген.

«Із өзгерту мүмкін. Мысалы, қазір Нұрлан имам бар, көптеген жастар қазір сол кісіге мойын бұрады. Тыңдайды сол кісілерді, ондай дәрежеде болса жетуі мүмкін» (Ж,28).

«Мен толықтай келісемін. Мысалы, Нұрлан ұстазды алсақ болады, ол кісіге қарап қазір бүкіл жастар исламға бет бұрып жатыр» (М,18).

«Өзгертуі мүмкін. Оны қолдана алатын адам әлеуметтік жағдайын көтере алады деп ойлаймын, Ислам дінін білетін қазір көптеген инстаграм жүргізетіндер бар ғой. Бекайдар деген сияқты кісілер, солар өзінің білімін дұрыс қолданып, блогын дұрыс жүргізу арқылы әлеуметтік лифт сияқты көтере алады деп ойлаймын. Егер оны дұрыс қолданған жағдайда» (Ж,28).

Қызылорда қаласында тұру өтілі бір жылды құрайтын фокус-топ қатысушылары білімді болған жағдайда тіпті дін саласын әлеуметтік лифтке айналдыру ықтималдығы басым деп санайды.

«Мысалы, қараңызшы әскери адам болсын, діни адам болсын, ол кісілер көтеріле алмайды. Егер ол саланы білмесе, оған білім керек. Мысалы, біздің Қызылорда облысының өзінде қанша республикаға танымал, Қазақстанға танымал діннің қызметкерлері бар, имамдарымыз бар, ғалымдарымыз шығып жатыр. Ол кісілер білімге қанша уақыт бөлген» (Ж,30).

Сонымен қатар, Түркістан қаласында бес жыл тұрған фокус-топқа қатысушылардың арасында ауыл жастары үшін әлеуметтік лифт ретінде аталған төрт институттың да ықпалын көрсеткендер бар.

«Менің ойымша сол төртеуі де адамға әсер етеді деп ойлаймын. Адам болып, тұлға болып қалыптасу үшін де соның барлығы әсер етеді деп ойлаймын. Өйткені, менің таныс інілерімде армияның өзінен бір жылдың ішінде қандай өзгеріп келді. Қазір мақсатыда түзеліп, мысалы, мектепте өйтіп жақсы оқымаған, қазір жақсы жұмыс істейді. Соған қарағанда қалыптасу үшін адам жаңағы ойлау тұрғысынан өте көркем болу керек деп ойлаймын. Сауатты болу керек. Бір-екі таныстарым да жақсы жетістікке солай жетті» (Ж, 34).

Әлеуметтік лифт ретінде армияның ең толық және тиімді әрекеті мемлекет үшін қиын кезеңдерде көрінеді. Билік берілген әскери құрылымдардың өкілдері оны өз мансабын одан әрі жоғарылату үшін пайдаланады. Бұл тұрғыда әскер әлеуметтік лифт ретінде көрінеді. Бұл халықтың төменгі қабатындағы адамдарға генерал болуға, әлем билеушілерінің мәртебесін алуға мүмкіндік береді.

Тараз қаласында тұратын фокус-топ қатысушылары әскер де белгілі бір институт ретінде ауыл жастары үшін әлеуметтік лифт механизмі бола алмайды деп санайды.

«Не сказал бы, что Армия как то этому способствует» (М, 24).

Түркістан қаласында бір жылдан астам тұрған жастар да саяси, әскери және діни институттардың да өзіндік атқаратын рөлі туралы айтып кетті.

«Саяси институттар белсенді жастар үшін, әскери институттар қара күшке сүйенген, онша оқымай қалған жастарға қажет-ақ. Бұл кез келген жастардың өзін жетілдіруге ықпалын тигізеді деп ойлаймын. Діни институттардың тәрбие бағытында орны бөлек шығар. Бірақ бағыты дұрыс болу керек-ау. Жастар қол шоқпарға айналмау керек. Сондықтан да, діни, мәдени, ағартушылық сауаты болса, ақ-қарасын ажыратып алуға қабілеті болар еді. Жоғарыда аталған институттар бос жүрген жастар үшін өте қажет сияқты» (М, 32).

Діни институттардың элементтері де Тараз қаласында бес жылдан астам тұратын фокус-топ қатысушыларының пікірінше, ауыл жастары үшін әлеуметтік лифт тегігі ретінде қарастырылмайды немесе ол бейтарап сипатқа ие болған.

«Енді біздің дін саласында жүрген адамдардың әлеуметтік жағдайы, әлеуметтік статусы мықты деп айта алмаймын. Әрине қай жақтан болсын білген дұрыс қой. Дін жағынан болсын, тіл жағынан болсын, жан-жақтан мықты болу керек деп ойлаймын» (Ж, 24).

«Дін ештеңеге әсер етпейді. Адамның өзінің дамуына дін әсер етпейді. Адамның өзіне байланысты» (Ж, 27).

«Шыны керек өзіміз үшін зой енді, әркім өзіне не істемесе» (Ж, 31).

«Жаңағындай дін арқылы көтерілген адамды көрген жоқпын» (Ж, 27).

Дәл осы ұстанымды Түркістан қаласында бір жылдан уақыт тұратындарда көрсетті.

«Бізде енді зайырлы мемлекет болғаннан кейін діни институттардың ықпалы зор деп айта алмаймын. Ықпалын да әзірге көріп жатқан жоқпыз. Зайырлы мемлекетпіз ғой, ол дін туралы ештеңе деп айта алмаймын» (М,34).

Түркістан қаласында бір жыл тұрған фокус-топ қатысушылары еліміздің білім беру жүйесін әлеуметтік лифт тетігі ретінде қарастыра алады.

«Негізі білім ғой. Менің ойымша тіпті 100% деп айтуға болады. Көп нәрсе білімге қатысты болады ғой. Менің ойымша жаңағы, дін емес, басқа емес, армияға алып кету емес. Ең басты фундамент ол білім қалыптастырады ғой» (М,34).

Тек қана бір айта кететін жайт, ауыл мектептеріндегі білімнің сапасы толыққанды емес деп санайтындар да кездеседі. Ауылдық мектептердегі білімнің сапасын төмен деп санауға мүмкіндік беретін бірнеше себептерді осы фокус-топ қатысушылары атап көрсетті.

«Негізі мен де сол білім жағынан ойлаймын. Өйткені, қалалық жерге қарағанда ауылдық жерде білім төмендеу болып келеді. Қадағалау жоқ деген сияқты ғой. Құрал-жабдықтардың жетіспеушілігі. Білікті мамандардың ауылға бармауы. Сол жағынан мен ойлаймын, тек қана білім жағын көтерсек, біз жақсы болып шығамыз деп».

Осылайша, жастардың өміріндегі әлеуметтік лифттердің рөлі - бұл өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндігі, одан әрбір жас азамат «дивидендтер» түріндегі рухани және материалдық игіліктерді ала алады. Бұл зерттеудің ерекшелігі жоғарыда аталған мансап жолындағы маңызды тенденцияларды анықтауға мүмкіндік береді: консервативті жүйеге қарсылық пен игі іс жолында әрекет; дағдарыс кезіндегі ерік-жігердің икемсіздігі; мансап құру жолының жаңалығы және әлеуметтік лифтті пайдалану тәсілі. Осылайша, әлеуметтік мобильділік кез келген адамның мансаптық өсуге, табысқа жетуіне, мойындалуына, әлеуметтік байланыстарына және қоғамның жоғары табына енуіне мүмкіндік береді.

Қорытынды

Зерттеуге қатысқан барлық жастар үшін ауыл жастарының қалаға көшуінің негізгі себептері – жоғары білім алу, тұрақты жұмыс табу, жаңа мүмкіндіктер іздеу, балаларының болашағы, кәсіби маман ретінде даму мүмкіндігінің жоғарылығы, ауылдағы инфрақұрылымдық мүмкіндіктердің шектеулілігі, жұбайының қалаға жұмысқа ауысуы. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, жастарда қалаға қоныс аударуға итермелейтін факторлардың қатарына материалдық әл-ауқатты жақсартуға бағытталған мақсатпен қоныс аударады. Сонымен қатар, өз бизнесін құруға бағытталғандар да кездеседі, яғни жастардың айтарлықтай кәсіпкерлік әлеуеті анықталды. Жастардың бір бөлігін белгілі бір салада жоғары кәсібилікке жетуге бағытталғандарды біріктіреді.

Қоныс аударғаннан кейін қатысушылардың барлығы дерлік тұрақты баспана, еңбекақысы жоғары жұмыс және азық-түлік бағасының қымбатшылығы секілді қиындықтарға тап болды. Дегенмен, көпшілігі туыстарының, достарының және таныстарының арқасында қалада тез

бейімделе алды. Кейбіреулер оқуға түсу сияқты көшу мақсаттарына қол жеткізе алса да, әлі де жетістікке жетуге тырысатындар бар. Зерттеуге қатысушылардың кейбіреулері жаңа әлеуметтік ортаға кіру және қалаға көшкеннен кейін кәсіби тұрғыдағы жетістіктерін жеке жетістік деп санайды. Сонымен қатар, зерттеуге қатысушылар көбінесе білім беру олардың кәсіби дамуында маңызды рөл атқарғанын, ал жақындарының қолдауы қалада тұрақтап қалуындағы айрықша рөлін атап өтті.

Зерттеу барысында ауылдан қалаға көшіп-қонушылардың тез әлеуметтік бейімделуіне кедергі келтіретін келесі негізгі факторларға тілдік кедергілер (қазақ тілінің қаладағы қолданыс аясының тарлығы), баспана мәселесі (жалдамалы пәтер құнының қымбат болуы), қала тұрғындарының ментальдық тұрғыдағы айырмашылықтары жатады. Сонымен қатар, қалаға жылдам бейімделгендер де кездесті. Өңірлік бөліністе Түркістан қаласының тұрғындары ауа-райының қолайсыздығына байланысты туындаған қиындықтарды да атап көрсетті.

Зерттеуге қатысушылар бейімделу процесінде әлеуметтік лифт ретінде бірінші кезекте білім мен отбасын көрсетті. Тұтастай алғанда, қатысушылар жас маман жеке және кәсіби даму мүмкіндіктеріне ие бола отырып, өз күштерінің арқасында өз мақсаттарына қол жеткізе алады деп санайды. Непотизмнің ықпалына қатысты, тек мемлекеттік қызмет саласында қатысушылар кедергілердің бар екенін атап өтті, оларды тек ықпалды адамдардың немесе сыбайлас жемқорлықпен күресудің көмегімен еңсеруге болады.

Жастардың қалаға бейімделу стратегиялары тұтастай алғанда өмірлік стратегиялардың бір бөлігі ретінде өмірлік стратегиялардың осы динамикалық мәнін көрсетеді және оларды үнемі түрлендіру, жаңарту және оның сын-қатерлеріне сәйкестендіру қажеттілігімен сипатталады.

Зерттеуге қатысушылар еліміздің білім беру жүйесін әлеуметтік лифт тетігі ретінде қарастыра алады. Тек қана бір айта кететін жайт, ауыл мектептеріндегі білімнің сапасы толыққанды емес деп санайтындар басым. Ауылдық мектептердегі білімнің сапасын төмен деп санауға мүмкіндік беретін аргументтерге ауыл мектептерінде педагог мамандардың тапшылығы (математика, физика, химия, орыс тілі, ағылшын тілі пәндері бойынша); тұлғалық даму мүмкіндіктері шектеулі (спорттық, шығармашылық, тіл үйірмелерінің ұйымдастырылмауы); әлеуметтік лифт ретіндегі білімнің барлық мүмкіндіктері берілмейді. Атап айтатын болсақ, фокус-топ қатысушылары академиялық мобильділік арқылы шетелде оқу, «Болашақ» бағдарламасының мүмкіндіктері туралы мүлдем хабарсыз. Түркістандық және қызылордалық қатысушылар да ауыл жастары үшін еліміздегі білім беру жүйесін әлеуметтік лифт механизмінің әлеуетін арттыра алады деп бағалайды. Білім ауыл жастары үшін әлеуметтік лифт тетігі ретінде адамның беделін арттыруға, ғылым әлемі мен жұртшылықтың мойындауына, биліктің әрекетіне қатысты объективті ұстанымын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Тараздық қатысушылар пікірінше, саяси институттар (партиялар) ауыл жастары үшін әлеуметтік лифт механизмі ретінде әлеуметтік ахуалды

жақсартуда аса қатты рөл ойнамайды. Қызылордалық қатысушылар ауыл жастары үшін саяси партиялар әлеуметтік лифт бола алады деп пайымдайды. Діни институттар (мешіт, шіркеу) ауыл жастары үшін әлеуметтік лифт бола алмайды деп санайтындардың үлесі әлдеқайда басым.

Зерттеуге қатысушылар әр түрлі курстардан өтуге және қажетті білім алуға мүмкіндік беретін кез келген ақпаратқа қол жетімділіктің арқасында интернет жастардың дамуында маңызды рөл атқарады деп санайды. Қатысушылар әлеуметтік желілердің дамуы арқасында пайда болған және қазіргі жастар үшін танымал табыс көздеріне және кәсіпкерлік саласы үшін ілгерілеу көздеріне айналған «жаңа» мамандықтарды атап өтті.

Жалпы алғанда, саяси және діни институттарды қатысушылар әлеуметтік лифт тетіктері ретінде сирек атап өтті. Кейбір қатысушылар әлі де діни институттар жастардың рухани дамуына қолдау көрсете алады, сол арқылы өмірдің барлық салаларына жақсы ықпал етеді деп санайды. Сонымен қатар, кейбір респонденттер әлеуметтік жағдайды көтеру және жақсарту тәсілі бола алатын әскери институттардың рөлін атап өтті.

Қаржыландыру: Бұл зерттеуді Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды (№ АР15473328 гранты).

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Мұханова А.Е., Смагулова Ж.Б., Бельгибаева А.С. Молодежная политика в сельской местности: необходимость изменения акцентов // Проблемы агрорынка. 2023; (1):199-208.
2. Лисовский, В.Т. Социология молодежи: учеб. / В.Т. Лисовский.-Санкт-Петербург: Санкт-Петербургский университет, 2012. – 460 с.
3. Мемлекеттік жастар саясатының жағдайы: қажеттіліктер мен әлеуметтік тәжірибелер / Аюпова Р.Р., Кәрімова Ж.К., Калдыбаева О.В., Алинова З.Т. Астана: «Жастар» ҒЗО, 2018. – 101 б.)
4. Атырау облысы жастарының әлеуметтік жай-күйі. Астана: «Жастар» ҒЗО, 2018. - 123 бет
5. Қазақстан жастары -2021: Тәуелсіздікке - 30 жыл» ұлттық баяндамасы. Авторлар ұжымы: Азербайев А. Д., Ашимханова Д. Э., Нашенова Г. Б., Нурбаев Ж. Е., Родионов А. Н., Рыстина И. С., Ахантаева С. Ж., Затилла Н. Ж., Макашева А. Т., Паули Э. С., Руднева Е. А., Сакошев А. К., Тезекбаева З. С.

REFERENCES:

1. Muhanova A.E., Smagulova Zh.B., Belgibaeva A.S. Molodezhnaja politika v sel'skoj mestnosti: neobhodimost' izmenenija akcentov [Youth policy in rural areas: the need to change emphasis] // Problems of the agricultural market. 2023; (1):199-208.
- 2.Lisovskij, V.T. Sociologija molode-zhi: ucheb [Sociology of youth: textbook] / V.T. Lisovsky. - St. Petersburg: St. Petersburg University, 2012. - 460 p.
- 3.Memlekettik zhastar sajasatynuz zhagdajy: qazhettilikter men aleumettik tazhiribeler [State youth policy situation: needs and social practices] /Ajupova R.R., Karimova Zh.K., Kaldybaeva O.V., Alinova Z.T. – Astana: «Youth» SRC, 2018. – 101 b.)
- 4.Atyrau oblysy zhastarynyn aleumettik zhaj-kyji [Social condition of youth of Atyrau region]. Astana: SRC "Youth", 2018. - 123 pages.
- 5.Qazaqstan zhastary -2021: Tauelsizdikke - 30 zhyl» ulttyq bajandamasy [Youth of Kazakhstan - 2021: 30 years of independence" national report]. Author team: Azerbaev A. D., Ashimkhanova D. E., Nashenova G. B., Nurbaev Zh. E., Rodionov A. N., Rystina I. S., Akhantayeva S. Z., Zatilla N. Zh., Makasheva A. T., Pauly E. S., Rudneva E. A., Sakoshev A. K., Tezekbayeva Z. S.